

# ve"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
(2018 жылдың 07 қыркүйегіндегі  
№ 26 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2018 жылдың 17 қыркүйегінен бастап –  
қор нарығы үшін;

2018 жылдың 01 қазанынан бастап –  
валюталық нарық және  
деривативтер нарығы үшін

**қолданысқа енгізілді**

## Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

---

---

Алматы қ.

2018

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

**1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылдың 12 желтоқсанындағы № 37 отырыс хаттамасы);
- 2018 жылдың 13 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

**2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2019 жылдың 29 қаңтарындағы № 5 отырыс хаттамасы);
- 2019 жылдың 18 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

**3. № 3 толықтырулар мен өзгертулер:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2019 жылдың 26 сәуіріндегі № 23 отырыс хаттамасы);
- 2019 жылдың 01 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.

**4. № 4 толықтырулар мен өзгертулер:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2019 жылдың 28 мамырындағы № 26 отырыс хаттамасы);
- 2019 жылдың 29 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.

**5. № 5 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі № 45 отырыс хаттамасы);
- 2019 жылдың 03 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

**6. № 6 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2020 жылдың 29 маусымындағы № 24 отырыс хаттамасы);
- 2020 жылдың 03 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

**7. № 7 өзгерту:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі № 37 отырыс хаттамасы);
- 2020 жылдың 01 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

**8. № 8 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2020 жылдың 11 қарашасындағы № 39 отырыс хаттамасы);
- 2020 жылдың 30 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

**9. № 9 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2021 жылдың 08 маусымындағы № 41 отырыс хаттамасы);
- 2021 жылдың 14 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

**10. № 10 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2021 жылдың 23 маусымындағы № 42 отырыс хаттамасы);
- 2021 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

**11. № 11 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2021 жылдың 23 маусымындағы № 42 отырыс хаттамасы);
- 2021 жылдың 07 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

**12. № 12 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2021 жылдың 29 қарашасындағы № 67 отырыс хаттамасы);
- 2021 жылдың 20 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

**13. № 13 өзгертулер:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2022 жылдың 18 қаңтарындағы № 1 отырыс хаттамасы);
- 2022 жылдың 19 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

**14. № 14 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2022 жылдың 28 наурызындағы № 10 отырыс хаттамасы);
- 2022 жылдың 29 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

**15. № 15 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2022 жылдың 01 шілдесіндегі № 21 отырыс хаттамасы);
- 2022 жылдың 04 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

**16. № 16 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2022 жылдың 27 шілдесіндегі № 23 отырыс хаттамасы);
- 2022 жылдың 22 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

**17. № 17 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2023 жылдың 26 шілдесіндегі № 18 отырыс хаттамасы);
- 2023 жылдың 27 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығын туралы" заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2018 жылдың 29 қазанындағы № 254 қаулысымен бекітілген, Қаржы құралдармен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылдың 24 ақпанындағы № 59 қаулысымен бекітілген, Клирингілік ұйымда тәуекелдерді басқару жүйесіне, клирингілік ұйымда мониторинг жүргізу шарттары мен тәртібіне, тәуекелдерді бақылау мен басқаруға қойылатын талаптарға, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2016 жылдың 28 қаңтарындағы № 10 қаулысымен бекітілген, Орталық контрагенттің қызметін жүзеге асыру ережелеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2016 жылдың 28 қаңтарындағы № 11 қаулысымен бекітілген, Орталық контрагенттің тәуекелдерін басқару жүйесіне, орталық контрагенттің тәуекелдері мониторингінің шарттары мен тәртібіне, бақылауы мен басқаруына қойылатын талаптарға және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, Биржаның қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті (осы қызмет Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңында анықталғандай) жүзеге асыру шарттары мен тәртібін анықтайды, соның ішінде Биржаның клирингілік ұйым ретінде тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру және оның қызмет ету ережелерін және Биржаның орталық контрагент функцияларын жүзеге асыру ережелерін белгілейді.

*(Осы преамбула Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*

## 1 тарау. БИРЖАНЫҢ КЛИРИНГІЛІК ҚЫЗМЕТІ

### 1 бап. Негізгі түсініктер

1. Осы Ережелерде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржаның "Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжатында және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар мен терминдер пайдаланылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. Осы Ережелерде қолданылған, өзге ұғымдар келесіні білдіреді:
  - 1) **margin-call** – Биржаның жартылай қамтамасыз етілген клирингілік қатысушыға қойылатын талаптары:
    - қор және/немесе валюта нарығында ОК-пен мәмілелер үшін пайдаланылатын сауда-клирингілік шоты бойынша бірыңғай шектелімнің теріс мәнін қор нарығының немесе осы Ережелердің валюта нарығының ерекшеліктерімен белгіленген тәртіппен теріс емес мәнге келтіру туралы;
    - осы Ережелердің деривативтер нарығының ерекшеліктерімен белгіленген тәртіппен есеп айырысу коды бойынша берешекті өтеу туралы;

*(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен толықтырылды және Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген);*

- 2) **Банк-провайдер** – Банк – дефолттарды реттеу мақсатында жайғасымдарды көшіру немесе жайғасымдарды жою мәмілелерін жасасқанда, Биржа Басқармасы осы мәміленің бір тарабы ретінде анықтаған, валюталық нарықтың клирингілік қатысушысы;
- 3) **биржалық нарық** – осы тармақта анықталған, тиісті ұғымдарға сәйкес келетін, қор нарығы, валюталық нарық және деривативтер нарығы;
- 4) **ҚБЕО-да шоты бар КҚ** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған теңгедегі корреспонденттік шоты бар және осы шот бойынша есеп айырысуды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

- Қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығы (бұдан әрі – ҚБЕО) жүргізетін, клирингілік қатысушы [\(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген\)](#);
- 5) **валюталық нарық**– Биржалық қызмет ережелеріне сәйкес Биржа клирингілік қызметті жүзеге асыратын мәмілелер бойынша Биржаның шетел валюталарының ұйымдастырылған нарығы;
  - 6) **есептесу күні** – қандай да бір қаржы құралы бойынша міндеттемелерді орындау бойынша Биржа есеп айырысуларды жүзеге асыратын, күн;
  - 7) **дефолт** – клирингілік қатысушының өз міндеттемелерді (уақытылы немесе тиісті ) орындамауы;
  - 8) **ерікті провайдер** – осындай сауда-клирингілік шотта есепке алынатын қажетті бағалы қағаздар болған жағдайда, осы Қағидаларда анықталған тәртіппен жайғасымдарды ауыстыру процедурасын жүзеге асыру шеңберінде өтініште көрсетілген клиенттік сауда-клирингілік шотты пайдалана отырып, биржа өз атынан Орталық комитетпен мәмілелер жасасқан кезде тарап ретінде әрекет етуге келісу туралы өтініш берген қор нарығының клирингілік қатысушысы [\(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген\)](#);
  - 9) **бірыңғай шектелім** – валюталық және/немесе қор нарығының клирингілік қатысушысының сауда-клирингілік шотында (меншікті немесе клиенттік) қамтамасыз етудің жеткіліктілігін өлшейтін, өтінімдер беру және "жартылай қамтамасыз етілген" мәмілелер жасасу үшін қажет, теңгемен көрсетілген мөлшер [\(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген\)](#);
  - 10) **кастодиан** – Биржалық қызметтің ережелерінде анықталған және клирингілік қатысушы мәртебесіне иеленген, заңды тұлға;
  - 11) **клиринг (қаржылық құралдармен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызмет)** – қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша нетто және (немесе) гросс негізінде клирингілік қатысушылардың талаптары және (немесе) міндеттемелері туралы ақпаратты анықтау, тексеру және беру үдерісі;
  - 12) **гросс негіздегі клиринг** – әрбір жасалған мәміле бойынша орындалуға жататын талаптар мен міндеттемелерді анықтау үдерісі, сондай-ақ оларды орындау үшін негіз болып табылатын құжаттарды (ақпаратты) дайындау және беру [\(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген\)](#);
  - 13) **нетто негіздегі клиринг** – клирингілік қатысушылардың өздері жасасқан мәмілелердің неттингін жүзеге асыру нәтижесінде туындаған, орындалуға жататын талаптарды және (немесе) міндеттемелерді анықтау үдерісі, сондай-ақ жасалған мәмілелер бойынша талаптарды және (немесе) міндеттемелерді тоқтату және осы мәмілелердің неттинг нәтижелері бойынша талаптардың және (немесе) міндеттемелердің туындауы үшін негіз болып табылатын құжаттарды (ақпаратты) дайындау және беру;
  - 14) **клирингілік сессия** – сауда-саттық сессияларда жасалған мәмілелердің нәтижелері бойынша Биржа клирингілік қызметті жүзеге асыратын, клирингілік есептерді, сондай-ақ, "Клирингілік қызметті жүзеге асыру регламенті" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес есептесулерді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттарды

- қалыптастыратын, Биржаның операциялық күнінің бір бөлігі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 15) **клирингілік жүйе** – қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асырғанда қолданылатын және, осы қызметті жүзеге асыру шегінде Биржамен орындалуы тиіс әрекеттерді автоматтандыруға арналған, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені;
- 16) **клирингілік бөлімше** – негізгі функциясы қаржы құралдармен жасалған мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қызметін жүзеге асыруы үшін қажетті әрекеттерді орындау болып табылатын, Биржаның құрылымдық бөлімшесі;
- 17) **клирингілік күн** – қандай да бір қаржы құралымен жасалған мәміле бойынша Биржа клирингілік жүзеге асыратын, күн;
- 18) **клирингілік есеп** – Биржа клирингілік қатысушыға беретін және клирингілік жүзеге асыру нәтижесінде туындаған клирингілік қатысушының міндеттемелері мен талаптары туралы мәліметтерді, margin-call (бар болса) туралы мәліметтерді және осы Ережелерде анықталған өзге де ақпаратты қамтитын құжат *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 19) **клирингілік шот** – Биржаның клирингілік жүйесіндегі клирингілік қатысушыға (меншікті) немесе оның клиентіне (клиенттік) берілген, мәмілелер, өтінімдер, есеп айырысуларға аударымдар, қамтамасыз ету аударымдары және қамтамасыз ету шектелімдерін белгілеу жөніндегі өзге де операциялар бойынша нетто-негізде есептелетін қаржы құралдары бойынша қамтамасыз ету, талаптар мен міндеттемелер туралы ақпаратты есепке алуға арналған шот *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
- 20) **клирингілік қатысушы** – Биржамен клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шарт жасасқан, заңды тұлға;
- 21) **қамтылмаған клирингілік қатысушы** – қамтуды аударусыз сауда-саттыққа қатысатын, клирингілік қатысушы;
- 22) **толық қамтылған клирингілік қатысушы** – қандай да бір қаржы құралы бойынша жасалған мәміле бойынша туындаған нетто-міндеттемелерін орындау үшін қажетті көлемде қамтудың бар болу шартымен сауда-саттыққа қатысатын, клирингілік қатысушы;
- 23) **жартылай қамтылған клирингілік қатысушы** – осы Ережелермен белгіленген тәртіпте маржалық қамтуды қалыптастыру шартымен сауда-саттыққа қатысатын, клирингілік қатысушы;
- 24) **Орталық депозитарийдегі KASE корреспонденттік шоты** – Биржаның "Қор нарығында орталық контрагентпен жасалған мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру ережелері" (бұдан әрі – Бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу ережелері) ішкі құжатына сәйкес, қор нарығында ОК-пен жасалатын мәмілелер, тек қана ақшалай қамтамасыз етуді аударуға және ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыруға арналған, Орталық депозитарийдегі Биржаның корреспонденттік шоты;
- 25) **кепілді қамтамасыз ету** – өтінімдер беру және мәмілелер жасасу үшін, сондай-ақ міндеттемелерді орындау үшін қажетті деривативтер нарығының клирингілік қатысушысының әрбір сегрегацияланған сауда-клирингілік шотында / агрегацияланған сауда-клирингілік шотта

- / есеп айырысу кодында қамтамасыз етудің жеткіліктілігін өлшейтін, теңгемен көрсетілген шама *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*;
- 26) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен алынып тасталған)*;
- 27) **Ұлттық Банк** – "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі" мемлекеттік мекемесі;
- 28) **неттинг** – белгілі бір клирингілік шот бойынша есепке алынатын, өзара есеп айырысу арқылы қаржы құралымен жасалған мәміле нәтижесінде туындаған, талаптар мен міндеттемелерді толық немесе жартылай тоқтатылуы;
- 29) **нетто-міндеттеме** – неттингтің нәтижесіндегі міндеттеме;
- 30) **нетто-жайғасым** – нетто-талап және/немесе нетто-міндеттеме;
- 31) **нетто-талап** – неттинг нәтижесіндегі талап;
- 32) **қамту** – клирингілік қатысушы жасасатын мәмілелерді қамтамасыз ету ретінде, сондай-ақ оның нетто-міндеттемелерін орындау ретінде есепке алынатын, есеп айырысу ұйымындағы ақша және/немесе бағалы қағаздар;
- 33) **шектеу лимиті** – нәтижесінде оның мәні белгіленген шектеу лимитінің мәнінен аз болатын операцияларды жасауға мүмкіндік бермейтін сауда-клирингілік шотының бірыңғай лимитіне қатысты Биржа белгілейтін, шектеу;
- 34) **ақпараттық технологиялар бөлімшесі** – Биржаның ақпараттық жүйесін әзірлеуді, оның жұмыс сапасын қолдауды және жақсартуды жүзеге асыратын, биржа бөлімшесі;
- 35) **тәуекелдерді басқару бөлімшесі** – тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, сондай-ақ тәуекелдерді бақылау және тәуекелдерді басқару әдістері тиімділігінің мониторингін жүзеге асыратын, Биржаның бөлімшесі;
- 36) **"жайғасым"** – қандай да бір тұлғаның, биржалық сауда-саттыққа қатысуы нәтижесінде пайда болған, ең алдымен осы тұлғаның жасасқан мәмілесінің нәтижесі болып табылатын, міндеттемесі немесе талабы.
- 37) **полное покрытие** – жасалған мәмілелер мен берілген өтінімдер бойынша туындайтын, орындалуы есеп айырысудың әрбір күніне нетто-талаптарды және (немесе) есеп айырысудың алдыңғы күндеріндегі нетто-міндеттемелерді ескере отырып, нетто-міндеттемелердің ең жоғары мәніне әкелетін қаржы құралдарындағы нетто-міндеттемелердің толық қамтамасыз етілуінің болуын тексеру жүзеге асырылатын ОК-пен жасалған мәмілелер жасасу шарты *(осы тармақша Биржаның директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 38) **бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы** – биржалық қызмет қағидаларына сәйкес бақылау және қамтамасыз ету жүйесіне рұқсат берілген кастодиан болып табылатын қор нарығының клирингілік қатысушысы;
- 39) **"қысқа сатуға тыйым" белгісі** – ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде қор нарығында өтінімдер қоюға мүмкіндік бермейтін, бағалы қағаздар



бойынша оларды жасасу нәтижесінде туындайтын міндеттемелер бойынша толық көлемде қамтамасыз етудің болмауына әкеп соғатын белгілі бір бағалы қағазға/сауда-клирингілік шотқа/клирингілік қатысушыға қатысты шектеу;

- 40) **"қамтамасыз етілмеген сатып алуға тыйым" белгісі** – ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде мәмілелер жасасуға қор нарығында өтінімдер қоюға мүмкіндік бермейтін, белгілі бір валютаға/сауда-клирингілік шотқа/клирингілік қатысушыға қатысты оларды жасасу нәтижесінде туындайтын ақша бойынша міндеттемелер бойынша толық көлемде қамтамасыз етудің болмауына әкеп соғатын, шектеу;
- 41) **KASE бөлімі** – нетто негіздегі клиринг қорытындылары бойынша және гросс негіздегі клиринг қорытындылары бойынша ОК-сыз мәмілелер бойынша бағалы қағаздардағы міндеттемелер мен талаптарды орындау бойынша, бағалы қағаздармен енгізілген қамтамасыз етуді есепке алу және ОК-пен мәмілелер бойынша бағалы қағаздармен нетто-міндеттемелерді және нетто-талаптарды орындау мақсатында Орталық депозитарийдің ережелер жиынтығына сәйкес Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған, жеке шоттың "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі бар қосалқы шоттың бөлімі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
- 41-1) **Репо бөлімі** – сатып алу-сату бағыты бар ОК-сыз репо операциясына жататын ашылу мәмілесін орындау кезінде бағалы қағаздарды бұғаттау мақсатында, Орталық депозитарийдің ережелер жиынтығына сәйкес Орталық депозитарийде ашылған жеке шоттың "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі бар қосалқы шоттың бөлімі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
- 41-2) **GC Global бөлімі** – клирингілік қатысушы мүлктік пулға енгізілген, бағалы қағаздарды есепке алу мақсатында, Орталық депозитарийдің ережелер жиынтығына сәйкес Орталық депозитарийде ашылған жеке шоттың "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі бар қосалқы шоттың бөлімі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
- 42) **есеп айырысу бөлімшесі** – негізгі функциясы валюталық нарықта және деривативтер нарығында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру болып табылатын, Биржаның құрылымдық бөлімшесі;
- 43) **"Есеп айырысуларға аударымдар" тәртіптемесі** – "ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінің сауда-саттық тәртіптемелерінің және операцияларының тізімдері" ішкі нормативтік құжатымен белгіленген, бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылар активтерді мақсатты орналастыруды бақылау функцияларын жүзеге асыру және бақылау мен қамтамасыз ету пайдаланушысы клиентінің мүдделерінде ОК-пен сауда-саттық тәртіптемелер жасалған мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелердің орындалуын аудару мақсатында пайдаланатын ASTS+ сауда-клирингілік жүйесіндегі тәртіптемелер;
- 44) **"Қамтамасыз етудің аударымдары" тәртіптемесі** – Биржаның "ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінің сауда-саттық және операциялар тәртіптемелерінің тізімдері" ішкі құжатымен белгіленген, ақшамен немесе бағалы қағаздармен қамтамасыз етуді аудару бойынша операцияларды жүзеге асыру немесе сауда-клиринг шоттарына (қаржы құралдарын сегрегациялау/агрегациялау) ақшамен немесе бағалы қағаздармен қамтамасыз ету шектелімдерін белгілеу



- мақсатында пайдаланылатын ASTS+ сауда-клирингілік жүйесіндегі тәртіптемелер;
- 45) **ОК-пен тәртіптемелер** – бұл тәртіптемелер "ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінің сауда-саттық және операциялар тәртіптемелерінің тізімдері" ішкі нормативтік құжатымен анықталған, оларды пайдалана отырып, Биржа орталық контрагент функцияларын жүзеге асырумен мәмілелер жасалады;
- 46) **деривативтер нарығы** – "фьючерстер" секциясында айналыста жүрген, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қызметті жүзеге асыратын, Биржаның туынды қаржы құралдардың ұйымдастырылған нарығы;
- 47) **ОК-сыз жасалған мәмілелер** – Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелерінде анықталған, Биржа орталық контрагент функциясын жүзеге асырмайтын, мәмілелер;
- 48) **ОК-пен жасалған мәмілелер** – Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелерінде анықталған, Биржа орталық контрагент функцияларын жүзеге асыратын, мәмілелер;
- 49) **кепілдік жарналардың шоттары** – Биржаның "Ақшаларды ішкі есепке алу және биржалық сауда-саттықтар бойынша есептесулер кезінде құжаттарды рәсімдеу ережелері" атты ішкі құжатына сәйкес клирингілік қатысушыға ашатын және осы Ережелерге сәйкес биржалық нарықтардың (биржалық нарықтар секцияларының) кепілдік қорларына кепілдік жарналарын төлеу мақсатында клирингілік қатысушы аударатын ақшаларды есепке алуға арналған, Биржаның ішкі есепке алу жүйесіндегі кепілдік жарналарды есепке алудың шоттары/қосалқы шоттары;
- 50) **қамтамасыз ету шоттары** – клирингілік қатысушының "Биржалық сауда-саттық бойынша есеп айырысулар кезінде ақшаны ішкі есепке алу және құжаттарды рәсімдеу ережелері" атты ішкі құжатына сәйкес ашылатын және деривативтер нарығында, ОК-пен мәмілелер бойынша валюталық және қор нарығында нетто-міндеттемелерді және нетто-талаптарды қамтамасыз етуді және орындауды есепке алу мақсатында аударылатын ақшаны есепке алуға арналған теңгемен немесе шетел валютасымен Биржаның есепке алудың ішкі жүйесіндегі шоттары / қосалқы шоттары (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы, 2020 жылдың 11 қарашасындағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген*);
- 51) **сауда-саттық бөлімшесі** – сауда-саттықты ұйымдастыру бойынша функцияларды атқаратын, Биржаның құрылымдық бөлімшесі;
- 52) **1-ші деңгейдегі сауда-клирингілік шот (бұдан әрі – сауда-клирингілік шот)** – 1-ші деңгейдегі сауда-саттық шотының жиынтығы болып табылатын және онымен клирингілік шоттың коды бойынша сәйкес келетін, сауда-саттыққа клирингілік қатысушы – қатысушыға берілген Биржаның сауда-клирингілік жүйесіндегі шот (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген*);
- 52-1) **1-ші деңгейдегі сауда-саттық шоты (бұдан әрі-сауда-саттық шоты)** – клирингілік қатысушы (меншікті) болып табылатын сауда-саттыққа қатысушыға немесе оның клиентіне (клиенттік) ашылған, сауда-саттыққа қатысушының мәмілелер, өтінімдер, есеп айырысуларға аударымдар, қамтамасыз ету аударымдары және сауда-саттық жүйесінде қамтамасыз ету шектелімдерін белгілеу жөніндегі өзге де операциялар туралы ақпаратты есепке алуға арналған Биржаның

- сауда-саттық жүйесіндегі шот *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
- 52-2) **уәкілетті орган** – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген)*;
- 52-3) **2-ші деңгейдегі сауда-клирингілік шоты** – сауда-саттыққа уәкілетті қатысушының 2-ші деңгейдегі сауда-саттық шотының және бақылау және растау жүйесі пайдаланушысының 1-ші деңгейдегі сауда-клирингілік шотының жиынтығы болып табылатын, Биржаның сауда-клирингілік жүйесіндегі шот *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
- 52-4) **2-ші деңгейдегі сауда-саттық шоты** – сауда-саттыққа уәкілетті қатысушыға ашылған, сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы жасасатын мәмілелер, өтінімдер, есеп айырысуларға аударымдар және 1-ші деңгейдегі сауда-клирингілік шотта қамтамасыз етудің белгіленген шектелімдерін бақылауға байланысты өзге де операциялар туралы ақпаратты есепке алуға арналған Биржаның сауда-саттық жүйесіндегі шот *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
- 52-5) **уәкілетті сауда-саттыққа қатысушы** – бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы Биржалық қызмет ережелеріне сәйкес өз клиентінің атынан мәмілелер жасасуға уәкілеттік берген сауда-саттыққа қатысушы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
- 52-6) **сауда-саттыққа қатысушы** – Биржалық қызмет ережелеріне сәйкес Биржаның сауда-клирингілік жүйесінде мәмілелер жасасуға құқығы бар Биржа мүшесі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
- 52-7) **мүліктік пулдың сауда-клирингілік шоты (бұдан әрі – МП шоты)** – сауда-клирингілік шоттарды ашуды, жүргізуді және жабуды регламенттейтін Биржаның ішкі құжатына сәйкес Биржа ашатын және қаржы құралдары туралы ақпаратты есепке алуға арналған, пулға қатысушы мүліктік пулға енгізетін, сондай-ақ көрсетілген қаржы құралдарымен мәмілелер, өтінімдер және өзге де операциялар арналған, Биржаның сауда-клирингілік жүйесіндегі тіркеу жазбалары мен басқа да белгілердің жиынтығы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
- 53) **қаржы құралы** – солармен жасалған мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қызметті жүзеге асыратын, ақшалар (теңге, шетел валютасы) бағалы қағаздар, соның ішінде туынды қаржы құралдары, сондай-ақ өзге қаржы құралдары *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 53-1) **мүліктік пулға енгізілетін қаржы құралдары** – Биржа белгілі бір мүліктік пулдың құрамына енгізуге рұқсат етілген ретінде анықтайтын, қаржы құралдары *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
- 53-2) **мүліктік пулға енгізілетін қаржы құралдары** – мүліктік пул туралы шарт жасасқан клирингілік қатысушы клирингілік қатысу сертификаттарын шығару мақсатында МП шотына белгілі бір

мөлшерде енгізетін қаржы құралдары *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;

- 54) **қор нарығы** – қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қызметті жүзеге асыратын, Биржаның ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы;
- 55) **Орталық депозитарий** – қор нарығында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыратын, "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ;
- 56) **орталық контрагент** – Биржаның сауда-саттық жүйесінде қаржы құралдарымен жасалатын, мәмілелердің бір тарабы болып табылатын, заңды тұлға;
- 57) **жартылай қамтамасыз ету** – осы Ережелерге сәйкес олар бойынша міндеттемелерді орындау сәтіне дейін қамтамасыз етудің жеткіліктілігін бақылау жүзеге асырылатын, ОК-пен жасалған мәмілелер жасасу шарты *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
- 58) **сауда-саттық шектелімі** – осы Ережелердің деривативтер нарығының ерекшеліктеріне сәйкес анықталатын ақша сомасы, оның шегінде деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы мәмілелер жасасуға құқылы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)*;
- 59) **есеп айырысу коды** – берілетін өтінімдер мен жасалған мәмілелерді қамтамасыз ету туралы ақпаратты есепке алуға, сондай-ақ осындай мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауға арналған деривативтер нарығының сауда-саттық / сауда-клирингілік жүйесіндегі шот *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)*;
- 60) **пулға қатысушы** – мүліктік пул туралы келісім-шартқа қосылған және клирингілік қатысу сертификаттарын шығару мақсатында Биржаның мүліктік пулына мүлікті енгізген клирингілік қатысушы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

3. Осы Қағидада анықталған терминдер Биржаның басқа да ішкі құжаттарында, қызметтік құжаттамада және Биржаның хат-алмасуында және, Биржа солар бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыратын, мәмілелерге қатысты биржалық ақпараттарда қолданылуы мүмкін. Егер өзгесі осы Ережелердің контекстінен туындамаса, сөздердің меншіктіше түріне көпше түрі де жатқызылады, және керісінше, ал қандай да бір септіктегі сөзге сілтеме, басқа септіктердегі осы сөздердің барлығына қатысты болады.

## 2 бап.

### Клирингілік қызметті жүзеге асырудың жалпы қағидалары

1. Биржа клирингілік қызметті орталық контрагенттің функцияларын орындай отырып және Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелерінде анықталған мәмілелерге қатысты орталық контрагенттің функцияларын орындамай жүзеге асырады.
2. Нетто-негіздегі клиринг ОК-пен жасалған мәмілелер бойынша жүзеге асырылады, гросс-негіздегі клиринг осы Ережелерде анықталған биржалық нарықтар үшін белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, ОК-сыз жасалған мәмілелер бойынша жүзеге асырылады.

3. Клирингтік қатысушы мәртебесін беру және алу тәртібі, клирингтік қатысушылардың санаттарын белгілеу, сондай-ақ, клирингтік қатысушы мәртебесін алуға ниеттенген ұйымдарға және клирингтік қатысушыларға қойылатын талаптар, клирингтік қатысушының санатын белгілеу үшін талаптар, клирингтік қатысушылардың құқықтары мен міндеттері Биржаның "Клирингтік қатысушылар туралы қағида" (бұдан әрі – Қағида) атты ішкі құжатында анықталады.
4. ОК-пен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі Қағидаға сәйкес Биржа Басқармасы белгілі бір биржалық нарықтың клирингтік қатысушысына берген санаттың түріне, сондай-ақ осы баптың 7 тармағына сәйкес белгілі бір қаржы құралына қатысты белгіленген ерекшеліктерге байланысты анықталады.  
ОК-сыз жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі белгілі бір биржалық нарықтың ерекшеліктеріне сәйкес анықталады.
5. Қағидаға сәйкес, Қазақстан Республикасының орталық банкі және банктік жүйенің жоғарғы (бірінші) деңгейі болып табылатын, Ұлттық Банкке барлық биржалық сауда-саттықтарда "қамтусыз" санаты берілген.
6. Клирингтік қатысушылар мен Биржаның арасында электрондық құжаттармен алмасу eTransfer.kz<sup>1</sup> электрондық құжат алмасу жүйесі арқылы жүзеге асырылады.
7. Биржа қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті келесідей ерекшеліктерді ескере отырып, жүзеге асырады:
  - 1) қаржы құралын валюта және қор нарықтарында жартылай қамтамасыз ету шарттарында мәмілелер жасасуға рұқсат беру Т+ Тізіміне енгізілген тиісті биржалық нарық үшін белгіленген.  
Жартылай қамтамасыз ету шарттарында жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылданатын қаржы құралдары тиісті биржалық нарықтың Т+ Қамту тізіміне енгізілген қаржы құралдары болып табылады.  
Қаржы құралдарын Т+ Тізіміне(н) және Т+ Қамту тізіміне(н) енгізу/алып тастау тәртібі Биржаның "Қаржы құралдарын Т+ Тізіміне және Т+ Қамту тізіміне енгізу тәртібі" (бұдан әрі – ҚҚ енгізу тәртібі) ішкі құжатына сәйкес Биржа Басқармасының шешімі негізінде жүзеге асырылады.  
Т+ тізіміндегі қандай да бір қаржы құралына қатысты Комитеттің шешімі негізінде "Қысқа сатуға тыйым" белгісі белгіленуі мүмкін.  
Жоғарыда аталған тізімдер мерзімдік негізде қайта қаралады және Биржаның интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланады;  
(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)
  - 3) қор нарығында ОК-пен жасалатын мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі Т+ Тізіміне қандай да бір бағалы қағаздардың енгізілуіне немесе енгізілмеуіне байланысты бағалы қағаздармен сауда-саттық жүзеге асырылатын белгілі бір сауда-саттық тәртіптемесі үшін белгіленген есеп айырысу кодымен анықталған.

---

<sup>1</sup> Жеткізілуі кепілденген және криптографиялық құралдармен қорғалған, ұсынылатын мәліметтердің құпиялығы мен түзетілмеуін қамтамасыз ететін, Биржа мен клирингтік қатысушының арасындағы арнайы мамандандырылған электрондық құжатайналым жүйесі.

T + тізіміне енгізілген бағалы қағаздарға қатысты олар саудаланатын тәртіптемелердің есеп айырысу коды міндеттемелерді толық жабу шартына сәйкес келеді ("T" есеп айырысу коды).

T+ Тізіміне енгізілген бағалы қағаздарға қатысты олар саудаланатын тәртіптемесінің есеп айырысу коды міндеттемелерді жартылай қамтамасыз ету шартына сәйкес келеді (есеп айырысу коды "Y"). Y есеп айырысу коды тәртіптемесінде саудаланатын бағалы қағаз бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етуге қатысты "қысқа сатуға тыйым" белгісі белгіленуі мүмкін".

T+ Тізіміне енгізілген бағалы қағазға қатысты белгілі бір тәртіптемелер үшін мәмілелер бойынша міндеттемелерді толық жабуды көздейтін "T" есеп айырысу коды белгіленуі мүмкін.

Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілін (есеп айырысу кодтарын) көрсете отырып, қандай да бір бағалы қағаздармен мәмілелер жасалатын ОК-пен сауда-саттық тәртіптемелері "ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінің сауда-саттық және операциялар тәртіптемелерінің тізімдері" ішкі нормативтік құжатымен анықталған".

Қор нарығында ОК-сыз жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі Биржаның "Орталық контрагенттің функцияларын орындамай бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу және олар бойынша есеп айырысуларды (гросс-есептесулерді) жүзеге асыру тәртібі" ішкі құжатымен анықталған" [\(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген\)](#).

Валюта нарығында T+ Тізіміне енгізілетін шетел валюталарымен барлық мәмілелер бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету тәсілі жартылай қамтамасыз ету шарттарында жүзеге асырылады.

8. Нетто-негіздегі клиринг клирингілік сессия барысында клирингілік жүйені пайдалана отырып автоматты түрде жүргізіледі, гросс-негіздегі клиринг сауда-саттық кезінде жасалған әрбір мәміленің қорытындысы бойынша клирингілік жүйені пайдалана отырып автоматты түрде жүргізіледі.
9. Клирингілік жүйенің жұмыс тәртібі Регламентте анықталған [\(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген\)](#).
10. Гросс-негіздегі клирингті жүргізу тәртібі Биржаның "Орталық контрагенттің функцияларын орындаусыз бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу және олар бойынша есеп айырысуларды (гросс-есеп айырысуларды) жүзеге асыру тәртібі" ішкі құжатымен анықталған [\(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген\)](#).
- 10-1. Биржа орталық контрагенттің функцияларын орындайтын клирингілік ұйым ретінде Биржаның "Клирингілік қатысу сертификаттарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу жөніндегі нұсқаулық" (бұдан әрі – КҚС нұсқаулығы) атты ішкі құжатына сәйкес клирингілік қатысу сертификаттарын шығаруды жүзеге асырады [\(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген\)](#).
11. Клирингілік қатысушыларды қамтамасыз етуді қалыптастыру және пайдалану тәртібі, сондай-ақ клирингілік қорларды (кепілдік, резервтік қорлар мен мүліктік пулдарды) қалыптастыру, пайдалану және қалпына келтіру тәртібі осы Ережелердің 2 және 3 тарауларында белгіленген [\(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген\)](#).
12. Биржа, өзінің интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланатын, "Активтерді инвестициялау саясаты" атты Биржаның ішкі құжатының 2, 3 және

4 қосымшаларына сәйкес, клирингілік қатысушылардың қамтуын құрайтын ақшаларды, сондай-ақ клирингілік қорларды (кепілдік және сақтық қорлары) инвестициялауға құқылы.

13. Клирингілік қатысушылардың қамтуларын құрайтын ақшаларды, сондай-ақ клирингілік кепілдік қорларды инвестициялаудан түскен кірістер клирингілік қатысушыларға есептелмейді және төленбейді.
14. Биржа деривативтер нарығында және валюта нарығында айналыстағы қаржы құралдарымен барлық мәмілелер бойынша орталық контрагент функцияларын жүзеге асырады. Қор нарығындағы мәмілелер бойынша Биржа орталық контрагенттің функцияларын ОК-пен сауда-саттық тәртіптемесінде жасалған мәмілелер бойынша жүзеге асырады және биржалық қызмет ережелеріне сәйкес анықталатын орталық контрагент функцияларын ОК-сыз жасалған мәмілелер бойынша жүзеге асырмайды.
15. Биржаның белгілі бір биржалық нарықтарда клирингілік қызметті жүзеге асыру ерекшеліктері осы Ережелердің 4, 5, 6 тарауларында сипатталған.
16. Осы Ережелер Биржаның интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланып, Биржаның барлық клиенттеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға танысу үшін қолжетімді.
17. Егер Биржаның клирингілік ұйымның және/немесе орталық контрагенттің функцияларын орындауы үшін Биржа құпия ақпаратты қоса алғанда, орталық депозитарийден кез келген ақпаратты сұратуға құқылы. Орталық депозитарий, егер бұл Орталық депозитарийдің ішкі процедураларына тікелей қайшы келмеген жағдайда, Биржа сұратқан ақпаратты беруге құқылы (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген*).
18. Биржа клирингілік қызметті жүзеге асыра алады және орталық контрагенттің функцияларын дербес орындай алады, сондай-ақ осы функционалды Биржаның ішкі құжаттарында регламенттелген тәртіпке сәйкес бір-бірден және барлық биржалық нарықтар бойынша орталық контрагенттің функцияларын орындайтын клирингілік ұйымға бере алады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген*).

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

## **2-1 бап. Мүліктік пулды қалыптастыру және тоқтату тәртібі**

1. Мүліктік пулды қалыптастыру шарттары туралы шешімді Биржа Басқармасы қабылдайды және мынадай ақпаратты қамтиды:
  - 1) мүліктік пулдың атауы;
  - 2) клирингілік қатысу сертификатының коды (жеке белгіленімі);
  - 3) мүліктік пулды қалыптастырудың басталу күні және клирингілік қатысу сертификаттарының айналымы басталған күні;
  - 4) мүліктік пулға енгізілетін қаржы құралдарының тізбесі.
2. Клирингілік қатысу сертификаттарын ұстаушылардың тізілімін орталықтандырылған жүргізуді Орталық депозитарий жүзеге асырады.
3. Мүліктік пулды қалыптастыру туралы Биржаның шешімі сауда-саттыққа қатысушылардың/клирингілік қатысушылардың назарына Биржаның интернет-ресурсында орналастыру арқылы жеткізіледі ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)).
4. Биржа бірнеше мүліктік пулдарды құруға құқылы.



5. Басқарма Т+ қамтамасыз ету тізіміне енгізу критерийлеріне сәйкес келетін МП ішінен белгілі бір мүліктік пулға енгізілетін қаржы құралдарының тізбесін бекітеді.
6. Бағалы қағазды мүліктік пулдардан шығару КҚС нұсқаулығында анықталған тәртіппен жүзеге асырылады.
7. Мүліктік пул Биржа Басқармасының шешімі бойынша КҚС нұсқаулығында белгіленген тәртіппен Биржа барлық клирингілік қатысу сертификаттарын *өтегеннен кейін ғана тоқтатылуы мүмкін.*

*(Осы мақала Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

## **2-2 бап. Пулға қатысушының құқықтары**

1. Пулға қатысушы Биржадан өтеуге ұсынылатын клирингілік қатысу сертификаттарын иеленген және пулға қатысушыда осы клирингілік қатысу сертификаттары бойынша мүліктік міндеттемелер, сондай-ақ мүліктік пул туралы келісім-шарт бойынша өзге де мүліктік міндеттемелер болмаған жағдайда өзіне берілген клирингілік қатысу сертификаттарының барлығын немесе бір бөлігін өтеуді талап етуге құқылы.

Клирингілік қатысу сертификаттарын өтеу туралы талап КҚС нұсқаулығында қарастырылған нормаларға сәйкес мүліктік пулдан мүлікті беру мақсатында пулға қатысушы ақша/бағалы қағаздарды аударуға өкім берген кезде пулға қатысушы Биржаға ұсынған болып есептеледі.

Клирингілік қатысу сертификаттарын өтеу кезінде Биржа пулға қатысушыға КҚС нұсқаулығының нормаларымен белгіленген тәртіпте және шарттарды сақтау кезінде мүлік береді.

2. Клирингілік қатысушы осы Ережелердің 20 бабына сәйкес дәрменсіз деп танылған жағдайда мүліктік пул туралы келісім-шарт бойынша міндеттемелерді тоқтату осы Ережелердің 21 бабына сәйкес жүзеге асырылады.

*(Осы мақала Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

## **2-3 бап. Мүліктік пул туралы келісім-шартты жасасу/бұзу талаптары мен тәртібі**

1. Биржа мен клирингілік қатысушы арасында мүліктік пул туралы келісім-шарт жасасу клирингілік қатысушыны КҚС нұсқаулығына қосымша болып табылатын мүліктік пул туралы келісім-шартқа қосу жолымен жүзеге асырылады.
2. Мүліктік пул туралы келісім-шарт Биржа МП шотын ашу туралы өтінішті орындаған күннен бастап жасалған болып есептеледі.
3. Көрсетілген өтінішті беру және орындау тәртібі сауда-клирингілік шоттарын ашуды, жүргізуді және жабуды реттейтін Биржаның ішкі құжатымен және осы Ережелермен белгіленеді.
4. Клирингілік қатысушыны мүліктік пул туралы келісім-шартқа қосу осы клирингілік қатысушыға клирингілік қатысу сертификаттарымен репо мәмілелерін жасасуға құқық береді.
5. Пулға қатысушы өзіне берілген барлық клирингілік қатысу сертификаттарын КҚС нұсқаулығында белгіленген тәртіппен өтеген жағдайда ғана мүліктік пулы туралы келісім-шарттан бас тартуға құқылы.



*(Осы мақала Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

### **3 бап. Биржаның орталық контрагент функциясын жүзеге асыруы**

1. Орталық контрагент функциясын жүзеге асырғанда Биржа келесі ұстанымдарды басшылыққа алады:

- 1) тәуекелдерді басқарудың сенімді жүйесін қолдану;
- 2) нарықтың тиімділігін арттыру, соның ішінде:

Клирингтік қатысушылардың шығындарын азайту, соның ішінде неттинг механизмін пайдалану;

осы Ережелерде белгіленген Биржа жауапкершілігінің шектеулерді ескерумен, клирингтік қатысушылардың жасасқан мәмілелері бойынша міндеттемелерді орындалуын кепілдеу;

әр клирингтік қатысушы Биржамен орталық контрагент ретінде мәміле жасасу тәуекелдерін дербес түрде бағалай алатындай, әрекеттердің анытқылығы.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

2. ОК-пен жасалатын мәмілелерге орталық контрагентті мәмілеге автоматты түрде қосу арқылы жасалған мәмілелер бойынша шарттық міндеттемелерді орындау тәсілін білдіретін ашық оферта механизмі қолданылады. Осылайша, орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыра отырып, Биржа мәмілесі жасалғаннан кейін автоматты түрде *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*:

- 1) осы мәміле бойынша контрагент болып, әр сатып алушы үшін сатушы болып, ал әр сатушы үшін сатып алушы болады;
- 2) өз әрекеттерімен клирингтік қатысушыларды міндеттеу құқығына иеленіп, соның ішінде клирингтік қатысушының атынан, осы Ережелердің және басқа да Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, дефолтты реттеу бойынша процедураларды жүзеге асыру аясында Биржа жасасқан, клирингтік қатысушының барлық мәмілелер бойынша міндеттемелерін (соның ішінде, новация нәтижесінде туындаған міндеттемелерді) қабылдау және орындау.

3. Ашық оферта Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес белгілі бір биржалық нарықтың клирингтік қатысушысы мәртебесін беру туралы шешім күшіне енген күннен бастап клирингтік қатысушы қабылдаған болып саналады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

4. Орталық контрагенттің функцияларын орындау шегінде Биржа жұмыс істеу шарттары мен тәртібі осы Ережелердің 2 және 3 тарауларында белгіленген тәуекелдерді басқару жүйесін пайдаланады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*.

### **4 бап. Клирингтік шоттар**

1. Биржа клирингтік қатысушыға сауда-клирингтік шоттарды ашуды, жүргізуді және жабуды реттейтін Биржаның ішкі құжатына сәйкес оған клирингтік қатысушы мәртебесін беру туралы өтініш негізінде клирингтік шоттар ашады" *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің*

*2020 жылдың 29 маусымындағы және 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).*

2. Биржа клирингілік жүйеде клирингі, клирингілік қатысушының қамтуларын, мәмілелерін, нетто-жайғасымдарын есепке алуды меншікті және клиенттің шоттар бойынша жүзеге асырады.
3. Валюта нарығында валюта нарығының клирингілік қатысушысы мәртебесін беру туралы Биржа Басқармасының шешімі негізінде клирингілік қатысушыға өзіне ашылған сауда-саттық шоттарымен нөмір бойынша сәйкес келетін бір меншікті клирингілік шот және бір немесе бірнеше агрегацияланған клиенттік клирингілік шоттар ашылады.  
Валюта нарығының клирингілік қатысушысының клирингілік шоттарын жабу Биржа Басқармасының валюта нарығының клирингілік қатысушысы мәртебесінен айыру туралы шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы, 2020 жылдың 11 қарашасындағы, 2021 жылдың 23 маусымындағы және 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімдерімен өзгертілген).*

- 3-1. Деривативтер нарығында клирингілік қатысушыға деривативтер нарығының белгіленген ерекшеліктеріне сәйкес меншікті және клиенттік клирингілік және сауда-клирингілік шоттар ашылады және жабылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген).*
4. Қор нарығында клирингілік және сауда-клирингілік шоттар қор нарығының белгіленген ерекшеліктеріне сәйкес ашылады және жабылады.
5. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен алып тасталған).*

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

#### **4-1 бап. Мүліктік пулдың шоттарын ашу тәртібі**

1. ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде мүліктік пул туралы келісім-шартқа қосылған сауда-саттыққа клирингілік қатысушыға/сауда-саттыққа уәкілетті қатысушыға сауда-клирингілік шоттарды ашуды, жүргізуді және жабуды реттейтін Биржаның ішкі құжатында қарастырылған тәртіппен МП шоттары ашылады.
2. Сауда-саттықтың уәкілетті қатысушысына МП шотын ашу сауда-саттықтың уәкілетті қатысушысы өз атынан және өз мүддесі үшін қатысудың клирингілік сертификаттарымен мәмілелер жасасу мақсатында мүліктік пул келісім-шартын жасасқан жағдайда мүмкін болады.
3. МП шоттарын ашу/жабу сауда-саттыққа қатысушының сауда-клирингілік шоттарды ашу, жүргізу, жабу тәртібін реттейтін Биржаның ішкі құжатында қарастырылған нысан бойынша МП шотын ашу/жабу туралы өтініші негізінде жүзеге асырылады.

*(Осы мақала Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

#### **5 бап. Клирингілік қатысушылардың нетто-жайғасымдарын анықтау**

1. Регламентке сәйкес жүзеге асырылатын әрбір клирингілік сессияны өткізу нәтижелері бойынша клирингілік жүйе неттингті жүзеге асырады және клирингілік қатысушылардың клирингілік шоттары (меншікті және клиенттік)

бойынша нетто-жайғасымдарды анықтайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың даннйй пункт изменен решением Совета директоров Биржи от 24 сентября 2019 года)*.

2. Клирингілік қатысушының клирингілік (меншікті және клиенттік) шоты бойынша нетто-жайғасымды анықтау үшін клирингілік жүйе осы клирингілік шотта есепке алынатын, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелердің неттингін жүргізеді.
3. Осы баптың 2 тармағында аталған мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелер, неттинг жүргізу мақсаттарында, келесідей шарттарға сәйкес болуы тиіс:
  - 1) олар бір атаудағы қаржы құралдарымен көрсетілуі тиіс;
  - 2) олар орындалу датасы бір күнде болуы тиіс.
4. Клирингілік қатысушының клирингілік (меншікті немесе клиенттік) шоты бойынша нетто-жайғасымын анықтағанда, ағымдағы есеп айырысу датадағы нетто-жайғасымын, орындау мерзімі осы есеп айырысу датасы бұрын болған, орындамлаған міндеттемелердің/талаптардың көлеміне көбейтуге/азайтуға құқылы.
5. Клирингілік қатысушысының клирингілік (меншікті немесе клиенттік) шотындағы нетто-талаптарды немесе нетто-міндеттемелерді анықтағанда, Биржа, осы Ережелерде белгіленген тәртіпте, тиісті клирингілік қатысушының қамту шоттарында, сондай-ақ осы клирингілік шот тиесілі клирингілік қатысушының кепілдік жарналар шотында тұрған, тиісті қаржы құралдарымен өзара есептесу арқылы осы нетто-жайғасымдарын көбейтуге/азайтуға құқылы.
6. Клирингілік қатысушының клирингілік шоты (меншікті және клиенттік) бойынша нетто-талаптарды немесе нетто-міндеттемелерді анықтау кезінде Биржа осы Ережелердің 31-4 бабына сәйкес маржиналдық талаптарды реттеу үшін клирингілік қатысу сертификаттарын шығаруға/өтеуге байланысты осы нетто-жайғасымдарды ұлғайтуға/азайтуға құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.

**6 бап.** *(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен алып тасталған).*

**7 бап. Есеп айырысу жүргізу**

1. Есеп айырысу ұйымдары:
  - Орталық депозитарий – қор нарығында, барлық мәмілелер бойынша бағалы қағаздар бойынша талаптар мен міндеттемелерді орындау бөлігінде және ЦҚ-сыз мәмілелер бойынша ақша бойынша талаптар мен міндеттемелерді орындау бөлігінде;
  - Биржа – валюталық нарықта және деривативтер нарығында, сондай-ақ ықор нарығында ОК-пен жасалған мәмілелер бойынша ақша бойынша талаптар мен міндеттемелерді орындау бөлігінде.
2. Қор нарығында ОК-пен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысулар осы Ережелерге, Бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу ережелеріне, Орталық депозитарийдің ережелер жиынтығына сәйкес, ақша және (немесе) бағалы қағаздар бойынша қарсылама міндеттемелер толық орындалған жағдайда, сондай-ақ ақша және (немесе) бағалы қағаздар бойынша орындалмаған міндеттемелерді қамтамасыз етуге қойылатын талаптар орындалған

жағдайда, белгілі бір клирингілік шот (меншікті немесе клиенттік) бойынша белгілі бір есеп айырысу-клирингілік сессия бойынша ақша және (немесе) бағалы қағаздар бойынша талаптардың орындалуын көздейтін "төлемге қарсы жеткізілім" тәртіптемесінде жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

3. Қор нарығындағы есеп ауырысулар, клирингілік қатысушының қарсылама нетто-міндеттемелерді орындау шартымен осы клирингілік қатысушысының нетто-талаптарының орындалуын тұспалдайтын, "төлемге қарсы жеткізілім" тәртіптемесінде жүзеге асырылады.

Орталық депозитарий орталық контрагенттің функцияларын орындаусыз бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу және олар бойынша есеп айырысуларды (гросс-есеп айырысуларды) жүзеге асыру тәртібі Биржаның ішкі құжатына және Орталық депозитарийдің ережелер жинағына сәйкес, қор нарығындағы ОК-сыз жасалған мәмілелер бойынша "төлемге қарсы жеткізу" тәртіптемесін қамтамасыз етіледі.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

4. Валюталық нарықтағы есеп айырысулар, клирингілік қатысушының нетто-талаптарын Биржа тек осы клирингілік қатысушы Биржаның алдында ағымдағы орындау датасымен өзінің міндеттемесін орындағаннан кейін, сондай-ақ болашақтағы есеп айырысу даталарымен нетто-міндеттемелері бойынша шоттарында қажетті қамтудың бар болу шартымен, мүмкін болатынын тұспалдайтын, "төлемге қарсы төлем" тәртіптемесінде жүзеге асырылады.
5. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушысы нетто-міндеттемелері мен қамту бойынша міндеттемелерін орындау үшін ақшаны, Биржаның "Шетел валюталарының сауда-саттықтары нәтижелері бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері" (бұдан әрі – Ваюталармен есеп айырысу ережелері) атты ішкі құжатында белгіленген, тәртіпте және мерзімде Биржаның интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланатын, Биржаның корреспонденттік шоттарының деректемелері бойынша аударады.
6. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы Биржамен есеп айырысуларды Биржаның "Деривативтер нарығындағы сауда-саттықтар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжатына сәйкес, осы Ережелерде белгіленген деривативтер нарығының ерекшеліктерін ескерумен, жүзеге асырады.
7. Қор нарығының клирингілік қатысушысы нетто-міндеттемелерді және қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді орындау үшін қаржы құралдарын мынадай шоттар мен шоттардың бөлімдеріне есепке алады:
  - ОК-пен жасалған мәмілелер бойынша бағалы қағаздарды Оталық депозитарийдегі KASE бөліміне, ақшаны KASE корреспонденттік шотына;
  - клирингілік қатысу сертификаттарын шығару үшін: бағалы қағаздар GCGlobal бөліміне, ақша Орталық депозитарийде ашылған Биржаның корреспонденттік шотына;
  - ОК-сыз жасалған мәмілеле бойынша бағалы қағаздар KASE бөліміне, тенге Орталық депозитарийдегі банктік шотқа (ҚБЕО-да шоты бар КҚ болып табылмайтын, клирингілік қатысушы үшін) немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шотқа (ҚБЕО-да шоты бар КҚ болып табылатын, клирингілік қатысушы үшін).

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы, 2020 жылдың 11 қарашасындағы және 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

8. Биржа клирингілік қатысушылардың валюталық нарықтағы және деривативтер нарығындағы қамтуларын, сондай-ақ, Биржаның ішкі есепке алу жүйесінде ашылған клирингілік қатысушыға биржалық нарықтар, валюталар, қамту түрі бойынша, "Биржалық сауда-саттықтар бойынша есеп айырысулар кезінде ақшаларды ішкі есепке алу және құжаттарды рәсімдеу ережелері" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес, барлық биржалық нарықтар бойынша меншікті немесе клиенттік шоттарында және қосалқы шоттарында есепке алынады.
9. Осы Ережелердің 4, 5 және 6 тарауларында анықталған биржалық нарықтардың ерекшеліктеріне сәйкес, қарастырылуы мүмкін *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) Биржаның "ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде репо операцияларын жүзеге асыру ережелері" ішкі құжатымен белгіленген тәртіпте ОК-сыз жасалған мәмілелер және өзге міндеттемелер бойынша нетто-міндеттемелерді және нетто-талаптарды орындаудан бас тарту;
  - 2) Биржаның "ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде репо операцияларын жүзеге асыру ережелері", "Орталық контрагент функцияларын орындаумен, бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу тәртібі" және "КҚС нұсқаулығы" атты ішкі құжаттарында анықталған тәртіппен клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерін және нетто-талаптарын мерзімінен бұрын тоқтату *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

## **2 тарау. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ**

### **8 бап. Тәуекелдерді басқару жүйесі туралы жалпы қағидалар**

1. Осы тарауда Биржаның тәуекелдерді басқару жүйесінің тек қана ОК-пен жасалған мәмілелер бойынша ОК функцияларын орындайтын клирингілік ұйым ретінде жұмыс істеуінің жалпы шарттары мен тәртібі белгіленген. Биржаның заңды тұлға, сауда-саттықты ұйымдастырушы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым ретінде тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеу шарттары мен тәртібі Биржаның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. Биржаның тәуекелдерді басқару жүйесіне мынадай элементтер кіреді:
  - 1) клирингілік қатысушының қаржылық жағдайына қойылатын талаптар;
  - 2) қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау жүйесі;
  - 3) кейбір биржалы нарықтарда клирингілік қатысушылардың жайғасымдарын ашу шектелімдері;
  - 4) жартылай қамтылған клирингілік қатысушылар үшін қамтамасыз етудің жеткіліктілігін/кепілді қамтуын бақылау;

- 5) толық қамтылған клирингілік қатысушылар үшін қамтудың жеткіліктілігін алдын ала бақылау;
- 6) жартылай қамтылған клирингілік қатысушының кепілді қамтуы мен нетто-жайғасымының құнын қайта бағалау;
- 7) қамтудың жеткіліктілігін бақылау;
- 8) клирингілік сақтық қорлар;
- 9) клирингілік кепілдік қорлар;
- 9-1) мүлтік пулдар *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
- 10) клирингілік қатысушылардың кепілдік қорларының жеткіліктілігін бақылау;
- 11) клиринг жүргізілетін мәмілелер бойынша, нетто-міндеттемелер орындалмаған жағдайда Биржаның жауапкершілігін шектеу.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген).*

3. Қандай да бір биржалық нарықтағы тәуекелдерді басқару жүйесі элементтерінің бар болуы мен принциптері, осы Ережелерде белгіленген, осы нарықтың ерекшеліктерін ескерумен анықталады .
4. Биржа өндіріп алатын клирингілік қатысушылардың ОК-пен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету несиелік және нарықтық тәуекелдерді жабуға бағытталған *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген).*
5. Кредиттік тәуекелді бағалау Ережеде белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында клирингілік қатысушыға белгілі бір биржалық нарықта (биржалық нарық сауда-саттығының тәртіптемелерде) мәмілелерді орындау бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету тәсілін анықтайтын санатты беру үшін клирингілік қатысушылардың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу арқылы жүзеге асырылады) *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*
6. Әр биржалық нарық үшін клирингілік қатысушының санаттарының тізімі Қағидада анықталған.
7. Осы баптың 2 тармағының 2)-7) тармақшаларында тізілген тәуекелдерді басқару элементтері қалыпты нарықтық жағдайларда нарықтық тәуекелдерді жабу үшін арналған.  
Қалыпты нарықтық жағдайлар деп, осы Ережелердің 12 бабына сәйкес анықталатын, қаржы құралы бойынша бастапқы маржаның мөлшерлемесінен осы қаржы құралының екі күнде баға өзгеруін көрсететін мөлшері аспайтын, жағдай тұспалданады.
8. Осы баптың 2 тармағының 8)-11) тармақшаларында белгіленген, тәуекелдерді басқару элементтері нарықтық тәуекелдерді, өтімділік тәуекелдерін, сондай-ақ қаржы құралы бағаларының асыра волатильділігі жағдайында жүйелік тәуекелдерді жабу үшін арналған.  
Қаржы құралы бағаларының асыра волатильділігі жағдайы деп, қаржы құралы бойынша бастапқы маржаның мөлшерлемесінен осы қаржы құралының екі күнде баға өзгеруін көрсететін мөлшері асатын, жағдай тұспалданады.
9. Жартылай қамту шарттарында жасалатын мәмілелер бойынша жартылай қамтуі бар клирингілік қатысушының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету ретінде Биржа мыналарды белгілейді:



- клирингілік шоттарда есепке алынатын мәмілелер мен осындай клирингілік қатысушылардың берген өтінімдері бойынша және осы Ережеде анықталған биржалық нарықтар үшін белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып есептелетін нетто-міндеттемелерді жартылай қамтуға қойылатын талаптар;
- тиісті биржалық нарыққа кепілдік жарнаны енгізуге қойылатын талаптар.

Клирингілік қатысушының толық өтеу шарттарында жасалатын мәмілелер бойынша жартылай қамтамасыз ете отырып, міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету ретінде Биржа нетто-міндеттемелерді олардың осындай мәмілелерді жасасу нәтижесінде туындайтын қаржы құралдарындағы толық жабу жөніндегі талаптарды белгілейді.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі және 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімдерімен өзгертілді).*

10. Толық өтемі бар клирингілік қатысушылардың міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде Биржа осындай клирингілік қатысушының барлық клирингілік шоттары бойынша нетто-міндеттемелерді толық жабуға қойылатын талаптарды белгілейді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі және 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімдерімен өзгертілді).*
11. Нарықтық тәуекелдерді жабу мақсатында жартылай қамтылған клирингілік қатысушы міндетті:
  - 1) осы Ережеде белгіленген биржалық нарықтардың ерекшеліктеріне сәйкес жартылай қамтуға қойылатын талаптарды орындау;
  - 2) Ережеде белгіленген мөлшерде тиісті биржалық нарықтың көпідік қорларына кепілдік жарналарының болуын қамтамасыз ету.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген)*

12. Кредиттік тәуекелді жабу мақсатында толық өтемі бар клирингілік қатысушы толық өтеу шарттарында қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды орындауға міндетті *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген).*
13. Қамтылмаған клирингілік қатысушы қамту ұсынбайды және кепілдік жарналарды төлемейді.
14. Қор және валюта нарығындағы Биржаның кез келген қаржы құралына қатысты "қысқа сатуға тыйым" белгісін және (немесе) осы Ережелерде белгіленген қор нарығының ерекшеліктерін ескере отырып, Комитеттің шешіміне сәйкес кез келген уақытта клирингілік қатысушылардың барлық сауда-клирингілік шоттарынан жасалатын мәмілелер үшін кез келген валютаға қатысты "қамтамасыз етілмеген сатып алуға тыйым" белгісін белгілеуге құқығы бар *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімдерімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*
15. Қор және валюта нарықтарындағы Биржаның осы Ережелерде белгіленген қор және валюта нарықтарының ерекшеліктерін ескере отырып, жартылай қамтылған мәмілелер үшін бірыңғай шектелімнің рұқсат етілген минималды мәніне, сауда-клирингілік шоты бойынша кез келген қаржы құралы бойынша нетто-жайғасымдардың мәніне шектеу белгілеуге құқығы бар *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімдерімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*



16. Биржа деривативтер нарығында клирингілік қатысушылардың клирингілік және сауда-клирингілік шоттары бойынша сауда-саттық шектелімін өзгертуге / белгілеуге құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)*.

**9 бап. Маржалық қамту**

1. Жартылай қамтылған клирингілік қатысушы маржалық қамтуды қаржы құралдармен жасалған мәмілелер бойынша, сондай-ақ Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілген өтінімдер бойынша қалыптастыруға міндетті:
  - 1) қор нарығында, осы Ережелердің 4 тарауында белгіленген, қор нарығының ерекшеліктеріне сәйкес, маржалық талаптар көлемінде;
  - 2) валюта нарығында, жартылай қамтылған мәмілелер жасалатын сауда-клирингілік шоты бойынша осы Ережелердің 5 тарауында белгіленген валюта нарығының ерекшеліктеріне сәйкес есептелген, бірыңғай шектелімнің мәні теріс болмаған мөлшерде *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 3) деривативтер нарығында, осы Ережелердің 6 тарауында белгіленген, деривативтер нарығының ерекшеліктеріне сәйкес есептелген, кепілді қамтуға қойылатын талаптар көлемінде.
2. Белгілі бір биржалық нарықта жартылай қамтылған мәмілелер бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылданатын, қаржы құралдарының тізбесі ҚҚ енгізу тәртібіне сәйкес белгіленетін, Т+ қамту тізімімен анықталады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Клирингілік қатысушының маржалық қамтуын құрайтын, қаржы құралын қайта бағалау әр есеп айырысу күннен сирек емес жүзеге асырылады.
4. *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен алып тасталды)*.
5. Жасалған мәмілелер бойынша, сондай-ақ сауда-клирингілік жүйесіне берілген өтінімдер бойынша деривативтер нарығына клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелері құнының өзгеруін жабу үшін кепілді қамтамасыз етуді есептеу тәртібі осы Ережелерде белгіленген деривативтер нарығының ерекшеліктері ескеріле отырып, анықталады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. Қор нарығындағы немесе валюталық нарықтағы жартылай қамтылған клирингілік қатысушының маржалық қамтуының жеткіліктілігін бақылау үшін, бірыңғай шектелімді есептеу тәртібі, биржалық нарықтардың ерекшеліктерін ескерумен анықталады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

**10 бап. Қаржы құралының есеп айырысу бағасы**

*(Осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*

1. Қаржы құралының есептік бағасы тәуекел-параметрі болып табылады және қор биржасының сауда-саттық жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралының құнын анықтау, сондай-ақ қаржы құралдарымен мәмілеге

қатысушылардың талаптары және (немесе) міндеттемелері туралы ақпаратты анықтау, тексеру және беру, оның ішінде маржиналдық талаптарды есептеу және қор биржасының сауда-саттық жүйесімен айналысқа жіберілген жартылай қамтамасыз етілген мәмілелер бойынша қамтамасыз етудің жеткіліктілігін есептеу мақсатында есептеледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі және 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

2. Қаржы құралының есеп айырысу бағалары:

- 1) қор нарығы үшін күн сайынғы негізде немесе Биржаның "Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесі" және "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесі" (бұдан әрі – Әдістеме) атты ішкі құжаттарына сәйкес өзге тәртіппен;
- 2) Әдістемеге сәйкес валюта нарығы және деривативтер нарығы үшін күн сайынғы негізде анықталады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

**11 бап. Қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің мөлшерлемесі**

1. Қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімі тәуекел-параметрі болып табылып, қандай да бір биржалық нарықта баға ауытқуы салдарынан туындайтын, нарықтық тәуекелдерін басқару үшін арналған *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі және 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*.
2. Қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің мөлшерлемесі деп, алдыңғы клирингтік күннің соңында белгіленген, қаржы құралының өтінімде көрсетілген есептесу бағасынан, осы қаржы құралының бағасының, пайызбен көрсетілген, рұқсат етілген максималды ауытқуы тұспалданады.
3. Қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімдерінің мөлшерлемесі ай сайын мерзімдік негізде есептеліп, Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитеттің (бұдан әрі – Комитет) шешімімен бекітіліп, Биржаның интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен алып тасталған)*.

Осы тармақтың бірінші абзацында аталған, мөлшерлемелерді есептеу Әдістемеге сәйкес қаржы құралының тарихи бағаларының ауытқуы туралы мәліметтерден шыға отырып, жүзеге асырылады.

4. Қаржы құралы бағаларының өзгеру шектелімдерін белгілеу/өзгерту тәртібі осы Ережелерде белгіленген, тиісті биржалық нарықтардың ерекшеліктерімен анықталады.

**12 бап. Қаржы құралының бастапқы маржасының мөлшерлемесі**

*(Осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*

1. Қаржы құралының бастапқы маржасының мөлшерлемесі тәуекел-параметрі болып табылып, жартылай қамтылған клиринг жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша, қаржы құралы бағасының өзгеруінің нарықтық тәуекелінің мөлшерін бағалау үшін арналған *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

2. Қаржы құралы маржасының мөлшерлемесі пайызбен көрсетіліп, қандай дай да бір биржалық нарықтағы маржалық қамтудың жеткіліктігін және бірыңғай шектелімді есептегенде қолданылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
3. Қаржы құралы маржасының мөлшерлемесі мерзімдік негізде есептеліп, Комитеттің шешімімен бекітіліп, Биржаның интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*.
4. Қаржы құралы маржасының мөлшерлемесін есептеу Әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады.

**13 бап. Қаржы құралы бойынша шоғырлану шектелімі**

1. Қаржы құралы бойынша шоғырлану шектелімі, қаржы құралының бағасына елеулі ықпалсыз, белгіленген кезең барысында жойылуы мүмкін, клирингтік қатысушының белгілі бір қаржы құралындағы максималды жайғасымын бағалауға арналған.
2. Шоғырлану шектелімі қаржы құралының санымен белгіленетін, өлшем болып табылады.
3. Қаржы құралдары бойынша шоғырлану шектелімдері Әдістемеді анықталған тәртіппен мерзімдік негізде есептеледі, комитеттің шешімімен бекітіледі және Биржаның интернет-сайтында жарияланады ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*
4. Қаржы құралы бойынша шоғырлану шектелімі әр күнтізбелік айдың 15-ші жұлдызынан кешіктірмей есептеліп, Комитеттің шешімімен бекітіліп, Биржаның интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланады.
4. Шоғырлану шектелімін есептеу Әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады.

**14 бап. Қаржы құралы бойынша шоғырлану мөлшерлемесі**

1. Қаржы құралы бойынша шоғырлану мөлшерлемесі тәуекел-параметрі болып табылып, қаржы құралы үшін белгіленген шоғырлану шектелімінің мөлшерінен асатын көлемде ашылған жайғасымды жойғанда, осы қаржы құралының бағасы өзгеруінің нарықтық тәуекелін бағалау үшін арналған *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Қаржы құралы бойынша шоғырлану мөлшерлемесі пайызбен көрсетіледі және қамтудың жеткіліктілігін есептеу және бірыңғай шектелімді есептеу кезінде пайдаланылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген)*.
3. Қаржы құралы бойынша шоғырлану мөлшерлемесі мерзімдік негізде есептеліп, Комитеттің шешімімен бекітіліп, Биржаның интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*.
4. Шоғырлану мөлшерлемесін есептеу Әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

**15 бап. Қаржы құралының пайыздық тәуекелінің мөлшерлемесі**

1. Қаржы құралының пайыздық тәуекелінің мөлшерлемесі тәуекел-параметрі болып табылып, қаржы құралының пайыздық базалық мөлшерлемесінің және қаржы құралының түрлі мерзімдерге есеп айырысудың нарықтық тәуекелін бағалау үшін арналған.  
Әдістемеге сәйкес, қаржы құралының пайыздық тәуекелінің мөлшерлемесін, өзекті мерзімдерге Комитетпен белгіленеді.  
Әр есептесу датасы үшін пайыздық тәуекелдің мөлшерлемесі Әдістемеге сәйкес есептеледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Қаржы құралының пайыздық тәуекелінің мөлшерлемесі пайызбен көрсетіліп, валюталық нарықта жартылай қамтылған клирингілік қатысушының валюталық нарықта қаржы құралдарымен жасасқан мәмілелері бойынша маржалық қамтудың жеткіліктілігін есептегенде қолданылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Қаржы құралы үшін орнатылған шоғырлану шектелімінің көлемінен асатын, көлемде ашылған нетто-жайғасымның пайыздық тәуекелін бағалау үшін шоғырлану кезіндегі пайыздық тәуекел мөлшерлемесі қолданылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімдерімен өзгертілген)*.
4. Белгілі бір қаржы құралдары бойынша пайыздық тәуекел мөлшерлемесі мен шоғырлану кезіндегі пайыздық тәуекел мөлшерлемесі белгіленген өзекті мерзімдер үшін мерзімдік негізде есептеліп, Комитеттің шешімімен бекітіліп, Биржаның интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 29 қаңтарындағы және 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімдерімен шешімдерімен өзгертілген)*.
5. Пайыздық тәуекел мөлшерлемесі мен шоғырлану кезіндегі пайыздық тәуекел мөлшерлемесі Әдістемеге сәйкес есептеледі.

**16 бап. Клирингілік қатысушылардың ашық жайғасымдарының шектелімі**

1. Клирингілік қатысушылардың ашық жайғасымдарының шектелімдері клирингілік қатысушылардың нетто-міндеттемелерінің орындалмау тәуекелін минимизациялау мақсатында клирингілік қатысушылардың нетто-жайғасымдарының максималды көлемін шектеу үшін арналған.
2. Клирингілік қатысушыға жайғасым ашудың шектелімі, осы Ережелерде белгіленген, биржалық нарықтардың ерекшеліктерін ескерумен, ақшалай анықталады.

**17 бап. Клирингілік қорлар**

1. Биржалық нарықтың қандай да бір секторы бойынша клирингілік қор келесі қор түрлерінен тұрады:
  - 1) клирингілік кепілдік қоры (бұдан әрі – кепілдік қоры);
  - 2) клирингілік сақтық қоры (бұдан әрі – сақтық қоры);
  - 3) мүліктік пул *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.

2. Кепілдік қоры клирингілік қатысушылар Биржаның корреспонденттік шотына аударатын кепілдік жарналар есебінен қалыптасады.

Резервтік қор Биржаның меншікті қаражаты есебінен осы Ережелерде анықталған тәртіппен ұлттық валютада қалыптастырылады.

Мүліктік пул пулға қатысушылардың Орталық депозитарийде пулға қатысушының "GCGlobal" бөліміне енгізетін бағалы қағаздар және/немесе ақша, оның ішінде шетелдік валютада клирингілік қатысушылар КҚС нұсқаулығында белгіленген тәртіппен орталық депозитарийдегі Биржаның корреспонденттік шотына аударатын ақша есебінен қалыптастырылады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

3. Белгілі бір биржалық нарықтарда, осындай нарықтардың белгілі бір тәртіптемеде қаржы құралдармен жасалған мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелерді жабу үшін пайдаланылатын, жеке кепіл қорлары құрылуы мүмкін *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген)*.
4. Белгілі бір биржалық нарықтың кепілдік және резервтік қорларының жиынтық мөлшері осы биржалық нарықтың қаржылық құралдарының есептік бағасының өзгеруінен болатын, нетто-міндеттемелерді аталған міндеттемелердің ең көп көлемі бар екі клирингілік қатысушы орындамаған жағдайда туындауы мүмкін ықтимал шығындарды жабатындай етіп есептеледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы, 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі, 2022 жылдың 01 шілдесіндегі және 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімдерімен өзгертілген)*.
5. Клирингілік кепілдік қорларына кепілдік және резервтік қорлардың және кепілдік жарналарының мөлшерін есептеу әдістемесі Биржаның "Клирингілік қорлардың мөлшерін анықтау әдістемесі" атты ішкі құжатында белгіленген *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
6. Клирингілік қорлардың көлемдерінің жеткіліктілігін бағалау кемінде жылына бір рет, сондай-ақ клирингілік қорлардың қаржыларын дефолттарды реттеу үшін қолданғанда, жүзеге асырылады.
7. Сақтық қорлардың көлемін және кепілдік қорларға кепілдік жарналардың көлемін өзгерту туралы шешімді, Биржаның "Клирингілік қорлардың көлемін анықтау әдістемесі" атты ішкі құжатына сәйкес клирингілік қорлардың жеткіліктілігін бағалау негізінде, Биржаның Директорлар кеңесі қабылдайды.
8. Әрбір биржалық нарық бойынша қалыптастырылған клирингілік қорлардың мөлшері туралы ақпарат Биржаның интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
9. Сақтық қорлар осы сақтық қор қалыптастырылған белгілі бір биржалық нарықтың қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелерді жабу үшін ғана пайдаланылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы, 2019 жылдың 28 мамырындағы және 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген)*
10. Кепіл қорларының қаржылары, биржалық нарықта дефолттарды реттеу шегінде қаржы құралымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындаудан басқа, Биржаның және/немесе оның қандай да бір клирингілік қатысушыларының өзге міндеттемелерін орындауды қамту ретінде

қолданыла алмайды *(данный пункт изменен решениями Совета директоров Биржи от 12 декабря 2018 года и от 28 мая 2019 года)*.

11. Клирингілік қорлардың қаржыларын қолдану тәртібі Ережелердің 27 бабында белгіленген.

**18 бап.**

**Клирингілік кепілдік қорларға кепілдік жарналарды аудару және қайтару тәртібі**

1. Клирингілік кепілдік қорларға аударылатын кепілдік жарналарды жартылай қамтылған клирингілік қатысушылар аударарды.
- 1-1. Клирингілік қатысушы мүліктік пул шартына қосылған жағдайда, клирингілік қатысушылар мүліктік пулға қаржы құралдарын енгізеді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.
2. Кепілдік жарналардың көлемі, белгілі бір кепілдік қорына аударылатын кепілдік жарнаның валютасы Қағиданың 3 қосымшасында анықталған.
- 2-1. Мүліктік пулға енгізілетін қаржы құралдарын және олардың санын клирингілік қатысушы КҚС нұсқаулығына сәйкес дербес анықтайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.
3. Белгілі бір кепілдік қорына аударылуы тиіс және/немесе оны қалпына келтіру үшін қажетті кепілдік жарнаның көлемі туралы ақпарат клирингілік қатысушы үшін жасалған есепте көрсетіліп, клирингілік сессия аяқталғаннан соң оған жолданады.
4. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен алып тасталған)*.
5. Жартылай қамтылған клирингілік қатысушы сауда-саттық күні басталар уақыттан кешіктірмей, осы клирингілік қатысушы қаржы құралдардың сауда-саттығына қатысуды көздеген биржалық нарықтың кепілдік қорына кепілдік жарнасын аударуға міндетті *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген)*.
6. Жартылай қамтылған клирингілік қатысушы дефолтты реттеу үшін кепілдік қордың қаржыларын пайдаланған жағдайда қандай да бір клирингілік қорға оны қалпына келтіру үшін кепілдік жарнаны, осы Ережелердің 28 бабында белгіленген мерзімде, аударуға міндетті.  
Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес кепілдік қорды қалпына келтіру мақсатында аударылуы тиіс, кепілдік жарнаның көлемі клирингілік қатысушыға жолданатын клирингілік есепте белгіленеді.
7. Кепілдік жарналарды клирингілік қатысушылар Биржаның Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шоттарына аударарды. Биржаның корреспонденттік шоттарының тізімі Биржаның интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланады.
8. Биржаның корреспонденттік шотына клирингілік қатысушылар кепілдік жарна ретінде аударатын ақшалардың бөлек-бөлек ішкі есебін жүргізу мақсатында, клирингілік қатысушылар төлеу құжаттарында төлем түрін белгілейтін және белгілі бір биржалық нарықты сәйкестендіретін кодтарды көрсетуі тиіс, осы кодтар бойынша кепілдік қор қалыптастырылады. Осындай кодтардың тізімі Биржаның интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген)*.



9. Биржа клирингілік қатысушыға, оның кепілдік жарнасын, осы Ережелердің 3 қосымшасына берілген нысан бойынша жазылған, өтініші негізінде (осы баптың 10 тармағында белгіленген, шарттарды ескерумен) келесі жағдайларда қайтарады:
  - 1) клирингілік қатысушының санаты "жартылай қамтылған" санатынан "толық қамтылған" санатына өзгерту;
  - 2) қандай да бір биржалық нарықта клирингілік қатысушы санатынан айыру;
  - 3) клирингілік қатысушы мәртебесінен өз еркімен бас тарту.
- 9-1. Биржа клирингілік қатысушыға КҚС нұсқаулығына сәйкес мүліктік пулға енгізілген қаржы құралдарын қайтарады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.
10. Биржа клирингілік қатысушыға кепілдік қорға аударған кепілдік жарнасын тиісті биржалық нарықта орындалмаған міндеттемелерінің болмауы шартымен қайтарады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 29 мамырындағы шешімдерімен өзгертілген)*:
  - 1) есеп айырысу күні келмеген қаржы құралдарымен жасалған мәмілелердің;
  - 2) есеп айырысу күні басталған қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелер.
11. Клирингілік қатысушының мүшелігін уақытша тоқтату, оның сауда-саттыққа рұқсаттамасын уақытша тоқтату, клирингілік қызмет көрсетуді уақытша тоқтату клирингілік қатысушыға оның кепілдік жарналарын қайтаруға негіз болмайды.

### 3 тарау. ДЕФОЛТТАРДЫ РЕТТЕУ ТӘРТІБІ

*(Осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*

#### 19 бап. Клирингілік қатысушының дәрменсіз деп мойындау

1. Белгілі бір биржалық нарықтың клирингілік қатысушысы Биржа органдарының мынадай жағдайлардың кез келгені басталған кезде қандай да бір шешімдер қабылдамай жосықсыз клирингілік қатысушы деп танылады:
  - 1) есеп айырысу ұйымындағы клирингілік қатысушының шоттарында осы Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес белгіленген есеп айырысу күні уақытына оның Орталық комитетпен мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелерін орындауы үшін қаржы құралдарының қажетті саны жоқ және/немесе нетто-міндеттемелерді орындау осы Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес өзге де себептер бойынша жүзеге асырыла алмайды (бұдан әрі – нетто-міндеттемелердің дефолты);
  - 2) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен алып тасталған)*;
  - 3) осы Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес белгіленген мерзімге дейін клирингілік кепілдік жарналарды толықтыру бойынша Биржаның талабын орындамау (бұдан әрі кепілдік жарна бойынша дефолт);



- 4) Биржа Басқармасы осы Ережелермен, Биржаның "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдары туралы қағида" атты ішкі құжатына сәйкес, қолданымды сомаларды төлемеу, уақытылы төлемеу немесе түгел төлемеу жағдайында клирингілік қатысушының тиісті биржалық нарықта клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді уақытша тоқтату туралы шешім қабылдады.
- 5) Есеп айырысу жүргізілген сәтте оның мәмілелері бойынша міндеттемелерін орындау үшін есеп айырысу ұйымындағы клирингілік қатысушының шоттарында қаржы құралдарының қажетті саны (бұдан әрі – ОК-сыз жасалған мәмілелер бойынша дефолт) жоқ.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы, 2020 жылдың 11 қарашасындағы және 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*

2. Клирингілік қатысушыны жосықсыз деп мойындау келесі шарттарды орындаумен жүзеге асырылады:
  - 1) Биржаның, осы Ережелердің 20 бабының 1 тармағы 1)-7) тармақшаларына сәйкес, клирингілік қатысушыны дерменсіз деп мойындауға негіз болып табылатын ақпараттың болмауы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;
  - 2) нетто-міндеттемелер дефолты жағдайы үшін белгілі бір клирингілік шот бойынша клирингілік қатысушыда ақша бойынша нетто-міндеттемелер дефолты қатарынан екі күннен аспайтын, бағалы қағаздар бойынша, оның ішінде клирингілік қатысу сертификаты бойынша есеп айырысулар туындайтын күндер саны (ағымдағы күннің дефолтын қоса алғанда) қатарынан 4 күннен аспайды *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі және 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
  - 3) осы Ережеде анықталған белгілі бір биржалық нарықтың ерекшеліктеріне сәйкес өзге де шарттарды.
3. Биржа Басқармасы, нетто-міндеттемелердің дефолты кезінде жосықсыз клирингілік қатысушының орындамаған нетто-міндеттемелерін жуырдағы уақытта орындау мүмкіншілігі және адал клирингілік қатысушылардың жазбаша келісімінің бар болуын көрсететін, ақпарат негізінде, осы баптың 2 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелердің дефолты туындауы мүмкін есептесу күндердің санын ұлғайту туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 3-1. Биржа Басқармасының осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдай басталған кезде, белгілі бір биржалық нарықтың клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін тиісінше орындамауы келесі жағдайларға байланысты болғаны туралы растау болған кезде клирингілік қатысушыны жосықсыз деп танымау туралы шешім қабылдауға құқығы бар:
  - 1) Биржаның қандай да бір ақпараттық жүйесінің немесе оның жеке компонентінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыс;
  - 2) Биржаның ішкі құжаттарында және/немесе клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шартында қарастырылған Биржаның өз функцияларын тиісінше орындамауы;
  - 3) Биржаның аса маңызды жеткізушісінің немесе оның жеке компонентінің қандай да бір ақпараттық жүйесінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыс;
  - 4) еңсерілмес күш жағдайларының туындауы (форс-мажор жағдайлары, яғни, табиғи апаттар, дүлей зілзалалар, соғыстар, соғыс қимылдары, террористік актілер, халық толқулары, заңнаманың өзгеруі, реттеуші

органдардың (уәкілдік берілген) іс-әрекеттері мен шешімдері, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері, оның ішінде карантин жариялау және клирингтік қатысушы болжай алмаған және тікелей өзі болжап отырған басқа да осындай мән-жайлар клиринг қатысушысының өз міндеттерін тиісінше орындауына әсер етті) немесе қаржы нарығы ұйымдарының қызметін тоқтата тұруға байланысты өзге де уақиғалар, оның ішінде Биржа және/немесе клирингтік қатысушы орналасқан елді мекендерде төтенше жағдайдың енгізілуіне немесе төтенше жағдайдың туындауына байланысты;

- 5) своп/репо мәмілесінің немесе операциясының заты болып табылатын қандай да бір қаржы құралының дұрыс орнатылмаған параметрлері;
- 6) клирингтік қатысушыны ақылға қонымды бақылау шегінен шығатын өзге де жағдайлар және/немесе уақиғалар.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 28 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*

4. Клирингтік қатысушы осы баптың 1 тармағының 3) тармақшасына сәйкес кез келген биржалық нарықта кепілдік жарна бойынша дефолтқа байланысты және/немесе осы баптың 1 тармағының 5) тармақшасына сәйкес қор нарығында ОК-сыз мәмілелер бойынша дефолтқа байланысты жосықсыз деп танылған кезде клирингтік бөлімше Биржа Басқармасының мүшелеріне және тәуекелдерді басқару бөлімшесіне олардың мекен-жайларына тиісті хабарлама жіберу арқылы клирингтік қатысушының дефолты туындаған жағдай туралы хабарлайды. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы, 2020 жылдың 11 қарашасындағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген).*
5. Клирингтік қатысушы осы баптың 4 тармағына сәйкес жосықсыз деп танылған жағдайда Биржа Басқармасы құқылы *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген):*
  - 1) сауда-саттыққа қатысушы болып табылатын клирингтік қатысушыны шеттету немесе оның сауда-саттыққа уәкілетті қатысушысын Биржаның "Мүшелік туралы қағида" ішкі құжатына сәйкес барлық немесе жекелеген қаржы құралдарының сауда-саттыққа қатысуынан шеттету немесе осы Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес жекелеген сауда-клирингтік шот бойынша өтінімдер беруді алып тастау және уақытша тоқтату;
  - 2) клирингтік қызмет көрсетуді уақытша тоқтату;
  - 3) клирингтік қатысушының санатын "жартылай қамтылған" санатынан "толық қамтылған" санатына өзгерту";
  - 4) осы Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес қор нарығының клирингтік қатысушысының белгілі бір немесе барлық сауда-клирингтік шоттарына "қысқа сатуға тыйым" белгісін және/немесе "қамтамасыз етусіз сатып алуға тыйым салу" белгісін белгілеу;
  - 5) осы Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес қор нарығының клирингтік қатысушысының белгілі бір сауда-клирингтік шоттарына кез келген қаржы құралы бойынша нетто-жайғасымдардың оң мәніне, бірыңғай шектелімнің рұқсат етілген минималды оң мәніне шектеу белгілеу;
  - 6) клирингтік қатысушыны дәрменсіз деп мойындау;
  - 7) клирингтік қатысушыға қатысты ешқандай әрекет жасамау.

6. Осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес кез келген биржалық нарықтағы нетто-міндеттемелердің дефолтына байланысты клирингілік қатысушы жосықсыз деп мойындалған кезде Биржа осы Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес жайғасымдарды ауыстыру процедурасын жүзеге асыру арқылы жосықсыз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерінің дефолтын реттеуді жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы және 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*.
7. Белгілі бір биржалық нарықтың клирингілік қатысушысын осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес жосықсыз деп таныған жағдайда, Биржа клирингілік қатысушының қамтамасыз ету шоттарынан және/немесе кепілдік жарналарының шоттарынан ақшаны есептен шығаруды жүзеге асыруға, сондай-ақ жосықсыз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелерін өтеу үшін қажетті мөлшерде, осындай есептен шығаруды/сатуды жүзеге асырғаннан кейін бірыңғай лимиттің теріс мәні болмаған жағдайда, оның атынан қамтамасыз етудің немесе кепілдік жарналарының құрамына кіретін кез келген қаржы құралын сатуды жүзеге асыруға құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. Жосықсыз клирингілік қатысушы, осы Ережелердің 29 бабына сәйкес, нетто-міндеттемелерін орындамағаны немесе уақытылы орындамағаны үшін айыппұл/тұрақсыздық төлемін төлейді.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

## **20 бап.**

### **Клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындау**

1. Биржа Басқармасы клирингілік қатысушыны келесі жағдайлардың кез келгені орын алған жағдайда ОК-пен жасалған мәмілелер бойынша дәрменсіз деп мойындауға құқылы *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен толықтырылған)*:
  - 1) клирингілік бөлімшенің осы Ережелердің осы биржалық нарығының ерекшеліктерімен белгіленген тәртіппен клирингілік қатысушыны/жосықсыз клирингілік қатысушыны нетто-міндеттемелердің дефолтына және/немесе маржа бойынша дефолтқа және/немесе осы биржалық нарықтағы кепілдік жарна бойынша дефолтқа байланысты белгілі бір биржалық нарықта дәрменсіз деп тану туралы мәселе шығаруы негізінде. Бұл ретте *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*:
    - нетто-міндеттемелердің дефолты жағдайында, ағымдағы есептесу датасындағы дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерінің орындамау көлемінде, сондай-ақ, Биржа Басқармасының шешімімен анықталған, өзге нетто-міндеттемелер орындалмаған нетто-міндеттемелер деп мойындалады;
    - маржа бойынша дефолт жағдайында мәжбүрлеп жабу нәтижесінде бірыңғай шектелімнің теріс емес мәніне/дәрменсіз клирингілік қатысушының СКШ+ бойынша берешегін өтеуге/ ИП шоты/ есеп айырысу кодына әкеп соғатын, Биржаның таңдауы бойынша мөлшердегі кез келген нетто-міндеттемелер орындалмаған деп танылады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
    - кепілдік жарна бойынша дефолт жағдайында, Биржаның таңдауы бойынша, дәрменсіз клирингілік қатысушының бірыңғай шектелімінің оң мәніне / есеп айырысу коды бойынша берешекті

өтеуге алып келетін, кепілдік жарна бойынша орындалмаған нетто-міндеттемесінің көлемі мәжбүрлі жабудың көлеміне тең, кез келген нетто-міндеттемелер орындалмаған деп мойындалады;

*(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

- 2) Ұлттық Банк резидент болып табылатын клирингілік қатысушының негізгі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензиясын қайтарып алған жағдайда, осындай клирингілік қатысушы барлық биржалық нарықтарда, осындай лицензияны қайтару күнінен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей дәрменсіз деп мойындалады. Клирингілік қатысушының барлық клирингілік шоттары бойынша барлық биржалық нарықтарда барлық есеп айырысу даталарымен барлық нетто-міндеттемелер орындалмаған деп саналады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 3) Ұлттық Банк белгілі бір операция немесе қызмет түрін жүзеге асыруға лицензиясын/құқығын қайтарып алған жағдайда, резидент болып табылатын клирингілік қатысушының солармен операцияларды жүзеге асыруға лицензиясы қайтарылған, қаржы құралдары саудаланатын биржалық нарықта, осындай лицензия/осындай құқық қайтарылған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей дәрменсіз деп мойындалады. Клирингілік қатысушының осы биржалық нарықтағы клирингілік шоттары бойынша барлық есеп айырысу даталарымен барлық нетто-міндеттемелер орындалмаған деп саналады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 4) уақытша әкімшілік тағайындалған жағдайда, уәкілетті орган резидент емес клирингілік қатысушының банкроттығы процедураларының бірінің басында, негізгі қызметінің түріне немесе қаржы нарықтарының кез келгенінде операциялар жүргізуге лицензияны қайтарып алу (уақытша тоқтату) осы резидент емес клирингілік қатысушы, Биржа осыны білген күннен кейін келесі жұмыс күннен кешіктірмей, дәрменсіз деп мойындалады. Биржа Басқармасының шешімімен осы резидент емес клирингілік қатысушы дәрменсіз деп мойындалатын биржалық нарықтардың түрлері, сондай-ақ оның нетто-міндеттемелерін орындалмаған деп мойындаудың шарттары мен тәртібі анықталады;
- 5) қандай да бір биржалық нарықта клирингілік қатысушы есеп айырысу мерзімдерін бірнеше рет бұзған жағдайда, осындай клирингілік қатысушы дәрменсіз деп мойындалады. Оның нетто-міндеттемелері орындалмаған деп мойындаудың шарттары мен тәртібін Биржа Басқармасы анықтайды;
- 6) клирингілік қатысушы қандай да бір биржалық нарықта дәрменсіз деп мойындаған жағдайда. Нетто-міндеттемелерді орындалмаған деп мойындаудың шарттары мен тәртібін Биржа Басқармасының шешімімен анықталады;
- 7) клирингілік қатысушы террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне және/немесе терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және/немесе жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайда, осы ақпарат уәкілетті органның ресми интернет-сайтында орналастырылған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде. Осындай клирингілік қатысушының барлық клирингілік (меншікті және клиенттік) шоттары бойынша барлық есеп айырысу күндері бар барлық мәмілелері жарамсыз деп танылады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың*

*11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген, Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 18 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).*

- 8) клирингілік қатысушының клиенті террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне және/немесе терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және/немесе клирингілік қатысушыдан клиенттік клирингілік шотты көрсете отырып алынған және/немесе Орталық депозитарий депоненті клиентінің жеке шотын көрсете отырып, Орталық депозитарийден алынған ақпаратқа сәйкес жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайда, осындай ақпаратты алған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде. Есеп айырысулар Орталық депозитарий депоненті клиентінің көрсетілген клирингілік және/немесе жеке шотын пайдалана отырып жүзеге асырылатын кез келген сауда-клирингілік шоттардан жасалған есеп айырысудың барлық күндерімен жасалған барлық мәмілелер жарамсыз деп танылады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен толықтырылған, Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 18 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).*
2. Клирингілік қатысушы ұсынған Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның жазбаша хабарламасы және (немесе) уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған ақпарат резидент-клирингілік қатысушының лицензиядан/құқықтан айыру фактісін растау болып табылады. Клирингілік қатысушы Биржа Басқармасының шешімінде көрсетілген күннен және уақыттан бастап дәрменсіз деп танылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*
3. Биржа Басқармасы клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындағанда Биржа Басқарма дәрменсіз клирингілік қатысушыны Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжатына сәйкес, барлық немесе кейбір қаржы құралдарының сауда-саттығына қатысудан шеттету туралы шешім қабылдайды немесе дәрменсіз клирингілік қатысушыны бір немесе бірнеше сауда-клирингілік шоттар бойынша сауда-саттықтан шеттетеді немесе осы Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес олар бойынша мәмілелерді орындау дәрменсіз клирингілік қатысушының клирингілік шоттарын пайдалана отырып жүзеге асырылатын сауда-саттық/сауда-клирингілік жүйеде бір немесе бірнеше сауда-клирингілік шоттар бойынша өтінімдер беруді бұғаттайды.
4. Клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындау, осы Ережелердің 21 бабына сәйкес, дәрменсіз клирингілік қатысушының ОК-пен жасалған мәмілелер бойынша дефолтты реттеу процедурасын дереу жүргізу үшін негіз болып табылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).*
5. Дәрменсіз клирингілік қатысушы, осы Ережелердің 29 бабына сәйкес, өзінің нетто-міндеттемелерін орындамағаны немесе уақытылы орындамағаны үшін айыппұл/тұрақсыздық төлемін төлейді.
6. Биржа Басқармасының осы баптың 1 тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген маржа бойынша дефолт туындаған кезде клиринг қатысушысының өз міндеттемелерін тиісінше орындамауы мыналарға байланысты болғаны туралы растау болған кезде белгілі бір биржалық нарықтың клиринг қатысушысын дәрменсіз деп танымау туралы шешім қабылдауға құқығы бар:
  - 1) Биржаның қандай да бір ақпараттық жүйесінің немесе оның жеке компонентінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыс;

- 2) Биржаның Биржаның ішкі құжаттарында және/немесе клирингілік қызмет көрсету туралы шартта көзделген өз функцияларын тиісінше орындамауы;
- 3) Биржаның аса маңызды жеткізушісінің немесе оның жеке компонентінің қандай да бір ақпараттық жүйесінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыс;
- 4) еңсерілмейтін күш мән-жайларының (табиғи апаттар, дүлей зілзалалар, соғыстар, әскери іс-қимылдар, террористік актілер, халық толқулары, заңнаманың өзгеруі, реттеуші органдардың (уәкілетті) іс-әрекеттері мен шешімдері, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері, оның ішінде карантин жариялау және басқалар сияқты форс-мажор жағдайларының) туындауы клирингілік қатысушы болжай алмаған және клирингілік қатысушының өз міндеттерін тиісінше орындауына тікелей әсер еткен ұқсас мән-жайлар) немесе өзге де оқиғалар, Қаржы нарығы ұйымдарының қызметін тоқтата тұруға байланысты, оның ішінде Биржа және/немесе клирингілік қатысушы орналасқан елді мекендерде төтенше жағдайдың енгізілуіне немесе төтенше жағдайдың туындауы;
- 5) своп/репо мәмілесінің немесе операциясының мәні болып табылатын қандай да бір қаржы құралының дұрыс орнатылмаған параметрлері;
- 6) клирингілік қатысушыны ақылға қонымды бақылау шегінен шығатын өзге де жағдайлармен және/немесе уақиғалармен.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*

#### **21 бап. Дәрменсіз клирингілік қатысушының дефолтын реттеу**

1. Орталық комитетпен орындалмаған деп мойындалған мәмілелер бойынша әрбір нетто-міндеттеме, сондай-ақ осы Ережелердің 20 бабына сәйкес Биржа Басқармасының шешімі негізінде жарамсыз деп мойындалған барлық мәмілелер реттелуге жатады.
2. Дәрменсіз клирингілік қатысушының клиенттік/клиенттік кастодиандық клирингілік шоты бойынша дефолтты реттеу процедураларын жүргізу кезінде Биржаның өзінің меншікті клирингілік шоты бойынша қамтамасыз етуді, сондай-ақ дефолтқа жол берілген клиенттік/клиенттік кастодиандық клирингілік шот бойынша қамтамасыз етуді толық пайдаланғаннан кейін ғана оның кепілдік жарналарын пайдалануға құқығы бар.

Дефолтты реттеу шегінде Биржа орындайтын, дефолтты реттеу бойынша процедуралар мен өзге әрекеттерді Биржа әр биржалық нарықта, биржалық нарықтардың ерекшеліктерін ескере отырып, бөлек жүзеге асырып, келесіні қоспағанда, басқа биржалық нарықтарды қозғамайды *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*:

Биржаның өзінің клирингілік шоты бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының есеп айырысудың ағымдағы күнімен Биржаның нетто-талабынан және өзінің клирингілік шоты бойынша қамтамасыз етуге қойылатын талаптардан асатын мөлшерде қамтамасыз етілуін, сондай-ақ осы биржалық нарықта есеп айырысудың кез келген күнімен нетто-міндеттемелері болмаған жағдайда өзге биржалық нарықтардағы оның кепілдік жарналарын пайдалануға құқығы бар.



*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

3. Дефолтты реттеу шегінде Биржа келесідей процедураларды жүзеге асырады:

- 1) дәрменсіз клирингілік қатысушының өз кепілдік жарналарын және барлық биржалық нарықтардағы меншікті қамтуларын, сондай-ақ егер дефолт клиенттік клирингілік шот бойынша жіберілген болса, осындай шоттағы қамтуды шешіп алу құқығын уақытша тоқтатады;
- 2) құрамына дефолт жіберілген клирингілік шотта ескерілетін қамтамасыз ету кіретін барлық сауда-клирингілік шоттарды көрсете отырып, тиісті биржалық нарықтың сауда-саттық жүйелеріне өтінім беру мүмкіндігін уақытша тоқтатады;
- 3) СКШ+/есептік код шоты бойынша маржа бойынша дефолт жағдайында дәрменсіз клирингілік қатысушының/оның Уәкілетті сауда-саттыққа қатысушысының атынан, маржа бойынша дефолт болған, оның клирингілік шотында есепке алынатын кез келген қамтамасыз етуді сату бойынша мәмілелер жасайды, және/немесе, осы Ережелердің 23 бабына сәйкес, есептік код бойынша бірыңғай шектелімнің/берешектің теріс мәнін жоятын, оның кез келген орындалмаған нетто-міндеттемелерін мәжбүрлеп жоюды жүзеге асырады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы және 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;

3-1) МП шоты бойынша маржа бойынша дефолт жағдайында мыналар есебінен клирингілік қатысу сертификаттарын шығаруды жүзеге асырады:

- дәрменсіз клирингілік қатысушының/оның МП шотында ескерілетін, маржа бойынша дефолт болған, ЖК шоты бойынша бірыңғай шектелімнің теріс мәнін жоятын көлемде, кез келген қамтамасыз етуді сату бойынша сауда-саттыққа уәкілетті қатысушысының атынан мәмілелер жасасу, бұл ретте аталған мәмілелер жасалатын мүлікті таңдауды Биржа дербес жүзеге асырады;
- дәрменсіз клирингілік қатысушының/оның Уәкілетті сауда-саттыққа қатысушысының маржа бойынша дефолт болған МП шотында ескерілетін кез келген қамтамасыз етуді МП шоты бойынша бірыңғай лимиттің теріс мәнін жоятын көлемде сату бойынша сауда-саттыққа уәкілетті қатысушысының атынан мәмілелер жасасу, бұл ретте аталған мәмілелер жасалатын мүлікті таңдауды биржа дербес жүзеге асырады.

Егер СКШ+ бойынша есепке алынатын ақша көрсетілген аударымды орындау үшін жеткіліксіз болса, ақшаның жетіспейтін сомасы клирингілік қатысушының осындай СКШ+ бойынша Биржа алдындағы нетто-міндеттемесі ретінде есепке алынады. Клирингілік қатысушының көрсетілген міндеттемесі жақын маңдағы клирингілік пулға енгізіледі;

*(Осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

- 4) кепілдік жарна бойынша дефолт жағдайында өзінің жеке клирингілік шотында есепке алынатын кез келген қамтамасыз етуді сату бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының/оның сауда-саттыққа уәкілетті қатысушысының атынан мәмілелер жасасады және/немесе оның өз клирингілік шоты бойынша орындалмаған кез келген нетто-міндеттемелерін мәжбүрлеп жоюды жүзеге асырады, осы Ережелердің 23 бабына сәйкес кепілдік жарна бойынша орындалмаған нетто-міндеттемелер мөлшерінде дәрменсіз клирингілік қатысушының кепілді

жарнаның жеткілікті көлеміне алып келетін және (немесе) меншікті клирингілік шотта есепке алынатын қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*;

- 5) нетто-міндеттемелер дефолты жағдайында және (немесе) 20 баптың 1 тармағының 2)-6) тармақшаларында анықталған жағдайларда дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерін мәжбүрлі түрде жоюды қорытынды нетто-міндеттемені барынша төмендету және қорытынды нетто-міндеттемені (болған жағдайда) жабу мәмілелерін жасасу мақсатында оның атынан/оның сауда-саттыққа уәкілетті қатысушысының атынан қарама-қарсы бағыттағы теңгерімдеуші мәмілелерді жасасу арқылы дәрменсіз клирингілік қатысушыны, осы Ережелердің 26 бабы 1 тармағының 1)-5) тармақшаларында анықталған тәртіптегі кезектілікпен қамтамасыз ету;

Егер осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген іс-әрекеттердің нәтижелері бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының қорытынды нетто-міндеттемесі өтелмеген жағдайда, осы Ережелердің 22 бабына сәйкес бөлу процедурасын және есеп айырысуды жүзеге асырады.

Осы Ережелердің 24 бабына сәйкес клирингілік қорлар есебінен адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған талаптарын жоюды жүзеге асырады.

Дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемелері бойынша тұрақсыздық төлемін есептейді.

Дәрменсіз және адал клирингілік қатысушыларға осы Ережелерге сәйкес жою жүргізу қорытындылары бойынша клирингілік есептерді жібереді.

- 6) осы Ережелердің 25 бабында белгіленген тәртіппен дәрменсіз клирингілік қатысушының мәмілелерінің 20 бабы 1 тармағының 7), 8) тармақшаларына сәйкес жарамсыз деп мойындалған мәмілелерін жоюды жүзеге асырады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

## 22 бап. Бөлу процедурасы

1. Бөлу процедурасы адал клирингілік қатысушының талаптарын жартылай орындау мақсатында жүзеге асырылады.
2. Адал клирингілік қатысушылардың талаптарын жартылай орындау мақсатында бөлу процедурасын жүргізу кезінде адал клирингілік қатысушының әрбір клирингілік шоты бойынша нетто-талаптың мөлшері мынадай формула бойынша анықталады:

$$EX_p = Q_p \cdot (\sum Q_p - EX_{nku}) / \sum Q_p$$

$EX_p$  – бөлінуге жататын қаражат есебінен жартылай орындау үшін адал клирингілік қатысушының  $p$ -лік клирингілік шоты бойынша нетто-талаптың мөлшері

$p$  – нетто-талаптары орындалмаған адал клирингілік қатысушының клирингілік шоты  $p=1, 2, \dots, X$ ;

$Q_p$  – адал клирингілік қатысушының  $p$ -лік клирингілік шоты бойынша нетто-талаптардың көлемі;

$EX_{nku}$  – бөлуге жататын, қаржылардың көлемі.

3. Адал клирингілік қатысушының әрбір клирингілік шоты бойынша орындалмаған нетто-талаптың мөлшері оларды жартылай орындағаннан кейін мынадай формула бойынша есептеледі:

$$D_p = Q_p - EX_p, \text{ мұнда}$$

$D_p$  – р-лік адал клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-талабының мөлшері.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

**23 бап. Биржа солар бойынша Орталық контрагент функцияларын атқаратын мәмілелер бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемесін мәжбүрлі түрде жою**

*(Осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

1. Дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемесін мәжбүрлі жою (бұдан әрі – мәжбүрлі жою), биржалық нарықтардың ерекшеліктерін ескере отырып, келесі мәмілелерді жасасу арқылы жүзеге асырылады:
  - 1) орындалмаған қарсылама нетто-міндеттемелер бойынша нетто-талап пайда болған, осындай талаптың толық көлеміндегі, қаржы құралын сату бойынша және нетто-талап бойынша жайғасымды толық жабу мақсатында орындалмаған нетто-міндеттеме көрсетілген, қаржы құралын сатып алу бойынша теңгеруші мәмілелер;
  - 2) дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтамасыз етілуі және/немесе кепілдік жарналары құрылған қаржы құралдарын сату және оның орындалмаған қорытынды міндеттемесі көрсетілген қаржы құралын сатып алу бойынша жабу мәмілелері.
  - 3) деривативтер нарығында – жабушы мәмілелер, орындалмаған нетто-міндеттемені қалыптастырған дәрменсіз клирингілік қатысушының мәмілелеріне кері.

*(Осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы, 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі және 2020 жылдың 29 маусымындағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*

2. Мәжбүрлеп жою келесідей тәртіпте жүзеге асырылады:
  - 1) Биржаның осы баптың 3-тармағында көрсетілген тәсілдердің бірімен адал қатысушылар алдында Биржаның орындалмаған нетто-міндеттемесі құрылған қаржы құралын сатып алудың теңгерімдеуші мәмілелерін жасасуы;

Егер осы міндеттеменің есеп айырысу күнімен Биржаның орындалмаған нетто-міндеттемесі құрылған қаржы құралын сатып алуды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, орындалмаған осы нетто-міндеттеменің есеп айырысу күніне барынша жақындатылған есеп айырысу күнімен қаржы құралының қажетті санын сатып алу және жасалған сатып алу мәмілесінің есеп айырысу күнімен және орындалмаған нетто-міндеттеменің есеп айырысу күнімен репо операциясы жүзеге асырылады, олар неттинг арқылы есеп айырысудың қажетті күнімен нетто-жайғасымдардың мөлшерін барынша максималды төмендетуге мүмкіндік береді;
  - 2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес кері бағыттағы, Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан өзімен теңгеруші мәмілелер

жасап, Биржа мен дәрменсіз клирингілік қатысушының теңгеруші мәмілелері мен орындалмаған нетто-жайғасымдары бойынша талаптар мен міндеттемелердің неттингін жүргізеді.

Осы тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацына сәйкес жасалған теңгерімдеуші мәмілелер жасалған жағдайда, дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан биржа жасасқан сатып алу теңгерімдеуші мәмілесінің есеп айырысу күні орындалмаған нетто-міндеттеменің есеп айырысу күніне сәйкес келеді, ал мәміле бағасы жасалған репо операциясының / шетел валютасымен операцияның (шартты түрде "қысқа мерзімді валюталық своп" деп аталатын) құнын ескеретін және Биржалық қызметтің ережелеріне сәйкес анықталатын шамаға түзетіледі (бұдан әрі – шетел валютасымен операциялар)

- 3) деривативтер нарығында – Биржаның дәрменсіз клирингілік қатысушының және адал клирингілік қатысушылардың атынан өзімен жабу мәмілелерін жасасуы;
- 4) осы тармақтың 1)-3) тармақшаларына сәйкес Биржа және клирингілік қатысушылар жасасқан теңгерімдеуші мәмілелер / жабу мәмілелерінің бағалары мен орындалмаған неттожайғасымдарды қалыптастырған мәмілелер бағалары арасындағы нарықтық айырма көрсетілген мәмілелердің неттингін жүргізу кезінде немесе дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржаға нетто-талабын немесе дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржа алдындағы нетто-міндеттемесін құрайды. Бұл ретте, дәрменсіз клирингілік қатысушының болашақ есеп айырысу күнімен қалыптасқан нетто-міндеттемесі, ол қалыптасқан күні орындалуға жатады және тоқтатылған деп танылады;
- 5) дәрменсіз клирингілік қатысушының осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген Биржаға қойылатын нетто-талабын Биржа есеп айырысу коды бойынша бірыңғай шектелімнің / берешекті өтеудің теріс мәнін жою және/немесе кепілдік жарна бойынша талаптарды орындау үшін пайдаланады.

Биржа Басқармасының шешімі бойынша осы Ережелерге сәйкес есептелген тұрақсыздық төлемін/айыппұлдарды төлеу үшін, сондай-ақ өзара есеп айырысу арқылы Биржа алдындағы дәрменсіз клирингілік қатысушының міндеттемелері бойынша кез келген берешектерді өтеу үшін нетто-талапты пайдалануға құқығы бар.

Бұл ретте егер бұл талап теңгемен болмаса, Биржа осы баптың 3 тармағында белгіленген әдістердің бірімен, дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-талабын қалыптастыратын, қаржы құралының теңгеге сатылуы бойынша мәміле жасасады;

- 6) осы тармақтың 4) тармақшасында белгіленген, дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржа алдындағы нетто-міндеттемесі, осы Ережелердің 26 бабы 1 тармағының 1)-5) тармақшаларында анықталған кезектілікпен, "дефолтты жабу үшін қамту пулы"-на кіретін, дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтуы мен кепілдік жарналары есебінен, өзара есептесу арқылы, жабылады.

Осы нетто-міндеттеме, дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтуы және/немесе кепілдік жарнасы қалыптастырылған, қаржы құралымен болмаса, Биржа:

Осы баптың 3 тармағында белгіленген, әдістердің бірімен өз атынан жабу мәмілелерін жасайды;

өзіне қатысты дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан, алдыңғы абзацқа сәйкес жасалған мәмілелердің көлемінде және шарттарымен, жабу мәмілелерін жасайды.

Бұл ретте, "жабу үшін қамту пулы"-ның белгілі бір түрі әртүрлі қаржы құралын құраса, жабу мәмілелерін жасасу үшін қаржы құралдар, осы Ережелердің 26 бабының 4 тармағында анықталған, кезетілікпен пайдаланылады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі, 2020 жылдың 29 маусымындағы, 2020 жылдың 11 қарашасындағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілді).*

3. Дефолтты реттеу процедураларын өткізгенде мәмілелер келесідей әдістермен көрсетілген кезектілікпен жасалады:

- 1) биржалық сауда-саттық барысында Биржа өтінімдер беру сәтінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде қолданылатын бағалар бойынша мәмілелер жасасуға өтінімдер береді. Өтінімдерді беру уақытын, сондай-ақ берілетін өтінімдердің көлемін Биржа дербес анықтайды;
- 2) егер осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген мәмілелерді жасау биржалық нарықтағы негізгі сауда-саттық сессиялары барысында толық немесе жартылай көлемде мүмкін болмаған жағдайда, Биржа Ұлттық Банкпен немесе Провайдер-банкпен немесе өзге де клирингілік қатысушымен қажетті көлемде қосымша сауда-саттық сессияларында және (немесе) сауда-саттықтың ұзартылған тәртіптемесінде және (немесе) Биржадан тыс нарықта Ұлттық Банкпен және (немесе) Провайдер-банкпен және (немесе) кез келген клирингілік қатысушымен келісімге сәйкес белгіленетін баға бойынша мәмілелер жасасуға құқылы. Бұл ретте, қаржы құралын сатып алу-сату мәмілелерінің бағасы, егер жасалатын мәміленің көлемі осы қаржы құралы үшін белгіленген шоғырлану лимитінің мәнінен аспаған жағдайда, осындай қаржы құралының есептік бағасынан диапазонда (+маржа мөлшерлемесі) – (-маржа мөлшерлемесі) және егер жасалатын мәміленің көлемі шоғырлану лимитінен артық болған жағдайда, осындай қаржы құралының есептік бағасынан диапазонда (+шоғырлану мөлшерлемесі) – (-шоғырлану мөлшерлемесі) болуы тиіс. Қор және валюта нарықтарында егер биржалық сауда-саттық барысында баға дәліздері шекараларын жылжыту жүзеге асырылған болса, онда жылжыту шамасы есептік бағаны жылжытудың тиісті шамасына сәйкес өзгертеді *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы және 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімдерімен өзгертілген);*
- 3) осы тармақтың алдыңғы тармақшаларына сәйкес мәмілелер жасасу мүмкін болмаған жағдайда, Биржа өз атынан дефолт орын алған қаржы құралы бойынша талаптары бар адал клирингілік қатысушылармен осы сауда-саттық сессиясын жабу сәтінде қолданыстағы тиісті есеп айырысу күнімен қаржы құралының есеп айырысу бағалары бойынша мәмілелер жасайды *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

Дефолт болған қаржы құралы бойынша нетто-талаптары бар бірнеше адал қатысушы болған жағдайда, адал клирингілік қатысушының әрбір клирингілік шоты үшін мәміле көлемі мынадай формула бойынша анықталады:

$$V_p = Q_p * (U_{nk} / \sum Q_p)$$

$V_p$  – өзіне қатысты мәміле жүзеге асырылатын адал клирингілік қатысушының  $p$ -лік клирингілік шотының нетто-талабының мөлшері;

$P$  – дефолт орын алған қаржы құралында нетто-талабы бар адал клирингілік қатысушының клирингілік шоты  $p=1, 2, \dots, X$ ;

Qp – дефолт орын алған қаржы құралы бойынша адал клирингілік қатысушының клирингілік шоты бойынша нетто-талаптың мөлшері;

Unku – дефолт болған қаржы құралы бойынша орындалмаған нетто-міндеттеменің мөлшері.

*(Осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

4. Биржаның осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, клирингілік қатысушы дәрменсіз деп мойындалған күннен кейінгі күннен бастап үш сауда-саттық күні ішінде мәжбүрлеп жоюды жүзеге асыруға құқығы бар.

Валюта немесе қор нарығында маржа бойынша дефолт болған жағдайда Биржа клирингілік қатысушы дәрменсіз деп мойындалған күні мәжбүрлеп жоюды жүзеге асыруға құқылы.

Бұл ретте Биржа осы Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес сауда-саттықтың әрбір күнін жабу қорытындылары бойынша мәжбүрлеп жою жүзеге асырылмаған орындалмаған нетто-міндеттемелерге қатысты жайғасымдарды ауыстыру процедурасын жүзеге асырады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы және 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімдерімен өзгертілген)*

5. Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушыға мәжбүрлі жою аяқталған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей, мәжбүрлі жою бойынша әрекеттердің жүзеге асырылуы туралы хабарлап, клирингілік есепті және/немесе, келесі туралы ақпараттарды мазмұндайтын, өзге де ескертпелер жолдайды *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы және 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген)*:

- 1) дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-талаптары мен нетто-міндеттемелерінің тоқтатылуы;
- 2) Биржаның дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан теңгеруші мәмілелерді және жабу мәмілелерін жасасуы;
- 3) мәжбүрлі жою нәтижесінде пайда болған, дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелері және/немесе нетто-талаптары;
- 4) дәрменсіз клирингілік қатысушының қамту шоттарындағы (Биржа есеп айырысу ұйымы рөлін атқарған жағдайда) және кепілдік жарналар шоттарындағы қалдықтар;
- 5) осы Ережелермен бекітілген, дефолтты реттеу бойынша процедураларды өткізу шарттары мен тәртібіне сәйкес өзге де мәліметтер.

6. Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан, осы баптың 3) тармағының 3) тармақшасына сәйкес мәмілелер жасасқан жағдайда, Биржа адал клирингілік қатысушыларға клирингілік есеп және/немесе келесі туралы ақпаратты мазмұндайтын жазбаша ескертпелер жолдайды:

- 1) дефолттың туындау факті;
- 2) Биржа адал клирингілік қатысушының атынан теңгеруші және/немесе жабу мәмілелерін жасасуы;



- 3) Биржаның жоғарыда аталмыш мәмілелер жасасуы нәтижесінде адал клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-жайғасымдарының тоқтауы және осы мәмілелерді өткізу нәтижесінде нетто-міндеттемелердің және/немесе нетто-талаптардың туындауы (бар болса);
- 4) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталған).*
7. Дәрменсіз клирингілік қатысушы, сондай-ақ адал клирингілік қатысушылар, оның атынан Биржа, осы бапқа және оларға Биржа жолдаған клирингілік есептеге, сәйкес мәжбүрлі жою шегінде жасасқан барлық мәмілелер бойынша барлық міндеттемелерді орындауға міндетті *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*
8. Биржа, дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан, сондай-ақ адал клирингілік қатысушының атынан өзімен мәмілелер жасауға қатысты әрекет ете отырып, осы Ережелерге сәйкес, арнайы өкілеттіліксіз (сенімхатсыз), сондай-ақ дәрменсіз және адал клирингілік қатысушылардың келісімісіз, барлық заңды және нақты әрекеттерді жүзеге асырады.
9. Дәрменсіз клирингілік қатысушы олар туралы мәліметтер биржалық нарықтардың ерекшеліктерінде көрсетілген cut-off time уақытының 5 тармағына сәйкес клирингілік есепте берілген мәжбүрлі жою нәтижелері бойынша нетто-міндеттемелерді орындамаған жағдайда, мәжбүрлеп жою жүзеге асырылған күні Биржа адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған талаптарын жоюды жүзеге асырады және осы Ережелердің 29 бабы 5 тармағының 2) тармақшасына сәйкес дәрменсіз клирингілік қатысушыға тұрақсыздық төлемін есептейді. *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі және 2020 жылдың 11 қарашамсындағы шешімдерімен өзгертілген).*
10. Биржа осы Ережелерге сәйкес есептелген тұрақсыздық айыбын/айыппұлдарды төлеу үшін, сондай-ақ өзара есеп айырысу арқылы Биржа алдындағы дәрменсіз клирингілік қатысушының міндеттемелері бойынша өзге де берешектерді өтеу үшін дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтамасыз етуі мен кепілдік жарналарын пайдалануға құқылы.  

Бұл ретте, дәрменсіз клирингілік қатысушыны қамтамасыз ету және кепілдік жарналары теңгемен қалыптастырылмаған жағдайда, Биржа кез келген клирингілік қатысушыны өтеу мақсатында осы баптың 3 тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тәсілдердің бірімен теңгеге дәрменсіз клирингілік қатысушыны қамтамасыз ету және/немесе кепілдік жарнасы құрылған қаржы құралын сату бойынша мәмілелер жасайды. дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржа алдындағы берешектері.

Бұл ретте, егер дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтамасыз етуі мен кепілдік жарналары теңгемен қалыптастырылмаған жағдайда, дәрменсіз клирингілік қатысушыны теңгемен қамтамасыз ету және/немесе кепілдік жарнасы, осы баптың 3 тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тәсілдердің бірімен құрылған, дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржа алдындағы кез келген берешегін өтеу мақсатында Биржа қаржы құралын сату бойынша мәмілелер жасайды.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).*
11. Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушыдан мәжбүрлі жою нәтижесі бойынша туындаған нетто-міндеттемелерді орындауды, сондай-ақ Биржаның алдындағы өзге қарыздарын өтеуді сот тәртібінде талап етуге құқылы.

12. Дәрменсіз клирингтік қатысушы мәжбүрлі жою аяқталғаннан кейін, барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін, сондай-ақ тұрақсыздық төлемдерді/айыппұлдарды және Биржаның алдындағы өзге де қарыздарды түгел төлегеннен кейін, өз қамтуының және/немесе кепілдік жарнасының қалғанын қайтарып алуға құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

**24 бап.**

**Орталық контрагент функцияларын орындағанда дәрменсіз клирингтік қатысушының орындалмаған талаптарын жою. Биржа жауапкершілігінің мөлшерін шектеу**

1. Биржа орталық контрагенттің функцияларын өзіне ала отырып, осы Ережелердің 26 бабы 1 тармағының 6) және 7) тармақшаларына сәйкес дефолтты жабу үшін қамтамасыз ету пулының құрамына кіретін, дефолт болған биржалық нарықтың клирингтік қорлары мөлшерінде өз жауапкершілігін шектеуді ескере отырып, әрбір адал клирингтік қатысушы алдында нетто-міндеттемелерді орындауға кепілдік береді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. Егер 23 баптың 9 тармағына сәйкес жүзеге асырылған мәжбүрлеп жоюды жүзеге асыру қорытындылары бойынша дәрменсіз клирингтік қатысушының Биржа алдындағы міндеттемелері толық көлемде орындалмаған жағдайда немесе осы Ережелердің 25 бабының 4 тармағына сәйкес жүзеге асырылған жою неттингінің нәтижелері бойынша дәрменсіз клирингтік қатысушының орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда, Биржа осы Ережелердің 22 бабына сәйкес, Биржа әрбір адал қатысушы алдында орындайтын міндеттемелердің мөлшерін анықтау мақсатында оларды бөлу процедурасын жүзеге асырады және осы баптың 1 тармағына сәйкес клирингтік қорлардың қаражаты есебінен биржаға әрбір адал клирингтік қатысушының қалған орындалмаған талаптарын жою (бұдан әрі-талаптарды жою) процедурасын көрсетілген дәйектілікпен және мәжбүрлеп жоюды немесе жою неттингін жүзеге асыру үшін белгіленген мерзімдерде жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі және 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*.
3. Адал клирингтік қатысушылардың Биржаға орындалмай қалған талаптары клирингтік қорлары қалыптастырылған қаржы құралдарымен болмаса, Биржа осы талаптар бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында, осы Ережелердің 23 бабының 3 тармағында анықталған, әдістердің бірімен, клирингтік қорлар қалыптастырылған қаржы құралдарын сату және адал клирингтік қатысушылардың орындалмаған талаптары қалыптастырылған қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәмілелер жасасады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Резервтік қорлар мен адал клирингтік қатысушылардың кепілдік жарналары есебінен адал қатысушылардың талаптарын жою үшін клирингтік қорлардың мөлшері мен оларды пайдалану тәртібі, сондай-ақ Sk шамасы ретінде есептелетін әрбір адал клирингтік қатысушының пайдаланылған кепілдік жарнасының мөлшерін есептеу осы Ережелердің 27 бабында белгіленген *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
5. Әр адал клирингтік қатысушысының алдында клирингтік қорлар есебінен жабылатын талаптардың мөлшері, адал клирингтік қатысушының орындалмаған талаптарын жабу үшін кепілдік қордың қаржысы жеткілікті және сақтық қордың қаржысы жеткілікті болмаған жағдайда, осы Ережелердің 27 бабының 2 тармағына сәйкес, F<sub>p</sub> үлкендігі ретінде

есептеледі, сақтық және кепілдік клирингілік қорларды қаржылары жеткілікті болмаған жағдайда, осы Ережелердің 27 бабының 3 тармағына сәйкес, L<sub>p</sub> үлкендігі ретінде есептеледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

6. Биржаның адал клирингілік қатысушылар алдындағы нетто-міндеттемелері осы баптың 5 тармағына сәйкес есептелетін, адал клирингілік қатысушылар алдындағы орындалған талаптардың тиісті сомасына төмендетіледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
7. Биржаның адал клирингілік қатысушылары алдындағы қалған орындалмаған міндеттемелер орындалуы кейінге қалдырылған міндеттемелер деп, ал тиісінше адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған талаптары кейінге қалдырылған талаптар деп мойындалады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
8. Талаптарды жою аяқталған және клирингілік қорлардың қаржылары пайдаланылған күнінен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей, Биржа адал клирингілік қатысушыларға келесі ақпараттарды мазмұндайтын клирингілік есептер және/немесе өзге де жазбаша ескертпелерді жолдайды:
  - 1) дефолт фактісінің туындауы және, дефолтты реттеу үшін пайдаланылған, сақтық қордың мөлшері;
  - 2) талаптарды жоюды жүзеге асыру үшін клирингілік қатысушының кепілдік жарнасын пайдалану көлемі;
  - 3) клирингілік қатысушылар кепілдік қорға кепілдік жарналарда қалпына келтіру үшін қажетті, сомалардың көлемі;
  - 4) кейінге қалдырылған талаптардың көлемі (бар болса);
  - 5) жүзеге асырылған талаптарды жою шегінде адал клирингілік қатысушының атынан Биржа жасасқан сату мәмілелері;
  - 6) осы Ережелерде белгіленген дефолтты реттеу бойынша процедураларды өткізу шарттары мен тәртіпке сәйкес басқа да мәліметтер.
9. Клирингілік қорларды қалпына келтіру тәртібі, кепілдік жарналарға қатысты клирингілік қатысушылардың құқықтары мен міндеттері осы Ережелердің 28 бабында анықталған.
10. Талаптарды жоюды жүзеге асыру нәтижесінде нетто-талаптары толық орындалмаған адал клирингілік қатысушы, осы баптың 11 тармағында анықталған, жағдайлардан басқа кезде, оларды орындалуын талап етуге құқылы емес.
11. Биржаның адал клирингілік қатысушылардың алдында орындалуы кейінге қалдырылған міндеттемелердің көлемі келесі жағдайларда азайтылуы мүмкін:
  - 1) дәрменсіз клирингілік қатысушы Биржаның алдындағы қарызын өзі неіесе өзге тұлғалар өтеген жағдайда;
  - 2) дәрменсіз клирингілік қатысушылардың Биржа алдындағы орындалмаған міндеттемелері бойынша сот тәртібінде зарыздарды өндіріп алғанда.
  - 3) клирингілік қатысушыны терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінен алып тастау нәтижесінде.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

12. Дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне түскен немесе оның есеп шоттарында есепке алынатын және клирингілік қатысушыны Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінен және/немесе террористік қызметке қатысы бар адамдар тізімінен алып тастау нәтижесінде қол жетімді болған қаржы құралдарын және жаппай қырып-жою қаруын жоюды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесін Биржа оларды алған/тиісті оқиға басталған күннен кейінгі екі жұмыс күні ішінде келесі тәртіпте пайдаланады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен толықтырылған)*:
  - 1) адал клирингілік қатысушының алдындағы Биржаның орындалуы кейінге қалдырылған міндеттемелерін өтеу;
  - 2) клирингілік қатысушылардың қолданылған кепілдік жарналарын қайтару;
  - 3) қаржылары қолданылған, клирингілік сақтық қорды қалпына келтіру *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
13. Дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржа алдындағы берешегін осы баптың 12 тармағында тізілген кез келген тәсілмен өтеген жағдайда, Биржа осы Ережелердің 27 бабының 2 немесе 3 тармағына сәйкес клирингілік қорларды пайдалану есебінен әрбір адал клирингілік қатысушының алдында нетто-талаптарды орындау үшін қолданылған пропорцияларда адал клирингілік қатысушылардың алдында орындалуы кейінге қалдырылған міндеттемелерді өтеу үшін алынған қаржы құралдарын бөледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
14. Адал клирингілік қатысушылардың алдындағы Биржаның кейінге қалдырылған міндеттемелер Биржа осы баптың 12 тармағына сәйкес, атқарушы сот органының шешімін орындау бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржаның алдындағы қарызын өтеп алу есебіне алынған немесе, қаржы құралдарды, Биржаныі "Есепке алу саясаты" атты Биржаның ішкі құжатында мерзімі өткен қарызды есепке алу үшін қарастырылған, мерзімде және тәртіпте осы қарыз Биржаның балансынан шегерілгеннен кейін, өтелді деп саналады. Биржа адал клирингілік қатысушыларға Биржаның кейінге қалдырылған міндеттемелер бойынша олардың талаптарының тоқтатылуы туралы тоқтатылған күні ескертпе жолдайды.
15. Биржа балансынан шегеріліп алынған қарызды қарыздар өтеп, адал клирингілік қатысушының алдындағы кейінге қалдырылған міндеттемелер тоқтаған жағдайда, аударылған сома, осы баптың 12 тармағында анықталған тәртіпте, осы баптың 13 тармағында анықталған пропорцияларда, адал клирингілік қатысушылардың арасында бөлінеді.

## **25 бап.**

### **Дәрменсіз клирингілік қатысушының жою неттингі**

1. Осы Ережелердің 20 бабы 1 тармағының 7) және 8) тармақшаларына сәйкес басқарма шешімінің негізінде жарамсыз деп танылған ОК-пен барлық мәмілелер бойынша жою неттингінің процедурасы дәрменсіз клирингілік қатысушының барлық клирингілік шоттары бойынша қорытынды нетто-талапты/нетто-міндеттемені анықтау мақсатында жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен толықтырылған)*.

2. Жарамсыз деп танылған барлық мәмілелер мынадай шамалардың сомасы ретінде теңгемен есептелетін жою неттингінің нәтижелері бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының әрбір клирингілік шоты бойынша нетто-талаптың/нетто-міндеттеменің туындауымен толық тоқтатылуға жатады (міндеттемелер "минус" белгісімен, талаптар "плюс" белгісімен есепке алынады") *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) жою неттингін жүргізу күнінің соңында белгіленген тиісті есеп айырысу бағалары бойынша қайта есептелген есеп айырысудың барлық күндері бойынша қаржы құралдарындағы міндеттемелер;
  - 2) биржалық жарналарды, сауда-саттық және клирингілік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелер;
  - 3) репо операциялары бойынша купондық кірісті беру бойынша міндеттемелер;
  - 4) жою неттингін жүргізу күнінің соңында белгіленген есеп айырысу бағалары бойынша қайта есептелген есеп айырысудың барлық күндері бойынша қаржы құралдарындағы талаптар.
3. Осы Ереженің 20 бабы 1 тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Басқарма шешімінің негізінде осындай деп танылған дәрменсіз клирингілік қатысушының клиенттік клирингілік шоты бойынша жою неттингінің нәтижелері бойынша нетто-талап/нетто-міндеттеме клирингілік шоттары бойынша мәмілелері жарамсыз деп танылған дәрменсіз клирингілік қатысушының меншікті клирингілік шотында есеп айырысудың ағымдағы күнімен ескеріледі.

Өзінің клиенттік клирингілік шоты бойынша жою неттингінің нәтижелері бойынша нетто-талапты/нетто-міндеттемені есепке алу нәтижелері бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының меншікті клирингілік шотында қорытынды нетто-міндеттеме болған жағдайда, дәрменсіз клирингілік қатысушы мұндай қорытынды нетто-міндеттемені қолданыстағы регламентке сәйкес таяудағы клирингілік сессия басталғаннан кешіктірмей орындауға міндетті.

Дәрменсіз клирингілік қатысушының меншікті клирингілік шоты бойынша қорытынды нетто-міндеттеме орындалмаған жағдайда, Биржаның клирингілік бөлімшесі Басқармаға нетто-міндеттемелерді дефолтқа байланысты нетто-міндеттемені орындалмаған деп мойындау туралы мәселені шығарады және осы Ережелердің 20 бабында аталған процедураларды жүзеге асырады.

Жою неттингінің нәтижелері бойынша нетто-талапты/нетто-міндеттемені есепке алу нәтижелері бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының меншікті клирингілік шотында қорытынды нетто-талап болған жағдайда немесе дәрменсіз клирингілік қатысушының міндеттемелерді орындауы қолданыстағы регламентке сәйкес жақын арадағы клирингілік сессия басталғаннан кешіктірмей, клирингілік бөлімше өзінің клиенттік клирингілік шотына қатысты жою неттингі процедурасының аяқталуына байланысты, олар бойынша мәмілелері жарамсыз деп танылған клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелерінің болмауына байланысты, клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындаудың күшін жою туралы мәселені Басқармаға шығарады.

Клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындаудың күшін жою туралы Басқарма шешімі болған жағдайда, Биржа осы мойындауға байланысты қабылданған өзге де шешімдердің күшін жоюға құқылы.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

4. Осы Ережелердің 20 бабы 1 тармағының 7) тармақшасына сәйкес дәрменсіз клирингілік қатысушыда жою неттингінің нәтижелері бойынша нетто-талап/нетто-міндеттеме болған жағдайда, Биржа мұндай нетто-талапты/нетто-міндеттемені Биржаның ішкі есепке алу жүйесіндегі жекелеген есеп шоттарында ескереді.

Дәрменсіз клирингілік қатысушыда жою неттингінің нәтижелері бойынша нетто-талап болған жағдайда, мұндай талапқа қатысты Биржа Шетел валюталары бойынша есеп айырысу ережелеріне және/немесе Бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу ережелеріне және/немесе Деривативтер бойынша есеп айырысу ережелеріне сәйкес тыйым салу процедурасын жүзеге асырады.

Дәрменсіз клирингілік қатысушының Биржа алдында жою неттингін жүргізу нәтижелері бойынша орындалмаған нетто-міндеттемесі болған жағдайда, Биржа жою неттингін жүргізу нәтижелері бойынша өзінің қарама-қарсы міндеттемелерін орындау мақсатында осы Ережелердің 24 бабына сәйкес клирингілік қорлардың есебінен жою неттингінің нәтижелері бойынша құрылған нетто-міндеттеме мөлшерінде адал клирингілік қатысушылардың алдында орындалмаған талаптарды жоюды жүзеге асырады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

5. Биржа дәрменсіз клирингілік қатысушыға осы баптың 2 тармағына сәйкес есептелген дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемесін өндіріп алу туралы талап қоюға және оның сот тәртібімен орындалуын талап етуге құқылы.

*(Осы бап Биржаның Директрлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

## **26 бап. Дефолтты жабу үшін қамтамасыз ету пулы**

1. Дәрменсіз клирингілік қатысушының, мәжбүрлеп таратуды жүзеге асыру кезінде теңгерімдеуші мәмілелерді жасасу нәтижелері бойынша пайда болған, орындалмаған нетто-міндеттемелерін жабу мақсатында, сондай-ақ Биржаның белгілі бір биржалық нарығында адал клирингілік қатысушылар алдында ОК-пен мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелерін орындау мақсатында, мынадай реттілікпен мынадай қамтамасыз ету түрлерінен (бұдан әрі – дефолтты жабу үшін қамтамасыз ету пулы) қаржы құралдары пайдаланылады:

- 1) егер дефолт осы клиенттік шот бойынша міндеттемелер бойынша орын алған жағдайда, көрсетілген клирингілік шотпен байланысты, дәрменсіз клирингілік қатысушының клиенттік/клиенттік кастодиандық клирингілік шоты/ МП клиенттік шоты бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етуді құрайтын, есеп айырысу ұйымындағы қаржы құралдары. Бұл ретте, осы дәрменсіз клирингілік қатысушының дефолтқа жол берілмегендер өзге де клиенттік/клиенттік кастодиандық клирингілік шоттары/МП клиенттік шоттары бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етудің құрайтын, қаржы құралдарын пайдаланылмайды;
- 2) клирингілік қатысушы дефолтқа жол берген және дефолт меншікті клирингілік шоты/МП меншікті шоты бойынша болған жағдайда дәрменсіз деп танылған биржалық нарықтың дәрменсіз клирингілік қатысушысын меншікті клирингілік шоты бойынша қамтамасыз ету.

Егер дефолт клиенттік/клиенттік кастодиандық клирингілік шот бойынша орын алған жағдайда, Биржа меншікті клирингілік шоттағы қамтамасыз етуді және/немесе меншікті МП шотындағы осындай клирингілік шот бойынша нетто-міндеттемеден асатын мөлшерде, есеп айырысудың



ағымдағы күнімен және осындай клирингілік шот бойынша қамтамасыз етуге Биржаның талаптарынан асатын, дәрменсіз клирингілік қатысушыны қамтамасыз етуін пайдалануға құқылы;

- 3) дәрменсіз клирингілік қатысушының өзі дефолтқа жол берген және дәрменсіз деп танылған биржалық нарықтың клирингілік кепілдік қорына кепілдік жарнасы;
- 4) клирингілік қатысушы есеп айырысудың ағымдағы күнімен дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемесінен және өзінің клирингілік шоты бойынша қамтамасыз етуге қойылатын талаптардан асатын мөлшерде дефолтқа жол бермеген кез келген биржалық нарықты қамтамасыз етудің меншікті шоттарындағы дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтамасыз етуі;
- 5) дәрменсіз клирингілік қатысушының кез келген биржалық нарықтың клирингілік кепілдік қорына кепілдік жарнасы, егер оның осы нарықта орындалмаған міндеттемелері болмаса;
- 6) дефолт жіберілген биржалық нарықтың клирингілік резервтік қоры;
- 7) осы Ережелердің 27 бабының 1 тармағына сәйкес есептелетін мөлшерде тиісті клирингілік кепілдік қорына адал клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналары

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы және 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген):*

- 1-1. Клирингілік қатысушының ақшасы мен қаржы құралдары, ол терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне, террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізіміне, жаппай қырып-жою қаруын жоюды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайда, қандай да бір биржалық нарықта дефолтты реттеу үшін пайдалануға жатпайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.
2. Қандай да бір биржалық нарықта болған дефолтты реттеу үшін бір клирингілік күн үшін пайдалануға болатын, клирингілік сақтық қордың максималды үлесі 25 % аспауы тиіс.
3. Дефолтты жабуға арналған қамтамасыз ету пулының белгілі бір түрін әртүрлі қаржы құралдары құраған жағдайда, орындалмаған міндеттемелерді жабу мақсатында мәмілелер жасасу кезінде оларды пайдалану үшін олардың мынадай кезектілігі қолданылады:
  - 1) орындалмаған міндеттеменің есеп айырысу валютасы;
  - 2) келесі реттіліктегі өзге валюта: KZT, USD, EUR, RUB;
  - 3) Биржаның таңдауы бойынша Орталық депозитарийдегі жеке шоттың KASE бөліміндегі кез келген бағалы қағаздар;
4. Клирингілік қорларды пайдалану және қалпына келтіру, осы Ережелердің 27 және 28 баптарына сәйкес, жүзеге асырылады.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

## **27 бап. Клирингілік қорларды қолдану тәртібі**

1. Қандай да бір биржалық нарықтың клирингілік кепілдік қорына адал клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналарынан пайдаланылатын ақша сомасын есептеу үшін мынадай формула қолданылады:

$$S_k = \min\left(\frac{D-R}{N}; G_k\right), \text{ мұнда}$$

- $S_k$  – k-лік адал клирингілік қатысушының кепілдік жарнасынан қолданылатын, ақша сомасы;
- $k$  – адал клирингілік қатысушы,  $k=1, 2, \dots, N$ ;
- $\min$  – жақшаның ішіндегі мәндердің ең кішісін анықтайтын, математикалық функция;
- $D$  – адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-талаптарының  $\sum_p D_p$ , ретінде есептелетін жиынтық мөлшері, мұнда  $D_p$  осы Ережелердің 22 бабының 3 тармағына сәйкес анықталады;
- $G_k$  – k-лік адал клирингілік қатысушының кепілдік жарнасының минималды қажетті мөлшері;
- $R$  – адал клирингілік қатысушының нетто-талаптарын өтеу үшін қолжетімді, осы Ережелердің 26 бабының 2 тармағында белгіленген шектеулерді ескеріп, қандай да бір биржалық нарықтың клирингілік сақтық қорының ақша.
- $N$  – адал клирингілік қатысушылардың саны.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі және 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*

2. Қандай да бір биржалық нарықтың клирингілік резервтік қорының ақшасын адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-талаптарын жабуға пайдаланған кезде осындай резервтік қордың қаражаты есебінен жабылатын әрбір адал клирингілік қатысушының нетто-талабының мөлшерін есептеу үшін мынадай формула қолданылады:

$$F_p = \min\left(\left(R * \frac{D_p}{D}\right); D_p\right), \text{ мұнда}$$

- $F_p$  – p-лік адал клирингілік қатысушының, клирингілік сақтық қордың қаржылары есебінен жабылатын, нетто-талаптарының көлемі;
- $p$  – нетто-талаптары орындалмаған, адал клирингілік қатысушы  $p=1, 2, \dots, X$ ;
- $D_p$  – осы Ережелердің 22 бабының 3 тармағына сәйкес есептелген p-лік адал клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-талаптарының мөлшері;
- $D$  – осы баптың 1 тармағында көрсетілген, белгі;
- $R$  – осы баптың 1 тармағында көрсетілген, белгі.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі және 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген).*

3. Клирингілік кепілдік қорының қаражаты есебінен өтелетін әрбір адал клирингілік қатысушының нетто-талабының мөлшерін есептеу үшін адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-талаптарын жабуға қандай да бір биржалық нарықтың клирингілік кепілдік қорының ақшасын пайдаланған кезде мынадай формула қолданылады:

$$L_p = \min\left(\left(G * \frac{D_p}{D}\right); (D - R) * \frac{D_p}{D}\right), \text{ мұнда}$$

- $G$  – мәжбүрлеп жою процедурасы немесе жою неттингі процедурасы жүзеге асырылған дәрменсіз клирингілік қатысушының кепілдік жарнасын қоспағанда, дефолт болған биржалық нарықтың кепілдік қорының мөлшері;

Лр – клирингілік кепілдік қорының қаражаты есебінен өтелетін р-лік адал клирингілік қатысушының нетто-талабының мөлшері.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі және 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*

4. Клирингілік қорлардың қаражатын пайдалану осы Ережелердің 24 бабында белгіленген тәртіппен ОҚ-пен жасалған мәмілелер бойынша адал клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-талаптарын жою процедурасын жүргізу шеңберінде жүзеге асырылады *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*

## **28 бап. Клирингілік қорларды қалпына келтіру тәртібі**

1. Клирингілік қордан соның міндеттемелерін орындау үшін қаржылар қолданылған, дәрменсіз клирингілік қатысушы оларды толық көлемде және, осы Ережелерде белгіленген, шарттар мен тәртіпте өтеуі тиіс.
2. Клирингілік қатысушы клирингілік сессияның қорытындысы бойынша, клирингілік қордың қаржыларын қалпына келтіру (өтеу) бойынша оның міндеттемелері тіркелген, клирингілік есепті алған күннен кейін үш жұмыс күн аралығында осы міндеттемені толық көлемде орындауы тиіс.
3. Адал клирингілік қатысушы, осы Ережелердің 18 бабында анықталған тәртіпте кепілдік қорға кепілдік жарнасын қалпына келтіру бойынша клирингілік есепті алған күннен кейін келесі күннен бастап бес жұмыс күн аралығында кепілдік жарнасын аударуы тиіс.

Тиісті биржалық нарықтың кепілдік қорына жарналарды аудару бойынша аталған міндеттеме адал клирингілік қатысушыда есеп айырысу күнінде 1 (бір) рет, бір күнтізбелік жыл барысында 6 (алты) реттен жиі туындамайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

4. Клирингілік қатысушы осы баптың 2 немесе 3 тармағында белгіленген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, осы Ережелерде және Қағидада қарастырылған шаралар қолданылады.
5. Дәрменсіз клирингілік қатысушы осы баптың 2 тармағында белгіленген міндеттемелерді толық көлемде орындаған жағдайда, Биржа адал клирингілік қатысушыларға келесі туралы хабараландырады:
  - 1) дәрменсіз клирингілік қатысушының клирингілік қорлардың қаржыларын қалпына келтіру (өтеу) бойынша міндеттемелерін орындағаны туралы;
  - 2) өз кепілдік жарналарын толықтыру бойынша талаптарды орындаған, адал клирингілік қатысушылардың Биржаға eTransfer электрондық құжаттармен алмасу жүйесі арқылы аталмыш соманы қайтарып алуға құқығы туралы.
6. Осы Ережелерге сәйкес дефолтты реттеу бойынша процедураларды жүзеге асыру аясында адал клирингілік қатысушының кепілдік жарналарының қаржыларын қолданған жағдайда, адал клирингілік қатысушы Биржадан аталмыш клирингілік қордың есебінен жабылмаған талаптарын толық көлемде немесе жартылай өтеуін талап етуге құқы жоқ.

## **29 бап. Тұрақсыздық төлемдері**

1. Жосықсыз клирингілік қатысушыларға немесе дәрменсіз клирингілік қатысушыларға өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті

орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемдер/айыппұлдар осы Ережелерге сәйкес есептеледі.

2. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен алып тасталған).*
3. ОК-сыз жасалған мәмілелер бойынша дефолтқа жол берген жосықсыз клирингілік қатысушы Биржаның "Орталық контрагенттің функцияларын орындаусыз бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу және олар бойынша есеп айырысуларды (гросс-есеп айырысулар) жүзеге асыру тәртібі" және "ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде репо операцияларын жүзеге асыру қағидалары" ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес айыппұл төлейді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*
4. Жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушы қор және валюта нарықтарында жасалған ОК-пен жасалатын мәмілелер бойынша Биржаның жайғасымды ауыстыру процедурасын қолданғаны және (немесе) мәжбүрлеп жою процедурасын қолданғаны және (немесе) жою неттингі процедурасын қолданғаны үшін биржаға осындай қолдану күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 15-еселенген мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

Егер бір клирингілік күн ішінде Биржа жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушының бірнеше сауда-клирингілік шоттары бойынша осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген процедураларды қолданса, мұндай қатысушы Биржаның әрбір сауда-клирингілік шот бойынша реттеу процедураларын қолданғаны үшін Биржаға айыппұл төлеуге міндетті.

Егер клирингілік күн ішінде Биржа осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген процедураларды жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушының бір сауда-клирингілік шотына бірнеше рет қолданған жағдайда, онда мұндай қатысушы Биржаның реттеу процедураларын қолданғаны үшін Биржаға бір рет айыппұл төлеуге міндетті.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен толықтырылған және Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*

5. ОК-пен мәмілелер бойынша кез келген биржалық нарықтағы жайғасымдарын реттеу мәжбүрлі жою процедурасы және (немесе) бір клирингілік күннен артық жою неттингі процедурасын қолдану арқылы жүргізілген дәрменсіз клирингілік қатысушы клирингілік күннің қорытындылары бойынша орындалмаған нетто-міндеттемеге қатысты Биржаға мынадай мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы, 2021 жылдың 08 маусымындағы және 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімдерімен өзгертілген):*

$$PLikv = \min(R \times 0,05\% \times D; R \times 1\%), \text{ мұнда}$$

PLikv – теңгедегі тұрақсыздық төлемінің сомасы;

min – жақшада көрсетілген мәндердің ең кішісін анықтайтын математикалық функция;

R – осы қаржы құралы бойынша соңғы сауда-саттық сессиясы жабылған сәтте осы нетто-міндеттеме көрсетілген қаржы құралының есептік бағасы бойынша есептелген, теңгедегі орындалмаған нетто-міндеттеменің құны;

D – орындалмаған нетто-міндеттеме орындалмаған күнтізбелік күндер саны.

6. Клирингілік қатысушы осы баптың 4 тармағында көрсетілген айыппұлды және осы баптың 5 тармағында көрсетілген тұрақсыздық төлемін Биржа тиісті шот ұсынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде төлеуі тиіс *(осы абзац*

*Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*

Биржаның корреспонденттік шотына тұрақсыздық төлемінің сомасы есептелген күн осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тұрақсыздық төлемін төлеу күні болып есептеледі.

7. Клирингілік қатысушыларға айыппұлдар мен тұрақсыздық айыбын есептеу клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы келесі жағдайларға байланысты болса, Биржа Басқармасының шешімі бойынша жойылуы мүмкін:
  - 1) Биржаның қандай да бір ақпараттық жүйесінің немесе оның жеке компонентінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыс;
  - 2) Биржаның ішкі құжаттарында және/немесе клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шартында қарастырылған Биржаның өз функцияларын тиісінше орындамауы;
  - 3) Биржаның аса маңызды жеткізушісінің немесе оның жеке компонентінің қандай да бір ақпараттық жүйесінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыс;
  - 4) еңсерілмес күш жағдайларының туындауы (форс-мажор жағдайлары, яғни, табиғи апаттар, дүлей зілзалалар, соғыстар, соғыс қимылдары, террористік актілер, халық толқулары, заңнаманың өзгеруі, реттеуші органдардың (уәкілдік берілген) іс-әрекеттері мен шешімдері, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері, оның ішінде карантин жариялау және клирингілік қатысушы болжай алмаған және тікелей өзі болжап отырған басқа да осындай мән-жайлар клиринг қатысушысының өз міндеттерін тиісінше орындауына әсер етті) немесе қаржы нарығы ұйымдарының қызметін тоқтата тұруға байланысты өзге де уақиғалар, оның ішінде Биржа және/немесе клирингілік қатысушы орналасқан елді мекендерде төтенше жағдайдың енгізілуіне немесе төтенше жағдайдың туындауына байланысты;
  - 5) своп/репо мәмілесінің немесе операциясының заты болып табылатын қандай да бір қаржы құралының дұрыс орнатылмаған параметрлері;
  - 6) клирингілік қатысушыны ақылға қонымды бақылау шегінен шығатын өзге де жағдайлар және/немесе уақиғалар.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 28 наурызындағы шешімімен өзгертілген).*

### **30 бап.**

#### **Дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелерін өтеп алу**

1. Биржа орындалмаған кез келген міндеттемелерді дәрменсіз клирингілік қатысушыдан өндіріп алу мақсатында сот және өзге органдарға жүгінуге құқылы, оның ішінде:
  - 1) Биржа солар бойынша Орталық контрагент функциясын орындайтын мәмілелер бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелері;
  - 2) дәрменсіз клирингілік қатысушының биржалық және клирингілік алымдары, тұрақсыздық төлемдерін/айыппұлдарын төлеу бойынша міндеттемелер.
2. Осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында белгіленген, міндеттемелер бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының қарыздарын өтеп алу

бойынша ішаралар жүргізу нәтижелері бойынша Биржамен алынған, қаржы құралдар осы Ережелердің 24 бабының 12 тармағына сәйкес осы өтеп алу алынған, орындалмаған міндеттемелер салдарынан туындаған, Биржаның алдындағы орындалуы кейінге қалдырылған міндеттемелерді өтеу есебіне адал клирингілік қатысушының арасында бөлінеді.

3. Адал клирингілік қатысушылар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жалпы тәртіппен мәмілелер бойынша клирингілік қатысушы-контрагентке ОК-пен жасалған мәмілелерді орындамауға немесе жоюға байланысты залалдарды өтеу туралы талап қоюға құқылы.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

#### 4 тарау. БИРЖАЛЫҚ НАРЫҚ СЕКТОРЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

##### 31 бап. Қор нарығында клиринг жүргізудің ерекшеліктері

1. Биржа ОК-пен тәртіптесінде саудаланатын, теңгемен және АҚШ долларымен есеп айырысатын бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша нетто негізде бірыңғай клирингті жүзеге асырады.
2. Биржа ОК-сыз тәртіптемесінде саудаланатын, теңгемен есеп айырысатын бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша гросс негізінде бірыңғай клирингті жүзеге асырады.
3. Биржа қор нарығының клирингілік қатысушысына белгіленген санатқа қарай, сондай-ақ жартылай қамтылған клирингілік қатысушылар жасайтын мәмілелер үшін осы Ережелердің 2 бабының 7 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, ОК-пен тәртіптемесінде қамтамасыз етілмеген, жартылай қамтамасыз етілген және толық қамтылған мәмілелер бойынша клирингті жүзеге асырады.
4. Қамтамасыз ету тәсілі, сондай-ақ ОК-сыз жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қатысушылардың міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершілік Биржаның "Орталық контрагенттің функцияларын орындаумен бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу және олар бойынша есеп айырысуларды (гросс-есеп айырысулар) жүзеге асыру тәртібі" және "ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде репо операцияларын жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжаттарында белгіленген" *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*
5. Биржа есеп айырысулары Регламентке (бұдан әрі – клирингілік пул) сәйкес белгіленген тәртіппен қандай да бір есептесу-клирингілік сессияда жүзеге асырылатын ОК-пен жасалатын мәмілелер жиынтығы бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді анықтайды және әрбір жасалған мәміле бойынша ОК-пен сауда-саттық барысында ОК-пен жасалатын мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелерді анықтайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*
6. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен алып тасталғна).*
7. Биржа қор нарығының жосықсыз/дәрменсіз клирингілік қатысушысына осы Ережелердің 29 бабына сәйкес оларды төлеуге міндетті тұрақсыздық төлемін есептейді.
8. Биржа клирингілік қатысушының жеке клирингілік шоты бойынша қамтамасыз етілуін және/немесе оның кепілдік жарналарын биржа алдында



осындай клирингілік қатысушының кез келген берешегін (тұрақсыздық төлемін/айыппұлын қоса алғанда) төлеу үшін пайдалануға құқылы.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

**31-1 бап. Қор нарығындағы клирингілік және есептесу-клирингілік шоттардың ерекшеліктері**

1. Қор нарығының клирингілік қатысушыларына 1 деңгейдегі сауда-саттық/клирингілік/ сауда-клирингілік/МП шоттары ашылады.

Қор нарығы сауда-саттығының уәкілетті қатысушыларына 2 деңгейдегі сауда-саттық/сауда-клирингілік шоттар ашылады.

Сауда-саттыққа қатысушылардың шоттарын кодтау "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелеріне және олардың шоттарына, сауда-саттық жүйелерін пайдаланушыларға, бағалы қағаздар эмитенттеріне және қаржы құралдарына кодтар беру тәртібі туралы нұсқаулық" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы, 2022 жылдың 01 шілдесіндегі және 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).*

- 1-1 Сауда-саттық/клирингілік/сауда-клирингілік/МП шоттарын ашу/жүргізу/жабу сауда-клирингілік шоттарды ашуды, жүргізуді және жабуды регламенттейтін ішкі құжатта анықталған тәртіппен жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).*
2. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен алынып тасталған).*
3. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен алынып тасталған).*
4. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен алынып тасталған).*
5. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен алынып тасталған).*
6. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен алынып тасталған).*
7. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен алынып тасталған).*
8. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен алынып тасталған).*

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген және 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*

**31-2 бап. Қамтамасыз етулерді аудару**

1. Клирингілік қатысушылардың ОК-пен мәмілелер бойынша міндеттемелерді және талаптарды қамтамасыз етуге және орындауға қойылатын талаптарды орындау мақсатында Орталық депозитарийде ашылған мынадай шоттар (шоттардың бөлімдері) пайдаланылады:

- ақша бойынша – Орталық депозитарийдегі KASE корреспонденттік шоты;
- бағалы қағаздар бойынша – KASE бөлімі;
- мүліктік пулға енгізілген бағалы қағаздар бойынша – GCGlobal бөлімі.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

2. Биржа қор нарығында ОК-пен мәмілелер бойынша есеп айырысу ұйымы бола отырып (ақша бойынша есеп айырысу бөлігінде), енгізілген қамтамасыз етуді және нетто-міндеттемелерді және нетто-талаптарды орындауды есепке алу мақсатында нетто негіздегі клиринг қорытындысы бойынша Биржаның ішкі есепке алу жүйесінде қор нарығының клирингілік қатысушысына меншікті, агрегацияланған клиенттік және агрегацияланған клиенттік кастодиандық қамтамасыз ету шоттарын ашады.

Орталық депозитарий қор нарығындағы (қағаздар бойынша есеп айырысу бөлігінде) ОК-пен мәмілелер және ОК-сыз мәмілелер бойынша есеп айырысу ұйымы бола отырып, Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде әрбір депоненттің-қор нарығының клирингілік қатысушысының әрбір қосалқы шотында (клиенттік және меншікті) жеке шотын ашады:

- KASE бөлімі бағалы қағаздармен енгізілген қамтамасыз етуді және нетто-негіздегі клиринг қорытындылары бойынша ОК-пен мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелерді және бағалы қағаздардағы нетто-талаптарды орындауды және гросс негіздегі клиринг қорытындылары бойынша ОК-пен мәмілелер бойынша міндеттемелер мен талаптарды орындауды есепке алу мақсатында;
- Репо бөлімі, сатып алу-сату бағытындағы репо операциясына жататын, ашылу мәмілесін орындау кезінде бағалы қағаздарды бұғаттау мақсатында;
- GCGlobal бөлімі, клирингілік қатысушы мүліктік пулға енгізген бағалы қағаздарды есепке алу мақсатында.

Орталық депозитарий гросс негізде ОК-сыз жасалған әрбір мәміле бойынша міндеттемелер мен талаптарды орындау мақсатында қор нарығында (ақша бойынша есеп айырысу бөлігінде) ОК-сыз мәмілелер бойынша есеп айырысу ұйымы бола отырып:

- Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ҚБЕО шоты бар КҚ болып табылмайтын қор нарығының клирингілік қатысушысы - әрбір депонент үшін меншікті және клиенттік (агрегацияланған) банк шоттарын ашады және олар бойынша есеп айырысулардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- ҚБЕО шоты бар КҚ болып табылатын қор нарығының клирингілік қатысушысы - әрбір депонент үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шоттар бойынша есеп айырысуға құжаттардың жіберілуін қамтамасыз етеді.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы және 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

3. Қор нарығының клирингілік қатысушысы Орталық депозитарийдегі KASE корреспонденттік шотына және (немесе) оған берілген санат үшін белгіленген шарттарға сәйкес және осы Ережелердің 2 бабының 7 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, қамтамасыз етудің жеткіліктілігіне қойылатын талаптарды орындау үшін KASE бөлімдеріне қаржы құралдарын есепке алуды қамтамасыз етуге міндетті *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

4. Қор нарығының клирингілік қатысушылары ОК-пен жасалған мәмілелер бойынша Биржаның интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланған, Бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу ережелеріне сәйкес, деректемелер бойынша орталық депозитарийдегі KASE корреспонденттік шотына тиісті валютада ақша аударады.
5. Биржаны есепке алудың ішкі жүйесіндегі қамтамасыз ету шоттарында есепке алынатын ақшамен қамтамасыз етуді енгізу және қайтару тәртібі ОК-пен жасалған мәмілелер бойынша бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу қағидаларында белгіленген.
6. Бағалы қағаздарды KASE бөлімінен негізгі бөлімге қайтару клирингілік қатысушы Орталық депозитарийдің ережелер жиынтығына сәйкес Орталық депозитарийге жіберетін қайтаруға сұрау салу негізінде жүзеге асырылады.  
Қайтаруды орталық депозитарий ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде мынадай оң тексерулерді жүзеге асырған кезде ғана орындайды:
  - 1) қайтарылған бағалы қағаздарды есепке алмағанда есептелген сұрау салу алынған "+" СКШ және "0" СКШ бойынша есеп айырысу үшін пайдаланылатын KASE бөлімі бойынша бағалы қағаздардағы кіріс және жоспарлы жайғасымдардың мөлшері теріс болмайынша;
  - 2) KASE бөлімінде есепке алынатын қайтарылатын бағалы қағаздарды есепке алмағанда есептелген қайтаруға сұрау салынған "+" СКШ бойынша бірыңғай шектелім жартылай қамтамасыз ету шарттарында тексеру жүзеге асырылатын, клирингілік шотқа қатысты теріс болмайынша немесе KASE бөлімінде есепке алынатын бағалы қағаздардағы жоспарлы жайғасымдардың мөлшері, T+ есеп айырысудың әрбір күні үшін толық өтеу шарттарында тексеру жүзеге асырылатын клирингілік шотқа қатысты теріс болмайынша.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

- 6-1 GCGlobal бөлімінен KASE бөліміне бағалы қағаздарды қайтару Биржаның "КҚС нұсқаулығы" атты ішкі құжатына сәйкес сауда-клирингілік жүйені пайдалана отырып, Биржаға ұсынылған аударуға клирингілік қатысушының тиісті өтінімі негізінде жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.
7. Биржаны есепке алудың ішкі жүйесіндегі қамтамасыз ету шоттарында есепке алынатын KASE Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шотынан ақшаны қайтару ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде мынадай оң тексерулерді жүзеге асырған кезде ғана орындалады:
  - 1) қайтарылатын ақшаны есепке алмағанда есептелген, қайтаруға сұрау салу алынған СКШ "+" үшін қамтамасыз ету шотындағы ақша бойынша жоспарлы жайғасымның мөлшері теріс болмайынша.
  - 2) қамтамасыз ету шотында есепке алынатын қайтарылатын ақшаны есепке алмағанда есептелген қайтаруға сұрау салу алынған СКШ " + " бойынша бірыңғай лимит жартылай қамтамасыз ету шарттарында тексеру жүзеге асырылатын клирингілік шотқа қатысты теріс болмайынша немесе қамтамасыз ету шотына есепке алынатын ақшадағы жоспарлы жайғасымдардың мөлшері T+ есеп айырысудың әрбір күні үшін толық өтеу шарттарында тексеру жүзеге асырылатын клирингілік шотқа қатысты теріс болмайынша.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

- 7-1. Егер жартылай қамтамасыз ету шарттарында тексеру жүзеге асырылатын "+" СКШ бойынша Биржа теріс мән болып табылатын бірыңғай шектелімінің жол берілетін минималды мәніне шектеу белгілеген жағдайда, онда осы

баптың 6 тармағының 2) тармақшасында және 7 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тексерулер Биржа белгілеген бірыңғай шектелімнің жол берілетін минималды мәнін ескере отырып орындалады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.

8. Қор нарығының клирингілік қатысушысы ОК-сыз жасалатын мәмілелер бойынша сауда-саттық жүйесіне өтінім берген сәтке дейін мәміле бойынша қаржы құралдарын мынадай шарттармен есепке қосылуды қамтамасыз етуге міндетті:
  - ақшалар бойынша – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шотқа (ҚБЕО-да шоты бар, КҚ болып табылатын клирингілік қатысушылар үшін) немесе Орталық депозитарийдегі банктік шотқа (меншікті немесе клиенттік) (ҚБЕО-да шоты бар, КҚ болып табылмайтын клирингілік қатысушылар үшін) есеп айырысу валютасында туындайтын міндеттемелерді толық көлемде;
  - бағалы қағаздар бойынша – Орталық депозитарийдегі қосалқы шоттың (клиенттік немесе меншікті) KASE бөліміне, бұл ретте бағалы қағаздар бойынша туындайтын міндеттемелерді ескере отырып есептелген, KASE бөлімі бойынша бағалы қағаздардағы кіріс және жоспарлы анықтама теріс болмайынша.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*.

### **31-3 бап. Қор нарығындағы есеп айырысулар. Жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау**

1. Биржа KASE бөлімінде ескерілетін репо операцияларының мәні болып табылатын, сатып алушыдан сатушыға ОК-пен режимдерде жасалған, бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақылар және (немесе) дивидендтік төлемдер бойынша кірісті беруді (бұдан әрі-РЕПО бойынша кірісті беру), бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін тіркеу күні келесі кезеңге келетін болса, жүзеге асырады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы және 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*:

клирингілік пұл мәмілелері бойынша әрбір есеп айырысу-клирингілік сессияға есеп айырысудың ағымдағы күнімен клирингілік шотта есепке алынатын міндеттемелер мен талаптар туралы;

осы баптың 1-1 және 1-2 тармақтарында белгіленген тәртіппен клирингілік шотта есепке алынатын репо бойынша кірісті беру жөніндегі және (немесе) сатып алу-сату мәмілелері бойынша купонды бірінші есеп айырысу-клирингілік сессияға беру жөніндегі міндеттемелер мен талаптар туралы.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

- 1-1. Биржа ОК-пен тәртімелерде жасалған репо операцияларының заты болып табылатын, бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақылар және (немесе) дивидендтер төлемдері бойынша кірісті репо сатып алушыдан репо сатушыға беруді (бұдан әрі – репо бойынша кірісті беру) жүзеге асырады, егер бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін тиянақтау күні келесі кезеңге келетін болса:

- осы күнді қоспағанда, репо ашу мәмілесін есептеу күнінен бастап, егер тізілім күннің басында тиянақталған жағдайда, осы күнді қоса алғанда, репо жабу мәмілесін есептеу күніне дейін;
- осы күнді қоса алғанда, репо ашу мәмілесін есептеу күнінен бастап, егер тізілім күннің соңында тиянақталған жағдайда, осы күнді қоспағанда, репо жабу мәмілесін есептеу күніне дейін.

Жүргізілген төлем мөлшерінде кірісті беру жөніндегі міндеттемелер мен талаптарды биржа СКШ "S+" / "I+" / "O+" / "C+" / "P+" бойынша mark-to-market сессиясын өткізу кезеңінде жүргізілген төлемдер туралы төлем агентінен хабарлама алған күннен кейінгі есеп айырысу күнінде бірінші есеп айырысу-клирингтік сессиясына клирингтік пулдың нетто-жайғасымдарының есебіне енгізіледі және осы Регламентте анықталған тәртіппен орындалуы тиіс *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

Репо сатып алушының кірісті беру жөніндегі міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету мақсатында табысты беру қарастырылған репо операциясы жасалған кезден бастап репо сатып алушының осындай міндеттемелерді орындағанға дейін тиісті СКШ "S+/"I+/"C+" бойынша бірыңғай шектелім күтілетін кіріс төлемі сомасына азайтылады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

Эмитент осындай төлемдер бойынша міндеттемелерді орындауы тиіс болған соңғы күннен бастап 1 ай ішінде эмитенттің осындай төлемдер бойынша міндеттемелерді орындамауы себебі бойынша кірісті беру қарастырылған репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны және (немесе) дивидендтер төлемдерін жүргізілген төлемдер туралы төлем агентінен хабарлама болмаған жағдайда, Биржа мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:

- 1) репо сатушыға репо сатып алушыға репо сатушының атауын ашып, репо сатушыға, егер эмитент сыйақыны немесе дивидендтерді репо сатып алушыға төлеген жағдайда, репо сатып алушының атауын ашып көрсете отырып, облигациялар немесе үлестік бағалы қағаздар бойынша дивидендтер бойынша купондық сыйақыны репо сатып алушының қайтаруы бойынша талап ету құқығын береді.

Бұл ретте Биржаның репо сатушыға облигациялар немесе үлестік бағалы қағаздар бойынша дивидендтер бойынша купондық сыйақыны қайтаруы бойынша Биржаға репо сатушының талап ету құқығының күші жойылады.

- 2) репо сатып алушыны репо сатып алушыға репо сатушының атауын ашып көрсете отырып, репо сатып алушыда олардың облигациялар немесе үлестік бағалы қағаздар бойынша дивидендтер бойынша купондық сыйақыны қайтаруы бойынша талап ету құқығының жойылғаны және осы талап ету құқығының туындағаны туралы хабардар етеді;
- 3) репо сатып алушының СКШ "+" бойынша бірыңғай шектелімді кіріс төлемін беру бойынша бұрын бұғатталған қамтамасыз ету сомасына ұлғайтады;

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

- 1-2. Егер сатып алу-сату мәмілесі бойынша есеп айырысу күні кезеңге келетін болса, Биржа ОК-пен жасалған болашақ есеп айырысу күндері (Т+) тәртіптемелерінде облигациялармен сатып алу-сату мәмілелері бойынша купонды сатушыдан сатып алушыға беруді (бұдан әрі сатып алу-сату мәмілесі бойынша купонды беру) жүзеге асырады:

- осы күнді қоса алғанда, тиянақталған күннен бастап, егер тізілім күннің басында жасалған жағдайда, осы күнді қоспағанда, купондық сыйақыны төлеу күніне дейін;
- осы күнді қоса алғанда, тиянақталған күннен бастап, егер тізілім күннің басында жасалған жағдайда, осы күнді қоспағанда, купондық сыйақыны төлеу күніне дейін.

Жүргізілген төлем мөлшерінде сатып алу-сату мәмілесі бойынша купонды беру жөніндегі міндеттемелер мен талаптарды Биржа mark-to-market сессиясын өткізу кезеңінде жүргізілген төлемдер туралы төлем агентінен хабарлама алған күннен кейінгі есеп айырысу күнінде клирингтік пулдың нетто-жайғасымдарының есебіне бірінші есеп айырысу-клирингтік пулға енгізіледі және Регламентте анықталған тәртіппен орындалуы тиіс.

Купонды беру көзделген сатып алу-сату мәмілесі бойынша купонды беру жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында купонды беру көзделген сатып алу-сату мәмілесі жасалған кезден бастап осындай міндеттемелер орындалғанға дейін сатушының тиісті "+" СКШ бойынша бірыңғай шектелімі купонның күтілетін төлемінің сомасына азайтылады.

Эмитент осындай төлем бойынша міндеттемелерді орындауға тиіс болған соңғы күннен бастап 1 ай ішінде эмитенттің осындай төлем бойынша міндеттемелерді орындамауы себебі бойынша купонды беру қарастырылған сатып алу-сату мәмілесінің заты болып табылатын облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу жүргізілгені туралы төлем агентінен хабарлама болмаған жағдайда, Биржа мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:

- 1) облигацияларды сатып алу-сату мәмілесін сатып алушыға сатып алу-сату мәмілесін сатып алушыға сатып алу-сату мәмілесі сатушысының атауын ашып және егер эмитент сыйақыны сатып алу-сату мәмілесінің сатушысына төлеген жағдайда, сатып алу-сату мәмілесі сатып алушысының атауын сатушыға ашып көрсете отырып, облигацияларды сатып алу-сату мәмілесін сатушының купондық сыйақыны қайтару бойынша талап ету құқығын береді;

Бұл ретте Биржаның сатып алушыға облигациялар бойынша купондық сыйақыны сатып алу-сату мәмілесін қайтару бойынша Биржаға облигацияларды сатып алу-сату мәмілесін сатып алушының талап етуінің ұқсас құқығы күшін жояды.

- 2) облигацияларды сатып алу-сату мәмілесін сатушыны сатып алу-сату мәмілесін сатып алушыға сатып алу-сату мәмілесін сатушының атауын ашып көрсете отырып, олардың облигациялар бойынша купондық сыйақыны қайтаруы бойынша сатып алу-сату мәмілесін сатушыға талап ету құқығының жойылғаны және сатып алу-сату мәмілесін сатып алушыда осы талап ету құқығының туындағаны туралы хабардар етеді;
- 3) купондық сыйақы төлемін беру бойынша бұрын бұғатталған қамтамасыз ету сомасына облигацияларды сатып алу-сату мәмілесі сатушысының "+" СКШ бойынша бірыңғай шектелімін арттырады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

- 1-3. Егер репо операциясының заты немесе сатып алу-сату мәмілесінің заты болып табылатын бағалы қағаздардың эмитенті репо операциясын сатушы және/немесе сатып алу-сату мәмілесі бойынша сатып алушы болып табылса, осы баптың 1-1 және 1-2-тармақтарында көрсетілген кірістерді беру жөніндегі процедуралар жүргізілмейді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.



2. Осы баптың 1 тармағына сәйкес анықталған "S+" / "I+" / "O+" / "C+" / "P+" клирингілік шоттары бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелер Регламентте анықталған тәртіппен орындалады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен толықтырылған және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген*).
3. ОК-пен мәмілелер бойынша өзінің нетто-міндеттемелерін орындау үшін қор нарығының клирингілік қатысушысы клирингілік қатысушылардың қаржы құралдарын жеткізудің әрбір есеп айырысу-клирингілік сессиясының Регламентінде (бұдан әрі-cut-off time) белгіленген соңғы уақытына дейін, есеп айырысуды жүзеге асыру күні қандай да бір СКШ+ (меншікті, клиенттік, клиенттік кастодиандық) осы баптың 1 тармағына сәйкес есептелген нетто-позициялардың орындалуын қамтамасыз ететін, тиісті есеп айырысу-клиринг сессиясының басында ASTS + сауда-клиринг жүйесінде көрсетілетін, ақша және бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу позициялары теріс болмайтын бағалы қағаздарға Орталық депозитарийдегі KASE корреспонденттік шотына және KASE бөліміне/GCGlobal ақша аудару арқылы қаржы құралдарының болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Әрбір есеп айырысу-клирингілік сессияға cut-off time уақытына клирингілік қатысушылардың орындауына жататын жартылай қамтамасыз етумен мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелер туралы ақпарат сессия басталған кезде тіркеледі және Биржаның "Қор нарығындағы клирингілік есептердің форматтары" атты ішкі құжатына сәйкес клирингілік есепті жіберу арқылы клирингілік қатысушыларға ұсынылады.

Биржаның клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелерін сондай-ақ толық қамтылған мәмілелер бойынша талаптарды/міндеттемелерді cut-off time уақытына қарай реттеу мақсатында, әрбір есеп айырысу-клиринг сессиясының қорытындылары бойынша осындай сессия кезінде жасалған мәмілелер бойынша талаптарды/міндеттемелерді ескере отырып, қандай да бір СКШ+ бойынша қорытынды нетто-талаптарды/нетто-міндеттемелерді орындауы осы шот бойынша барлық қорытынды нетто-міндеттемелер толық орындалған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Регламентте белгіленген есеп айырысу-клиринг сессиясының аяқталу уақытынан кешіктірмей Биржаның ақша бойынша қорытынды нетто-талаптарды/нетто-міндеттемелерді орындауы Биржаның ішкі есеп жүйесінде клирингілік қатысушыларға ашылған, бағалы қағаздар бойынша KASE бөлімі/GCGlobal бойынша қамтамасыз ету шоттары (меншікті, агрегацияланған клиенттік, агрегацияланған кастодиандық) бойынша жүзеге асырылады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы, 2020 жылдың 11 қарашасындағы, 2021 жылдың 23 маусымындағы және 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

4. Регламентте белгіленген мерзімде қандай да бір есеп айырысу-клирингілік сессиясы бойынша клиринг пен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсатында Биржа мынадай іс-қимылдарды жүзеге асырады:
  - 1) нетто-міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржы құралдарының болуын тексереді;
  - 2) Орталық депозитарийге бағалы қағаздарды беру жөніндегі міндеттемелерді орындауға байланысты операцияларды жүзеге асыруға бұйрық жібереді;
  - 3) клирингілік қатысушыны қамтамасыз ету шоттарындағы ақша бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді есептеуді жүзеге асырады;

- 4) сауда-клирингілік жүйеде әрбір СКШ+ бойынша қаржы құралдары бойынша қорытынды нетто-міндеттемелерді/қорытынды нетто-талаптарды тоқтатуды жүзеге асырады;
- 5) қандай да бір ТКЖ+ клирингілік қатысушыларда қаржы құралдары жеткіліксіз болған жағдайда cut-off time уақытына қарай есептеулерді жүзеге асыру үшін, осы Ережелердің 34-1 бабына сәйкес, жайғасымды ауыстыру процедурасын жүзеге асыру арқылы жосықсыз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерінің дефолтын реттеу процедураларын жүзеге асырады

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы, 2021 жылдың 23 маусымындағы және 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

5. Егер бағалы қағаздар эмитентін қайта ұйымдастыру, бағалы қағаздар эмитентін қайта ұйымдастырусыз жүргізілетін бағалы қағаздарды айырбастау немесе міндеттемелердің орындалуына ықпал ететін, оның ішінде ОК-мен мәміле нысанасының өзгеруіне әкеп соғатын, өзге де әрекеттер сияқты қаржы құралдары бойынша корпоративтік оқиғалар жасалған күн мен орындалған күн арасында ОК-пен жасалатын мәмілелерге қатысты, Биржа осындай мәмілелерге қатысты мынадай шешімдердің бірін қабылдауға құқылы:
  - 1) міндеттемелері орындалмаған "жартылай қамтамасыз етілетін" мәмілелер затын (объектісін) және/немесе бағалы қағаздар эмитентін қайта ұйымдастыру талаптарын немесе бағалы қағаздар эмитенті белгілеген өзге де әрекеттердің шарттарын ескере отырып, міндеттемелерді орындау тәртібін біржақты тәртіппен өзгерту туралы;
  - 2) мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау күні деп, Биржа Басқармасының шешімімен белгіленген, есеп айырысу күні есептелетіні туралы.
6. ОК-сыз жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру мақсатында, Биржа жасалған мәміле бойынша талаптар мен міндеттемелерді, оны жасау немесе Биржаның "ОК функцияларын орындамай бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу және олар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру (гросс-есеп айырысулар) тәртібі" ішкі құжатында анықталған тәртіппен, БЖҚ пайдаланушысы растаған сәтте анықтайды және Орталық депозитарийге есеп айырысуларды жүзеге асыруға бұйрық жібереді.

Орталық депозитарий алынған бұйрық негізінде есеп айырысуды мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

- Орталық депозитарийдегі қосалқы шоттың (меншікті немесе клиенттік) KASE бөлімінде бағалы қағаздардың жеткіліктілігін тексереді;
"S+" СКШ / "L+" СКШ ашу/жабу Биржа Басқармасының валюта нарығында клирингілік қатысушы мәртебесін беру/айыру туралы шешімінің негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шоттарды жабу тиісті жабылатын шоттар бойынша орындалмаған міндеттемелер болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімдерімен өзгертілген Данный пункт изменен решениями Совета директоров Биржи от 12 декабря).*

5. Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы активтерді сегрегацияланған есепке алу мақсатында, Ұлттық Банкке жекелеген клиенттік клирингілік шоттар, сондай-ақ егер Ұлттық банк осындай активтер есебінен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін жекелеген корреспонденттік шоттарды анықтаған жағдайда, Биржаның ішкі есепке алу жүйесіндегі жекелеген ақшалай есеп шоттары мен қосалқы шоттар ашылады.

6. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен алып тасталған).*

7. СКШ "S+" / СКШ "L+" келесі ақпараттарды қамтиды:
  - 1) СКШ "S+" / СКШ "L+" пайдалана отырып жүзеге асырылатын мәмілелер, етінімдер және өзге де операциялар туралы;
  - 2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген операциялар бойынша нетто-негізде есептелетін ақша бойынша талаптар мен міндеттемелер, сондай-ақ валюталық своп операциялары/жеткізу фьючерстері бойынша түрлендірілмелі маржаны алу бойынша төлеу/талаптар бойынша міндеттемелер туралы;
  - 3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген нетто-талаптарды және нетто-міндеттемелерді орындауға арналған, сондай-ақ қамтамасыз ету ретінде ақшаны есепке алуға арналған шоттардағы ақша бойынша жайғасымдар туралы;
  - 4) СКШ "S+" / СКШ "L+" есепке алынатын бірыңғай шектелімнің мөлшері туралы, margin-call мөлшері туралы;
  - 5) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген ақша бойынша жайғасымдар есепке алынатын есеп айырысу ұйымдарындағы шоттар туралы.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*

8. Биржа есеп айырысулары Регламентке (бұдан әрі – клирингілік пул) сәйкес белгіленген тәртіппен қандай да бір есеп айырысу-клирингілік сессияда жүзеге асырылатын мәмілелер жиынтығы бойынша нетто-талаптарды және нетто-міндеттемелерді анықтайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.

### **37 бап.**

#### **Валюталық нарықтағы есептесулер. Қамтуларды аудару**

1. Биржа валюта нарығындағы мәмілелер бойынша есеп айырысу ұйымы бола отырып, валюта нарығының клирингілік қатысушысына, аударылған қамтуды және нетто-міндеттемелер мен нетто-талаптарды орындауды есепке алу мақсатында, клиринг қорытындылары бойынша көрсетілген шоттар бойынша ақшада ішкі меншікті және (қажет болған кезде) клиенттік агрегацияланған қамтамасыз ету шоттарын ашады.
2. Валюта нарығындағы мәмілелер бойынша есеп айырысулар Валюталармен есеп айырысу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
3. Биржаның валюта нарығында есеп айырысуларды жүзеге асыру мақсатында әрбір клирингілік күн регламентке сәйкес клирингілік шотта есепке алынатын мынадай ақпаратты басшылыққа ала отырып, әрбір "S+" СКШ / "L+" СКШ бойынша әрбір валюта бойынша нетто-талаптарды / нетто-міндеттемелерді анықтайды:
  - клирингілік пұлмен жасалған мәмілелері бойынша әрбір есеп айырысу-клирингілік сессияға есеп айырысудың ағымдағы күнімен клирингілік шотта есепке алынатын міндеттемелер мен талаптар туралы;
  - осы Ережелердің 39-1 бабында белгіленген тәртіппен клирингілік шотта T0 есептесулері үшін негізгі есеп айырысу-клирингілік сессиясы барысында түрлендірілмелі маржаны беру жөніндегі міндеттемелер мен алу жөніндегі талаптар туралы және Регламентте анықталған тәртіппен орындалуы тиіс.
4. Түрлендірілмелі маржаны беру бойынша міндеттемелер мен талаптарды Биржа "S+" СКШ / "L+" СКШ бойынша mark-to-market клирингілік сессиясын өткізу кезеңінде, міндеттемелері тоқтатылмаған, валюталық своп / жеткізу



фьючерсінің операциялары жасалған күннен кейінгі есеп айырысудың әрбір күнінде қояды.

5. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушысы өзінің нетто-міндеттемелерін орындау үшін клирингілік қатысушылардың Регламентте белгіленген қаржы құралдарын (бұдан әрі-қаржы құралдары) беруінің соңғы уақытына дейін міндетті – cut-off time) есеп айырысуды жүзеге асыру күнінің әрбір есеп айырысу-клирингілік сессиясында қаржы құралдарының болуын қамтамасыз етуге, тиісті валюта үшін cut-off time уақытына қарай ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде көрсетілетін ақша бойынша есеп айырысу жайғасымдары теріс болып табылмайтын, Биржаның корреспонденттік шоттарына ақша аудару арқылы, осы баптың 1 тармағына сәйкес есептелген, нетто-жайғасымдардың орындалуын қамтамасыз ететін "S+" СКШ / "L+" СКШ (меншікті, клиенттік агрегацияланған) қаржы құралдарының болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Әрбір есеп айырысу-клирингілік сессиясына cut-off time уақытына клирингілік қатысушылары орындауы тиіс нетто-міндеттемелер туралы ақпарат есеп айырысу-клирингілік сессиясы басталған сәтте тіркеледі және, "Валюта нарығындағы клирингілік есептердің форматтары" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес құрастырылған, клирингілік есепті клирингілік қатысушыларына жіберу арқылы ұсынылады.

Биржаның ақша бойынша қорытынды нетто-талаптарды/нетто-міндеттемелерді орындауы Регламентте белгіленген есеп айырысу-клирингілік сессиясының аяқталу уақытынан кешіктірмей, Биржаның ішкі есеп жүйесінде клирингілік қатысушыларға ашылған қамтамасыз ету шоттары (меншікті, агрегацияланған клиенттік) бойынша жүзеге асырылады.

6. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушыларының жасалған мәмілелер бойынша өздерінің нетто-міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ өтінімдер беру және мәмілелер жасасу мақсатында ақша аудару Валюталармен есеп айырысу ережелерінде белгіленген мерзімде және шарттарда Биржаның корреспонденттік шоттарына жүзеге асырылады.
7. Осы баптың 5 тармағында көрсетілген мақсаттар үшін, тиісті валютада ақша аудару, төлем құжаттарында төлем мақсатын білдіретін арнайы кодтар көрсетіле отырып, жүзеге асырылады. Мұндай кодтардың тізімі Биржаның интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланған.
8. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушысының төлем тәртібін бұзғаны үшін айыппұл Валюталармен есеп айырысу ережелерінде анықталған.
9. Клирингілік қатысушы төлеуі тиісті міндеттемелерді орындамағаны/уақтылы орындамағаны үшін айыппұл осы Ережелердің 29 бабында анықталған.
10. Валюта нарығының клирингілік қатысушыларына оның қамтамасыз ету шоттарында есепке алынатын ақшаны қайтару тәртібі мен шарттары Валюталармен есеп айырысу ережелерінде анықталған.
11. Биржаның ішкі есепке алу жүйесіндегі қамтамасыз ету шоттарында есепке алынатын KASE корреспонденттік шоттарынан ақшаны қайтару ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде мынадай оң тексерулерді жүзеге асырған кезде ғана орындалады:
  - 1) қайтарылатын ақшаны есепке алмағанда есептелген қайтаруға сұрау салу алынған "S+" СКШ / "L+","+" СКШ үшін қамтамасыз ету шотындағы ақша бойынша жоспарлы жайғасымның мөлшері теріс мәнді болмайынша;
  - 2) қамтамасыз ету шотында есепке алынатын қайтарылатын ақшаны есепке алмағанда есептелген ақшаны қайтаруға сұрау салу алынған "S+" СКШ / "L+" СКШ бойынша бірыңғай шектелім жартылай қамтамасыз ету шарттарында тексеру жүзеге асырылатын клирингілік шотқа

қатысты теріс болмайынша немесе қамтамасыз ету шотында есепке алынатын ақшадағы жоспарлы жайғасымдардың мөлшері, Т+ есеп айырысудың әрбір күні үшін толық өтеу шарттарында тексеру жүзеге асырылатын клирингілік шотқа қатысты теріс болмайынша.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен, 2019 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

12. Егер жартылай қамтамасыз ету шарттарында тексеру жүзеге асырылатын "S+"СКШ/"L+"СКШ бойынша Биржа теріс мән болып табылатын бірыңғай шектелімнің жол берілетін минималды мәніне шектеу белгілеген жағдайда, онда осы баптың 11 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тексерулер Биржа белгілеген бірыңғай шектелімнің жол берілетін минималды мәнді ескере отырып орындалады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген).*

### 37-1 бап.

#### Mark-to-market клирингілік сессияларын өткізу тәртібі

1. Биржа, Регламентте белгіленген мерзімде, валюта нарығында mark-to-market клирингілік сессиясын келесі мақсаттарда өткізеді:
  - 1) Әдістемеге сәйкес тәуекел-параметрлердің жаңа мәндерін анықтайды;
  - 2) әрбір "S+" СКШ / "L+" СКШ үшін қамтамасыз етудің жеткіліктілігін бақылау мақсатында бірыңғай шектелімнің жаңа мәндерін есептеуді жүзеге асырады;
  - 3) әрбір "S+" СКШ / "L+" СКШ үшін margin-call (болған жағдайда) мөлшерін анықтайды;
  - 4) әрбір "S+" СКШ / "L+" СКШ үшін түрлендірілмелі маржаны беру бойынша міндеттемелерді / алу бойынша талаптарды қояды;
  - 5) валюталық своп операциялары / жеткізу фьючерстері бойынша қарсы біртекті міндеттемелердің тоқтатылуын ескереді;
  - 6) түрлендірілмелі маржа бойынша мәмілелерді қалыптастырады;
  - 7) margin-call туындаған және (немесе) түрлендірілмелі маржаны беру бойынша талаптар және (немесе) міндеттемелер және (немесе) алу бойынша талаптар қойылған клирингілік қатысушыларға есептерді қалыптастырады және жібереді.
2. Mark-to-market клирингілік сессиясының қорытындысы бойынша клирингілік қатысушыда туындаған margin-call, клирингілік қатысушымен ағымдағы клирингілік күннің 14.00 ALT дейін жойылуы тиіс:
  - 1) қаржы құралдарын (қамтамасыз етуге қабылданатын валютаны), тиісті "S+" СКШ / "L+" СКШ ескерілетін KASE корреспонденттік шоттарына, KASE корреспонденттік шоттарына аудару;
  - 2) қамтамасыз етудің жеткіліксіздігін жоятын мәмілелер жасасу.
3. Margin-call клирингілік шоты бойынша ОК-пен жасалатын мәмілелер бойынша бірыңғай шектелімі бар клирингілік қатысушыда туындайды, клирингілік сессияның қорытындысы бойынша mark-to-market мәні теріс болды. Margin-call сомасы көрсетілген бірыңғай шектелімнің абсолютті мәніне тең.
4. "S+" СКШ / "L+" СКШ бойынша клирингілік қатысушыда туындаған margin-call осындай шот бойынша бірыңғай ішектелімнің мәні теріс емес болған кезде тоқтатылған болып саналады.

5. Клирингілік қатысушы margin-call-ті осы баптың 2 тармағында белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, мұндай клирингілік қатысушы осы Ережелердің 42 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес дәрменсіз деп мойындалады.
6. Mark-to-market клирингілік сессиясы барысында түрлендірілмелі маржаны төлеу жөніндегі міндеттемелер анықталғаннан және осы баптың 1 тармағында қарастырылған өзге де әрекеттерді орындағаннан кейін Биржа Ережелердің осы бабының 1 тармағы 5) тармақшасына сәйкес, қарсылама және біртекті болып табылатын міндеттемелерді анықтайды және валюталық своп операциялары / жеткізу фьючерстері бойынша қарсылама және біртекті міндеттемелердің тоқтатылуын ескереді, бұл ретте бірінші кезекте жасалған күні ертерек болған валюталық своп операцияларының мәмілелері / жеткізу фьючерстері бойынша міндеттемелер тоқтатылады.
7. Есеп айырысу-клирингілік сессиясы барысында тоқтатылуға жататын валюталық своп операциялары / жеткізу фьючерстері бойынша қарсылама біртекті міндеттемелер деп, мынадай талаптардың барлығын қанағаттандыратын, валюталық своп операцияларын жабу мәмілелері/жеткізу фьючерстері бойынша міндеттемелер түсініледі:
  - бір тұрпаттағы туынды қаржы құралдары (жеткізу немесе есеп айырысу) бойынша міндеттемелер болып табылады;
  - қарама-қарсы бағыттағы міндеттемелер;
  - лоттың валютасы мен есеп айырысу валютасы бірдей;
  - орындау күні бірдей міндеттемелер болып табылады;
  - лоттары бірдей міндеттемелер болып табылады;
  - клирингілік қатысушының бір коды көрсетілген өтінімдер негізінде жасалған, своп мәмілелері бойынша міндеттемелер болып табылады.
8. Биржа валюталық своп операцияларын жабу мәмілелері/жеткізу фьючерстері бойынша міндеттемелер сомасының өзгеруі ескеріле отырып, міндеттемелері тоқтатылмаған валюталық своп/жеткізу фьючерстерінің жасалған операцияларының санына ағымдағы есеп айырысу күні анықталған есептесу бағасының туындысы ретінде есептелген, тиісті есеп айырысу күнімен нетто-міндеттемелерді / нетто-талаптарды теңгемен қайта есептейді

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген).*

### **38 бап.**

#### **Валюталық нарықта тәуекелдерді басқару жүйесі**

1. Валюталық нарықтағы тәуекелдерді басқару жүйесі келесі элементтерден тұрады:
  - 1) валюталық нарықтың клирингілік қатысушысының қаржылық жағдайына мониторинг, мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету әдісін анықтайтын, оған берілген санатпен белгіленген қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында, мерзімділік негізде өткізіледі;
  - 2) Әдістемеге сәйкес анықталатын, валюталық нарықтың қаржы құралдарының тәуекел-параметрлері;
  - 3) Ережелерге сәйкес белгілі бір жартылай қамтамасыз етілген клирингілік қатысушыларға Биржа Басқармасы белгілейтін, маржаның жеке мөлшерлемелері (бұдан әрі – маржаның жеке мөлшерлемелері);
  - 4) KASE корреспонденттік шоттарындағы клирингілік қатысушылардың қамтулары;

- 5) нетто-жайғасымдарды және қамтамасыз етуді қайта бағалау, нарықтық және пайыздық тәуекелдерді бағалау;
  - 6) бірыңғай шектелімді есептеу арқылы жартылай қамтамасыз етілген мәмілелер бойынша қамтамасыз етудің жеткіліктілігін бақылау;
  - 7) түрлендірілмелі маржа;
  - 8) Бірыңғай шектелімге Биржа анықтаған деңгейден төмен түсуге мүмкіндік бермейтін, бірыңғай шектелімнің өзгеруіне Биржа қоятын шектеулер;
  - 9) клирингілік қатысушының сауда-клирингілік шоттары бойынша және/немесе қаржы құралдары бойынша белгіленетін "қысқа сатуға тыйым" және "қамтамасыз етілмеген сатып алуға тыйым" белгілері;
  - 10) валюта нарығының толық қамтылған клирингілік қатысушысын немесе "қысқа сатуға тыйым"/ "қамтамасыз етілмеген сатып алуға тыйым" белгісі бар қаржы құралын толық көлемде қамтамасыз етуді алдын ала бақылау";
  - 11) Биржа Басқармасы белгілейтін жартылай қамтамасыз етумен клирингілік қатысушының нетто-жайғасымдарын ашу шектелімдері;
  - 12) валюта нарығының клирингілік сақтық қоры;
  - 13) валюта нарығының клирингілік кепілдік қоры;
  - 14) күн сайынғы негізде валюта нарығының клирингілік кепілдік қорына валюта нарығының жартылай қамтамасыз етілген клирингілік қатысушыларының кепілдік жарналарының жеткіліктілігін бақылау;
  - 15) дефолттарды реттеу процедуралары;
  - 16) осы Ережелерге сәйкес, валюталық нарықтың клирингілік қатысушылары алдындағы мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелерді орындау бойынша орталық контрагенттің функцияларын орындау кезінде Биржаның жауапкершілігін шектеу.
2. Қаржы құралдарының баға шекараларын белгілеу/өзгерту тәртібі, Әдістемеде анықталған тәртіппен, жүзеге асырылады.
3. жартылай қамтамасыз ету шарттарында мәмілелер жасасу мақсатында ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде әрбір қаржы құралы үшін сауда-клирингілік шоттар бойынша бірыңғай шектелімді есептеу үшін пайдаланылатын тәуекел-параметрлер белгіленеді, оның негізінде олар бойынша, есеп айырысу күні әлі басталмаған, берілетін өтінімдер мен мәмілелер бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етудің жеткіліктілігін бақылау жүзеге асырылады.
- ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде толық жабу талаптарымен мәмілелер жасасу мақсатында, есеп айырысу күні әлі басталмаған, берілетін өтінімдер мен мәмілелер бойынша ақша бойынша міндеттемелердің толық жабылуын бақылау үшін "қысқа сатуға тыйым" және/немесе "қамтамасыз етілмеген сатып алуға тыйым" белгісі белгіленеді:
- 1) клирингілік қатысушының сауда-саттық коды бойынша – бұл жағдайда осы клирингілік қатысушының барлық сауда-клирингілік шоттары (меншікті және клиенттік) осы белгімен белгіленген шарттарға сәйкестігіне тексеріледі;
  - 2) клирингілік қатысушының белгілі бір сауда-клирингілік шоты бойынша – бұл жағдайда көрсетілген сауда-клирингілік шот (меншікті немесе клиенттік) ғана осы белгімен белгіленген шарттарға сәйкестігіне тексеріледі;
  - 3) қаржы құралдары бойынша -- бұл жағдайда оған қатысты белгі белгіленген қаржы құралы бойынша барлық клирингілік

қатысушылардың барлық сауда-клирингілік шоттары бойынша берілетін өтінімдер мен жасалатын мәмілелер осы белгімен белгіленген шарттарға сәйкестігі тексерілетін болады.

4. Т+ қамтамасыз ету тізіміне кіретін қаржы құралдары, жартылай қамтамасыз етілген мәмілелерді орындау үшін қамтамасыз ету ретінде қабылданатын, қаржы құралдары болып табылады.
5. Жартылай қамтамасыз етілген валюта нарығының клирингілік қатысушысы өзіне берілген санат үшін белгіленген шарттарға сәйкес және осы Ережелердің 2 бабының 7 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, қамтамасыз етудің жеткіліктілігіне қойылатын талаптарды орындау үшін қаржы құралдарын KASE корреспонденттік шоттарына есепке қосылуын қамтамасыз етуге міндетті.
6. Жартылай қамтамасыз етілген валюта нарығының клирингілік қатысушысы, егер мұндай пайдалану оның валюта нарығындағы бірыңғай шектелімнің теріс мәніне алып келетін жағдайда, өзінің Биржадағы қамтамасыз ету шоттарында сақталатын қаржы құралдарын қайтаруды талап ете алмайды.
7. Егер соңғы есеп айырысу-клирингілік сессиясының есеп айырысу нәтижелері бойынша кепілдік жарнаның мөлшері жөніндегі талап орындалмаған жағдайда, клирингілік есепте кепілдік жарнаны толықтыру қажеттілігі туралы тиісті талаптар көрсетіледі (ол жеткіліксіз болған жағдайда).
8. Клирингілік кепілдік қорларына аударылатын кепілдік жарналарының мөлшері, сондай-ақ оларды аудару және қайтару тәртібі осы Ережелердің 18 бабында белгіленген.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы, 2019 жылдың 29 қаңтарындағы, 2019 жылдың 26 сәуіріндегі, 2019 жылдың 28 мамырындағы, 2020 жылдың 29 маусымындағы және 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

### **39 бап.**

#### **Валюталық нарықтағы бірыңғай шектелім**

1. Валюта нарығында бірыңғай шектелімді қолданудың мақсаты жартылай қамтамасыз етілген валюта нарығының клирингілік қатысушысының клирингілік шоты бойынша өтінімдер беру және мәмілелер жасасу үшін қажетті қамтамасыз етудің жеткіліктілік деңгейін өлшеу және қолдау болып табылады.
2. Валюта нарығындағы бірыңғай шектелім "S+" СКШ валюта нарығының клирингілік қатысушысының жеке шоты бойынша және "L+" ТКЖ клирингілік қатысушысының клиенттік шоты бойынша жеке (ол болған жағдайда) есептеледі).
3. "S+" CRI / "L +" CRI сауда-клирингілік шоты бойынша бірыңғай шектелім мынадай мақсаттарда пайдаланылады:

СКШ-пен мәмілелер жасасуға өтінімдер беру кезінде жартылай қамтамасыз етілген мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелерді қамтамасыз етудің жеткіліктілігін алдын ала бақылау;

СКШ-ты пайдалана отырып жасалған жартылай қамтамасыз етілген мәмілелер бойынша, оларды орындау сәтіне дейін, қамтамасыз етудің қажетті жеткіліктілік деңгейін қолдау.
4. Қандай да бір СКШ бойынша бірыңғай шектелім мынадай жағдайлардың кез келгені туындаған кезде есептеледі:
  - 1) СКШ-пен мәмілелер жасасуға өтінімдер беру кезінде;
  - 2) СКШ бойынша мәміле жасасу кезінде;

- 3) СКШ бойынша міндеттемелер мен талаптарды орындау/тоқтату кезінде;
  - 4) СКШ-қа қамтамасыз етуді аудару/қайтару кезінде;
  - 5) қаржы құралдарының тәуекел-параметрлері өзгерген кезде.
5. СКШ бойынша бірыңғай шектелім, төмендегілерді ескерумен, есептеледі:
- 1) СКШ-та ақшалай есепке алынатын қамтамасыз етуді;
  - 2) барлық есеп айырысу күндерімен жартылай қамтамасыз етілген мәмілелер бойынша ақша бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді;
  - 3) "қысқа сатуға тыйым" белгісі белгіленген шетел валюталарымен мәмілелер бойынша ақшадағы нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді;
  - 4) түрлендірілмелі маржаны беру бойынша міндеттемелерді / алу бойынша талаптарды;
  - 5) осы Ережелерге сәйкес өзге де талаптар мен міндеттемелерді.
6. Mark-to-market клирингтік сессиясының қорытындысы бойынша есептелген бірыңғай шектелім margin-call мөлшерін анықтайды, оның теріс мәні, клирингтік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемелерінің мөлшерін төмендететін, қамтамасыз етуін толықтыру немесе мәмілелер жасасу қажеттілігін білдіреді.
7. Бірыңғай шектелім теңгемен есептеледі.
8. Бірыңғай шектелімді есептеу тәртібі барлық "S+" СКШ / "L+" СКШ үшін бірдей.
9. СКШ бойынша бірыңғай шектелім төмендегілерді ескере отырып есептеледі:
- әрбір қаржы құралы (бұдан әрі – Портфель) бойынша нетто-міндеттемелердің, нетто-талаптардың әділ құнын есеп айырысудың барлық күндерімен бағалау, T0 есеп айырысу күнімен талап ретінде есепке алынатын қамтамасыз ету;
  - әрбір қаржы құралы бойынша Портфельдердің нарықтық тәуекелі;
  - әрбір қаржы құралы бойынша Портфельдердің пайыздық тәуекелі.
10. Бірыңғай шектелімнің құрылымы:
- 1) портфельдің теңгемен құны;
  - 2) нарықтық тәуекелді ескере отырып, әрбір шетел валютасы бойынша портфельдер құнының сомасы;
  - 3) әрбір шетел валютасы бойынша портфельдердің пайыздық тәуекелінің сомасы.

$$EL = \text{Portfolio}_{KZT} + \sum_{\text{Curr}=1\dots N} \text{Portfolio}_{\text{Curr}} - \sum_{f=1\dots N} \text{IRRisk}_f, \text{ где:}$$

Curr – шетелдік валюта.

11. Теңгемен портфельдің құны  $T_i$  есеп айырысудың барлық күндерімен нетто-міндеттемелер мен нетто-талаптар сомасы және теңгемен қамтамасыз ету сомасы ретінде есептеледі:

$$\text{Portfolio}_{KZT} = \sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{KZT T_i} + \text{Collateral}, \text{ мұнда}$$

$T_i$  – нетто-жайғасымды есептеу датасы;

$T_0$  – ағымдағы сауда-саттық күнінің датасы;

$T_n$  – қандай да бір нетто-жайғасым бар есептеулердің соңғы күні;



$Q_{KZTTi}$  –  $T_i$  есептеу күнімен теңге бойынша нетто-жайғасым (нетто-талаптар кезінде "+" белгісімен, нетто-міндеттемелер кезінде "-" белгісімен);

Collateral – қамтамасыз етудің теңгемен сомасы.

12. Нарықтық тәуекелді ескере отырып, шетел валютасы портфелінің құны шетел валютасының ағымдағы есеп айыру бағасының ауытқу тәуекелін ескере отырып, оның ағымдағы нарықтық құнын бағалауға мүмкіндік береді.

Есеп айырысу бағаларының ықтимал ауытқу шамасы, шетел валютасы портфелінің мөлшеріне қарай қолданылатын, маржаның мөлшерлемесімен немесе шоғырлану мөлшерлемесімен сипатталады.

Шетел валютасы портфелінің құны былайша есептеледі:

$$\text{Portfolio}_{\text{Curr}} = \sum_{T_i=T_0}^{T_n} F_{\text{Curr}T_i} + \begin{cases} \sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i} \times X, & \text{если } |\sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i}| \leq L_{\text{conc}} \\ \text{sign}(L_{\text{conc}}) \times X + (|\sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i}| - L_{\text{conc}}) \times Y, & \text{если } |\sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i}| > L_{\text{conc}} \end{cases}$$

$$X = \begin{cases} PH_{-1_{\text{Curr}}}, & \sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i} \leq 0 \\ PL_{-1_{\text{Curr}}}, & \sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i} > 0 \end{cases}$$

$$Y = \begin{cases} PH_{-2_{\text{Curr}}}, & \sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i} \leq 0 \\ PL_{-2_{\text{Curr}}}, & \sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i} > 0 \end{cases}$$

$Q_{\text{Curr}T_i}$  –  $T_i$  есеп айырысу күнімен  $\text{Curr}$  шетел валютасы бойынша нетто-жайғасым ("+" белгісі бар нетто-талап немесе "-" белгісі бар нетто-міндеттеме).

$\text{Curr}$  шетел валютасындағы қамтамасыз ету,  $T_0$  есептесу күнімен нетто-жайғасымды есептегенде,  $T_0$  есептесу датасымен талап ретінде ескеріледі;

$F_{\text{Curr}T_i}$  –  $T_i$  есептеу күнімен  $\text{Curr}$  шетел валютасы бойынша нетто-позицияның форвардтық құны;

$L_{\text{conc}}$  – Комитет бекіткен және Әдістемеге сәйкес анықталатын,  $\text{Curr}$  шетел валютасы үшін шоғырлану шектелімі;

$PH_{-1_{\text{Curr}}}$ ,  $PL_{-1_{\text{Curr}}}$  – маржа мөлшерлемесінен анықталатын және Әдістемеге сәйкес есептелетін,  $\text{Curr}$  шетел валютасы бойынша нарықтық тәуекелді бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекаралары;

$PH_{-2_{\text{Curr}}}$ ,  $PL_{-2_{\text{Curr}}}$  – шоғырлану мөлшерлемесінен анықталатын және Әдістемеге сәйкес есептелетін,  $\text{Curr}$  шетел валютасы бойынша екінші деңгейдегі нарықтық тәуекелді бағалау диапазонының жоғарғы немесе төменгі шектері;

$\text{Sign}$  – знак  $\sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i}$ , если  $\sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i} > 0$ , то  $\text{sign}$  "+", немесе  $\text{sign}$  "-".

13.  $F$  Бағалы қағазы немесе шетел валютасы бойынша  $T_i$  есептесу күнімен нетто-жайғасымның форвардтық құны былайша есептеледі:

$$F_{\text{Curr}T_i} = Q_{T_i} \times \text{Rate}_{\text{Curr}T_i}, \text{ мұнда}$$

Rate\_Curr<sub>Ti</sub> –Ti есеп айырысу күні үшін Curr шетел валютасының есеп айырысу бағамы;

14. Портфельдің белгілі бір шетел валютасы бойынша пайыздық тәуекелі шетел валютасымен операциялардың және/немесе валюталық своп операцияларының және/немесе жеткізу фьючерстерінің есеп айырысу бағаларының құбылмалылығына байланысты тәуекелді бағалайды.

Пайыздық мөлшерлемелердің ықтимал өзгеру шамасы белгілі бір шетел валютасы бойынша есеп айырысудың белгілі бір күнімен нетто-жайғасымның мөлшеріне қарай қолданылатын, шоғырлану кезінде пайыздық тәуекел мөлшерлемесімен немесе пайыздық тәуекел мөлшерлемесімен сипатталады.

Шетел валютасы бойынша портфельдің пайыздық тәуекелі есеп айырысудың әрбір күні бойынша барлық нетто-жайғасымдардың пайыздық тәуекелі мөлшерінің сомасын білдіреді және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$IRRisk_{Curr} = \sum_{Ti=T0}^{Tn} IRRisk_{CurrTi}$$

Белгілі бір Curr шетел валютасы бойынша ti есеп айырысудың белгілі бір күні үшін нетто-позицияның пайыздық тәуекелі былайша есептеледі:

$$IRRisk_{CurrTi} = \begin{cases} Q_{CurrTi} \times (RRH_{1_{CurrTi}} - Rate_{CurrTi}), & \text{если } |Q_{CurrTi}| \leq L_{conc} \text{ и } Q_{CurrTi} < 0; \\ Q_{CurrTi} \times (Rate_{CurrTi} - RRL_{1_{Ti}}), & \text{если } |Q_{CurrTi}| \leq L_{conc} \text{ и } Q_{CurrTi} > 0; \\ Q_{CurrTi} \times (RRH_{2_{CurrTi}} - Rate_{CurrTi}), & \text{если } |Q_{CurrTi}| > L_{conc} \text{ и } Q_{CurrTi} < 0; \\ Q_{CurrTi} \times Rate_{CurrTi} - RRL_{2_{Ti}}, & \text{если } |Q_{CurrTi}| > L_{conc} \text{ и } Q_{CurrTi} > 0; \end{cases}$$

Rate\_Curr<sub>Ti</sub> – расчетный курс иностранной валюты Curr для даты расчетов Ti;

RRH<sub>1\_CurrTi</sub>, RRL<sub>1\_CurrTi</sub> – пайыздық тәуекел мөлшерлемесінен анықталатын және Әдістемеге сәйкес есептелетін, Curr шетел валютасы бойынша пайыздық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шектері;

RRH<sub>2\_CurrTi</sub>, RRL<sub>2\_Ti</sub> – пайыздық тәуекел мөлшерлемесінен анықталатын және Әдістемеге сәйкес есептелетін, Curr шетел валютасы бойынша екінші деңгейдегі пайыздық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекаралары.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы, 2019 жылдың 29 қаңтарындағы, 2019 жылдың 28 мамырындағы және 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

### 39-1 бап. Түрлендірілмелі маржа

1. Валюталық своп операциясы жасалған күні валюталық своп операциясы бойынша түрлендірілмелі маржа мынадай формула бойынша есептеледі:

$$VM\_SwapT = (Rate\_Curr_{Ti}(T) - (SwapBaseCurr + PriceSwap)) \times L, \text{ мұнда}$$

VM\_SwapT – валюталық своп операциясы жасалған күнгі валюталық своп операциясы бойынша түрлендірілмелі маржа;

Rate\_Curr<sub>Ti</sub>(T) – есептесу күні Ti болып табылатын Curr шетел валютасының есептесу күні үшін ағымдағы сауда-саттық күнінде (T) SwapBaseCurr Әдістемесінде анықталған, есептесу бағамы – "Валюталық своп операцияларының және шетел валюталарымен операциялардың маманданымы" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес анықталған валюталық своп операциясының базалық бағамы;

PriceSwap – валюталық своп операциясы жасалған баға;

L – валюталық своп операцияларының лоты.

2. Валюталық своп операциясы жасалған күннен кейінгі күннен бастап және валюталық своп операциясын жабу мәмілесі бойынша міндеттемелерді орындау күніне дейін қоса алғанда, валюталық своп операциясы бойынша міндеттемелер тоқтатылмаған түрлендірілмелі маржа мынадай формула бойынша есептеледі:

$$VM\_SwapTn = (Rate\_Curr_{Ti}(Tn) - (Rate\_Curr(Tn-1))) \times L, \text{ мұнда}$$

VM\_SwapTi – валюталық своп операциясы жасалған күннен кейінгі күннен бастап және келісімшарттың валюталық своп операцияларын жабу мәмілесі бойынша міндеттемелерді орындау күніне дейін қоса алғанда, сауда-саттық күніндегі валюталық своп операциясы мәмілелері бойынша түрлендірілмелі маржа;

Rate\_Curr<sub>Ti</sub>(Tn) – Өдістемеге сәйкес сауда-саттық күнінде (Tn) анықталған, Ti есептесу күні үшін Curr шетел валютасының есептесу бағамы;

Rate\_Curr<sub>Ti</sub>(Tn-1) – Өдістемеге сәйкес сауда-саттық күнінде (Tn-1) анықталған, Ti есептесу күні үшін Curr шетел валютасының есептесу бағамы;

L – валюталық своп операциясының лоты.

3. Жеткізу фьючерстерімен мәміле жасалған күні жеткізу фьючерстері бойынша түрлендірілмелі маржа мынадай формула бойынша есептеледі:

$$VM\_FWD(T) = (Rate\_Curr_{Ti}(T) - PriceFWD) \times L, \text{ мұнда}$$

VM\_FWD(T) – мәміле жасалған күні жеткізу фьючерстерімен мәміле бойынша түрлендірілмелі маржа;

Rate\_Curr<sub>Ti</sub>(T) – Өдістемеге сәйкес сауда-саттық күнінде (Tn) анықталған, Ti есептесу күні үшін Curr шетел валютасының есептесу бағамы;

PriceFWD – жеткізу фьючерстерімен мәміле бойынша баға;

L – жеткізу фьючерстерімен мәміле бойынша баға.

4. Жеткізу фьючерстерімен мәміле жасалған күннен кейінгі күннен бастап және жеткізу фьючерстерімен мәміле бойынша міндеттемелерді орындау күніне дейін жеткізу фьючерстерімен мәміле бойынша түрлендірілмелі маржа мынадай формула бойынша есептеледі:

$$VM\_FWD(Tn) = (Rate\_Curr_{Ti}(Tn) - (Rate\_Curr(Tn-1))) \times L, \text{ мұнда}$$

VM\_FWD(Tn) – жеткізу фьючерстері жасалған күннен кейінгі күннен бастап және жеткізу фьючерстерімен мәміле бойынша міндеттемелерді орындау күніне дейін сауда-саттық күнінде жеткізу фьючерстерімен мәміле бойынша түрлендірілмелі маржа;

Rate\_Curr<sub>Ti</sub>(Tn) – Өдістемеге сәйкес сауда-саттық күнінде (Tn) анықталған, Ti есептесу күні үшін Curr шетел валютасының есептесу бағамы;

Rate\_Curr<sub>Ti</sub>(Tn-1) – Өдістемеге сәйкес сауда-саттық күнінде (Tn-1) анықталған, Ti есептесу күні үшін Curr шетел валютасының есептесу бағамы;

L – жеткізу фьючерстерімен мәміле бойынша лот.

5. Валюталық своп операциялары / жеткізу фьючерстері бойынша сатушы болып табылатын клирингілік қатысушы үшін Биржа түрлендірілмелі маржаны мынадай формула бойынша есептейді:

$$VM_{sell} = (- Ni) \times VM, \text{ мұнда}$$

- $N_i$  – міндеттемелері тоқтатылмаған және олар бойынша клирингілік қатысушы сатушы болып табылатын і-лік базалық активі бар валюталық своп / жеткізу фьючерстерінің жасалған операцияларының саны;
- $VM$  – осы баптың 1-4-тармақтарына сәйкес есептелген, валюталық своп операциялары / жеткізу фьючерстері бойынша түрлендірілмелі маржа.
6. валюталық своп / жеткізу фьючерстері операцияларының мәмілелері бойынша сатып алушы болып табылатын, клирингілік қатысушы үшін Биржа  $VM_{buy}$  шамасын мынадай формула бойынша есептейді:
- $$VM_{buy} = N \times VM, \text{ мұнда}$$
- $N_i$  – міндеттемелері тоқтатылмаған және олар бойынша клирингілік қатысушы сатып алушы болып табылатын і-лік базистік активпен жасалған валюталық своп операцияларының / жеткізу фьючерстерінің саны;
- $VM$  – осы баптың 1-4-тармақтарына сәйкес есептелген, валюталық своп операцияларының / жеткізу фьючерстерінің түрлендірілмелі маржасы.
7. Егер осы баптың 4 немесе 5 тармағына сәйкес есептелген мән теріс болса, бұл клирингілік қатысушының  $VM_{sell}$  немесе  $VM_{buy}$  абсолюттік мәніне тең мөлшерде түрлендірілмелі маржаны төлеу жөніндегі міндеттемесінің болуын білдіреді, егер оң болса – клирингілік қатысушының  $VM_{sell}$  немесе  $VM_{buy}$  мәніне тең мөлшерде түрлендірілмелі маржаны алу жөніндегі талабының болуын білдіреді.
8. Түрлендірілмелі маржаны алу бойынша төлеу бойынша міндеттемелер/талаптар клирингілік қатысушының СКШ "S+" / СКШ "L+" есепке алынады.
9. Осы бапқа сәйкес түрлендірілмелі маржаны алу бойынша төлеу міндеттемелер / талаптар анықталғаннан кейін және осы Ережелердің 37-1 бабының 6 тармағына сәйкес валюталық своп / жеткізу фьючерсі операциялары бойынша міндеттемелердің тоқтатылуын есепке алғанға дейін:
- 1) валюталық своп операциясын жабу мәмілесі бойынша міндеттемелерді орындау күні мен белгілі бір базалық активі бар валюталық своптың әрбір операциясы үшін валюталық своп операциясын жабу мәмілесі бойынша сатып алушы сатушыға валюталық своп операциясын жабу мәмілесі бойынша төлеуге міндетті теңгедегі соманы ағымдағы есептесу күні анықталған есеп айырысу бағасының туындысы ретінде, міндеттемелері тоқтатылмаған, валюталық своп операцияларының жасалған санына есептейді;
  - 2) белгілі бір базалық активі және орындау күні бар әрбір жеткізу фьючерсі үшін жеткізу фьючерсі бойынша сатып алушы сатушыға жеткізу фьючерсі бойынша төлеуге міндетті теңгедегі соманы ағымдағы есеп айырысу күнінде анықталған есеп айырысу бағасының туындысы ретінде, міндеттемелері тоқтатылмаған, жеткізу фьючерстерімен жасалған мәмілелер санына есептейді;
  - 3) осы баптың 5 және 6 тармақтарына сәйкес есептелген валюталық своп/жеткізу фьючерстері операциясын жабу мәмілесі бойынша міндеттемелер сомасының өзгеруін ескере отырып, тиісті орындау күнімен нетто-міндеттемелердің/нетто-талаптардың мәндерін теңгемен қайта есептейді;
  - 4) түрлендірілмелі маржаны алу бойынша төлеу міндеттемелерді/талаптарды биржа mark-to-market сессиясын өткізу

кезеңінде клирингілік қатысушының "S+" СКШ / "L+" СКШ бойынша қояды және T0 есептесу күні үшін негізгі есеп айырысу-клирингілік сессияға енгізіледі және Регламентте анықталған тәртіппен орындалуы тиіс.

10. Биржа төлеген және/немесе алған түрлендірілмелі маржаның сомасына пайыздар есептелмейді және төленбейді

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*

#### 40 бап.

#### Клирингілік қатысушыны валюталық нарықта дәрменсіз деп мойындау

1. Клирингілік қатысушы мынадай жағдайлар басталған кезде Биржа органдары қандай да бір шешімдер қабылдамай, валюта нарығының жосықсыз клирингілік қатысушысы деп танылады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*:
  - 1) Валюталармен есептесу ережелеріне сәйкес, Биржаның корреспонденттік шоттарына клирингілік қатысушы ұлттық немесе шетел валютасын аударуы тиіс уақытқа дейін (бұдан әрі – cut-off time уақыты), осы клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақшаның жеткілікті санының болмауы (нетто-міндеттемелердің дефолты) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы, 2019 жылдың 28 мамырындағы және 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*;
  - 2) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 11 қарашасындағы шешімімен алып тасталған)*;
  - 3) валюталық нарықтың жартылай қамтылған клирингілік қатысушысы, 28 баптың 3 тармағында белгіленген мерзімде, кепілдік жарнаны қалпына келтіру бойынша талапты орындамауы (кепілдік жарна бойынша дефолт).
2. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушысын нетто-міндеттемелер дефолты жағдайында дәрменсіз деп мойындау осы Ережелердің 19 бабы 2 тармағының шарттарын орындау шарттармен жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы және 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*
3. Валюта нарығының клирингілік қатысушысын жосықсыз деп мойындау кезінде, Биржа осы Ережелердің 19 бабында анықталған жалпы әрекеттерді жүзеге асырады.
4. Валюта нарығының клирингілік қатысушысын нетто-міндеттемелер дефолты жағдайында жосықсыз деп мойындау кезінде, Биржа осы Ережелердің 41 бабына сәйкес жайғасымды ауыстыру процедурасын жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.
5. *(данный пункт исключен решением Совета директоров Биржи от 29 января 2019 года)*;
6. Осы баптың 1 тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жағдай бойынша дефолт туындаған кезде Биржаның клирингтік бөлімшесі дефолт күнінен кейінгі клирингтік күннің 10.00-ге дейін Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжатына сәйкес жосықсыз клирингтік қатысушыға қатысты қандай да бір шараларды қолданбау немесе қолдану туралы – жосықсыз клирингтік

қатысушыны шеттетуді қоса алғанда, Биржа мүшесінің барлық немесе жекелеген қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысудан бас тартуы және/немесе "жартылай қамтамасыз етілген" клирингтік қатысушының санатын "толық қамтылған" санатына өзгерту және/немесе клирингтік қызмет көрсетуді тоқтата тұру және/немесе жосықсыз клирингтік қатысушыны дәрменсіз деп тану мәселесін Биржа Басқармасының қарауына шығарады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы, 2020 жылдың 29 маусымындағы және 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

#### 41 бап. Валюталық нарықта жайғасымды ауыстыру процедурасы

1. Нетто-міндеттемелердің дефолты жағдайында валюталық нарықтың клирингтік қатысушысын жосықсыз деп мойындағанда, жосықсыз клирингтік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемелерін реттеу үшін Биржа, осы баптың 2 тармағында көрсетілген, келесі әрекеттерді жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Адал клирингтік қатысушылардың алдында Биржаның нетто-міндеттемелерін орындау мақсатында, Биржа төменде берілген амалдардың бірімен реттеуді жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) Биржа Провайдер-Банкпен, осы баптың 4 тармағында аталған шарттармен, шетел валютасымен операция жасасады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 2) Ұлттық Банкпен, осы баптың 4 тармағында аталған шарттармен, шетел валютасымен операция жасасады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 3) Ұлттық Банктің Биржаға орталық контрагент ретінде Биржаның Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шоты бойынша "овердрафт" несиесін ұсыну арқылы;
  - 4) меншікті қаржылары есебінен;
  - 5) Ұлттық Банкпен немесе Банк-провайдермен шетел валютасымен операция жасасу мүмкін болмаған жағдайда, Биржа осы Ережелердің 22 бабына сәйкес бөлу процедурасын жүзеге асырып, осы баптың 4 тармағында аталған шарттармен, бөлу процедурасын өткізу нәтижелері бойынша анықталған, өзінің алдында орындалмаған нетто-міндеттемелердің сомасына адал клирингтік қатысушының атынан әр адал клирингтік қатысушысымен своп операциясын жасасады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Биржаның алдындағы жосықсыз клирингтік қатысушының нетто-міндеттемесін ауыстыру Биржа мен жосықсыз клирингтік қатысушының арасында, оның атынан әрекет ете отырып, осы баптың 4 тармағында аталған шарттармен, шетел валютасымен операциялар жасасу арқылы жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

Жайғасымды ауыстыру процедурасы шеңберінде жосықсыз клирингтік қатысушының атынан Биржа жасайтын шетел валютасымен операцияны ашу мәмілесін сату мәні болып табылатын қаржы құралын таңдауды Биржа өз қалауы бойынша жүзеге асырады.



Жосықсыз клирингтік қатысушының Биржа алдындағы орындалмаған нетто-міндеттемелерін реттеу сәтіне дейін нетто-міндеттемелерді төлеуге ақша түскен жағдайда, Биржаның осы тармақтың бірінші абзацында сипатталған әрекеттердің орындалуын болдырмауға құқығы бар.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы және 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

4. Адал клирингтік қатысушының алдында Биржамен орындалмаған міндеттемесін ауыстыру мақсатындағы жасалатын шетел валютасымен операцияны Биржа келесі шарттармен жүзеге асырады:
  - 1) есеп айырысу мерзімі ертерек шетел валютасымен операция бойынша міндеттемелерді орындау датасы деп, жосықсыз клирингтік қатысушының Биржаның алдындағы қарсылама нетто-міндеттемелерді орындамау күні болып табылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 2) своп операциясының мерзімі – бір күн;
  - 3) есеп айырысу мерзімі кейінірек шетел валютасымен операцияның мәмілесі бойынша міндеттемелерді орындау датасы деп, своп ашылу мәмілесінің датасынан кейінгі, есептесу датасы болып табылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 4) шетел валютасымен операциясын ашылу мәмілесінің көлемі жосықсыз клирингтік қатысушының Биржаның алдындағы орындалмаған нетто-міндеттемесінің көлеміне тең. Бұл ретте, лоттың еселілігінен туындайтын, дөңгелектеу көбейту жағына қарай жасалады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 5) шетел валютасымен операциясы, жосықсыз клирингтік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемесі көрсетілген, қаржы құралын сатып алу бағытында жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 6) шетел валютасымен операцияның ашылу мәмілесінің бағамы, Биржаның "Валюталық своп операциясының маманданымы" атты ішкі құжатына сәйкес есептелетін Rgсеорен, своп операциясының ашылу мәмілесінің бағасына тең болып орнатылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 7) своп операциясының бағасы, жайғасымды ауыстыру нысаны болып табылатын нетто-міндеттемесін құрайтын, валюталар үшін Өдістемеге сәйкес белгіленген, SD дефолтын реттеу мөлшерлемесіне тең.
5. Биржа, өзімен жасалатын мәмілелерге қатысты жосықсыз, сондай-ақ, адал клирингтік қатысушының атынан әрекет ете отырып, осы Ережелерге сәйкес арнайы өкілеттіліксіз (сенімхатсыз), сондай-ақ клирингтік қатысушының келісімісіз, мәмілеледі жасасу үшін қажетті барлық заңды және нақты әрекеттерді жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*
6. Осы бапқа сәйкес жайғасымды ауыстыру үшін жүзеге асырылған, жосықсыз клирингтік қатысушы, сондай-ақ адал клирингтік қатысушылар, олардың атынан Биржамен жасалған барлық мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауға міндетті *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген).*

7. *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен алып тасталған).*
8. Биржа, осы Ережелердің 29 бабына сәйкес белгіленген, тұрақсыздық төлемін/айыппұлдарды төлеу үшін валюталық нарықтағы жосықсыз клирингілік қатысушының қамтуын және/немесе кепілдік жарнасын пайдалануға құқылы.

**42 бап. Клирингілік қатысушыны валюталық нарықта дәрменсіз деп мойындау**

1. Клирингілік бөлімше клиринг қатысушысын/валюта нарығының жосықсыз клиринг қатысушысын дәрменсіз деп тану туралы мәселені Биржа Басқармасының қарауына 20 баптың 1 тармағының 1) тармақшасы негізінде мынадай жағдайларда шығарады:
  - 1) жосықсыз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелері дефолт туындаған жағдайда алдыңғы екі клирингілік күн ішінде қатарынан ағымдағы клирингілік күннің 10.00 ALT дейін;
  - 2) егер margin-call осы Ережелердің 37-1 бабының 2 тармағында белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда (маржа бойынша дефолт) ағымдағы клирингілік күннің 15.00 ALT кешіктірмей;
  - 3) осы Ережелердің 28 бабының 3 тармағына сәйкес кепілдік жарнаны енгізу туралы міндеттеме орындалмаған/толық орындалмаған жағдайда, олар орындалуы тиіс күннен кейінгі келесі клирингілік күннің ALT 9.30-ына қарай.*(Осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы, 2019 жылдың 29 қаңтарындағы, 2020 жылдың 11 қарашасындағы және 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген);*
2. Биржа Басқармасы клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп мойындау туралы шешім қабылдаған жағдайда, Биржа осы Ережелердің 21 бабына сәйкес дефолтты реттеу бойынша процедураларды жүзеге асырады.

**6 тарау. ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**43 бап. Деривативтер нарығында клирингілі жүзеге асыру ерекшеліктері**

1. Биржа деривативтер нарығында фьючерстер секциясындағы туынды қаржы құралдарымен Орталық контрагент функцияларын жүзеге асырады.
2. Биржа валюталық және туынды қаржы құралдарымен клирингілі нетто-негізде жүзеге асырады.
3. Деривативтер нарығындағы Биржа клирингілік қатысушылар үшін клирингілік қызметті қамтамасыз етпей және жартылай қамтамасыз ете отырып жүзеге асырады.
4. Мәмілелер жасасу және Spectra деривативтер нарығының сауда-клирингілік жүйесіндегі позицияларды есепке алу үшін деривативтер нарығының клирингілік қатысушыларына Биржаның "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелеріне және олардың шоттарына, сауда жүйелерін пайдаланушыларға, бағалы қағаздар эмитенттеріне және қаржы құралдарына кодтар беру тәртібі туралы нұсқаулық" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес ашылады:

есеп айырысу кодтары (ЕК) – берілетін өтінімдер мен жасалған мәмілелерді қамтамасыз ету туралы ақпаратты есепке алуға, сондай-ақ осындай

мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауға арналған меншікті және агрегацияланған клиенттік;

агрегацияланған сауда-клирингілік шоттар (БФ) – берілетін өтінімдер мен жасалған мәмілелерді, сондай-ақ сегрегацияланған сауда-клирингілік шоттардың тобы бойынша ашық позицияларды қамтамасыз ету туралы ақпаратты есепке алуға арналған меншікті және клиенттік шоттар;

сегрегацияланған сауда-клирингілік шоттар (СКШ) – өтінімдер беруге және мәмілелер жасасуға арналған меншікті және клиенттік шоттар;

жою сауда-клирингілік шоттары (СПЕЦБФ) – Биржа мен адал клирингілік қатысушылар арасында өтінім берусіз жасалатын теңгерімдеуші мәмілелер бойынша жайғасымдарды есепке алуға арналған меншікті және клиенттік шоттар.

5. Меншікті және клиенттік есеп айырысу кодтары мен агрегацияланған сауда-клирингілік шоттарды, сондай-ақ тарату сауда-клирингілік шотын ашу/жабу клирингілік қатысушы мәртебесін берген/айырған жағдайда автоматты түрде жүргізіледі.

Қосымша есеп айырысу кодтарын, агрегацияланған сауда-клирингілік шоттарды, сондай-ақ сегрегацияланған сауда-клирингілік шоттарды ашу/жабу клирингілік қатысушы Биржалық қызметтің ережелеріне сәйкес берген өтініш негізінде жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші және екінші абзацтарында көрсетілген шоттарды жабу туынды қаржы құралдары бойынша ашық позициялар, жасалған мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелер болмаған, сондай-ақ осындай шоттар бойынша есепке алынатын ақша болмаған жағдайда жүргізіледі.

6. Сауда-саттық шектелімі:

- 1) жеке және/немесе клиенттің есеп айырысу коды бойынша осындай есеп айырысу кодымен байланысты барлық агрегацияланған сауда-клирингілік шоттарда ескерілетін ақша сомасы ретінде есептеледі;

- 2) агрегацияланған сауда-клирингілік шоты бойынша осындай агрегацияланған сауда-клирингілік шотына сәйкес келетін барлық сегрегацияланған сауда-клирингілік шоттарында ескерілетін ақша сомасы ретінде есептеледі;

- 3) сегрегацияланған сауда-клирингілік шоты бойынша осындай сауда-клирингілік шотында есепке алынатын ақша сомасы ретінде есептеледі.

7. Агрегацияланған сауда-клирингілік шот бойынша Биржаның сауда-саттық шектелімі белгіленген жағдайда:

түрлендірілмелі маржаны, комиссиялық және клирингілік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау (тоқтату) кезінде агрегацияланған сауда-клирингілік шот бойынша сауда-саттық шектелімінің мәнін көрсетілген міндеттемелердің шамасына өзгертеді;

қамтамасыз етуді енгізу және қайтару кезінде агрегацияланған сауда-клирингілік шоты бойынша сауда-саттық шектелімінің мәнін өзгертпейді.

8. Биржа есеп айырысулары Регламентте белгіленген тәртіппен қандай да бір есеп айырысу-клирингілік сессиясында жүзеге асырылатын мәмілелер жиынтығы бойынша нетто-талаптарды және нетто-міндеттемелерді анықтайды.

9. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысының сауда-клирингілік шоты бойынша нетто-талаптарды/нетто-міндеттемелерді анықтау үшін Биржа соңғы клирингілік сессияны өткізу барысында тиісті туынды қаржы құралының маманданымында анықталған тәртіппен есептелетін

түрлендірілмелі маржаны пайдаланады және клирингілік қатысушы жасаған әрбір мәміле бойынша түрлендірілмелі маржаның сомасынан құралады.

10. Биржа деривативтер нарығының жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушысының жеке есеп айырысу кодында ескерілетін ақшаны осы клирингілік қатысушының Биржа алдындағы кез келген берешегін (тұрақсыздық төлемін/айыппұлдын қоса алғанда) төлеу үшін пайдалануға құқылы.
5. Биржа деривативтер нарығының жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушының меншікті қамту шоттарындағы маржалық жарналарды және/немесе кепілдік жарналарын осы клирингілік қатысушының Биржаның алдындағы кез келген қарызын (соның ішінде тұрақсызды төлемін/айыппұлдарын) төлеу үшін пайдалануға құқылы.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*

#### **44 бап. Деривативтер нарығының тәуекелдерін басқару жүйесі**

1. Деривативтер нарығындағы тәуекелдерді басқару жүйесі келесі элементтерден тұрады:
  - 1) Әдістемеге сәйкес анықталған, деривативтер нарығының тәуекел-параметрлері:
    - туынды қаржы құралдарының есептесу бағалары;
    - туынды қаржы құралдарының бастапқы маржасының мөлшерлемелері;
    - туынды қаржы құралдарын шоғырландыру шектелімдері;
    - туынды қаржы құралдары шоғырлануының мөлшерлемелері;
    - туынды қаржы құралдарының пайыздық тәуекел мөлшерлемелері;
    - туынды қаржы құралдарының нарықтық және пайыздық тәуекелдерінің шектеу мөлшерлемелері;
    - спредке енгізілген туынды қаржы құралдары үшін спред шамасының жоғарғы және төменгі шекаралары;
    - туынды қаржы құралдарының нарықтық тәуекелдерін бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекаралары;
    - туынды қаржы құралдарының пайыздық тәуекелдерін бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекаралары;
    - туынды қаржы құралдарының баға дәлізінің жоғарғы және төменгі шекаралары;
  - 2) деривативтер нарығының клирингілік қатысушыларының кепілді қамтамасыз етуі;
  - 3) жартылай қамтамасыз етумен деривативтер нарығының клирингілік қатысушысының меншікті/клиенттік есеп айырысу кодтарында кепілді қамтамасыз етудің жеткіліктілігін бақылау;
  - 4) түрлендірілмелі маржа;
  - 5) сауда-саттық шектелімі;
  - 6) деривативтер нарығының клирингілік кепілдік қоры;
  - 7) деривативтер нарығының клирингілік қатысушыларының күнделікті негізде деривативтер нарығының клирингілік кепілдік қорына кепілдік жарналарының жеткіліктілігін бақылау;

- 8) деривативтер нарығының клирингілік сақтық қоры;
- 9) дефолттарды реттеу бойынша процедуралар;
- 10) осы Ережелердің 24 бабына сәйкес жартылай қамтылған деривативтер нарығының клирингілік қатысушысының алдында мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелерді орындау бойынша Биржаның Орталық контрагент ретінде жауапкершілігін шектеу.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*

2. Туынды қаржы құралдарының баға дәлізінің шекараларын белгілеу/өзгерту тәртібі Өдістемеге сәйкес жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Жайғасымдар ашу шектелімін клирингілік бөлімше деривативтер нарығының әр клирингілік қатысушысына жеке осы қатысушының ағымдағы қаржылық жағдайына қарай есептейді және Комитет бекітеді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген және Биржаның 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен алып тасталған)*.

#### **45 бап. Деривативтер нарығындағы есеп айырысулар. Қамтуды аудару**

1. Биржа деривативтер нарығында жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысу ұйымы болып табылады.
2. Деривативтер нарығындағы мәмілелер бойынша есеп айырысулар Биржаның "Деривативтер нарығындағы сауда-саттық бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.
3. Жасалған мәмілелер бойынша өздерінің нетто-міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету, сондай-ақ өтінімдер беру және мәмілелер жасасу мақсатында деривативтер нарығының клирингілік қатысушыларының ақша аударуы Валюталармен есеп айырысу ережелерінде белгіленген мерзімде және шарттарда Биржаның корреспонденттік шоттарына жүзеге асырылады.
4. Осы баптың 5 тармағында көрсетілген мақсаттар үшін тиісті валютада ақша аудару төлем құжаттарында төлем мақсатын білдіретін арнайы кодтар көрсетіле отырып жүзеге асырылады. Мұндай кодтардың тізімі Биржаның интернет-сайтында жарияланған ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)).
5. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысын кепілдікті қамтамасыз етуге қабылданатын қаржы құралы Т+ тізіміне және Т+ қамтамасыз ету тізіміне қаржы құралдарын енгізу тәртібіне сәйкес жартылай қамтамасыз етумен мәмілелер бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде ескерілетін қаржы құралдарының тізіміне енгізілген теңге және шетел валютасы болып табылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. Валюта нарығының клирингілік қатысушыларына оның қамтамасыз ету шоттарында ескерілетін ақшаны қайтару тәртібі мен шарттары Валюталармен есеп айырысу ережелерінде анықталған.
7. Биржа деривативтер нарығының клирингілік қатысушысының кепілдікті қамтамасыз ету есебінде ескерілетін ақшаны есептен шығаруды Биржаның "деривативтер нарығындағы сауда-саттықтар бойынша есеп айырысуларды

жүзеге асыру ережелері" ішкі құжатына сәйкес клирингілік қатысушының өкімі негізінде мынадай шарттар орындалған кезде жүзеге асырады:

- осындай қайтарудың нәтижесінде қамтамасыз етуді қайтаруға арналған сұрау салуда көрсетілген сауда-клиринг шоты ашылған, оның шеңберінде агрегацияланған сауда-клирингілік шоты бойынша есептелген бос ақшаның шамасы теріс болмайынша;
- осындай қайтару нәтижесінде оның шеңберінде қамтамасыз етуді қайтаруға арналған сұрау салуда көрсетілген сауда-клирингілік шоты ашылған агрегацияланған сауда-клирингілік шотына байланысты есеп айырысу коды бойынша есептелген бос ақшаның шамасы теріс болмайынша;
- осы агрегацияланған сауда-клирингілік шотына байланысты есеп айырысу коды бойынша есептелетін margin-call жоқ, оның шеңберінде қамтамасыз етуді қайтаруға арналған сұрау салуда көрсетілген сауда-клирингілік шоты ашылған;
- қайтару сомасы қамтамасыз ету болып табылатын және белгілі бір агрегацияланған сауда-клирингілік шотына байланысты барлық сауда-клирингілік шоттарында ескерілетін ақша сомасынан аспайды;
- қайтару сомасы қамтамасыз ету болып табылатын және оның шеңберінде клиринг қағидаларының 24 бабының 7 тармағына сәйкес анықталған, орындалуы кейінге қалдырылған міндеттемелердің мөлшеріне азайтылған қамтамасыз етуді қайтаруға арналған сұрау салуда көрсетілген сауда-клирингілік шот ашылған агрегацияланған сауда-клирингілік шотпен байланысты есеп айырысу коды бойынша ескерілетін ақша сомасынан аспайды.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы, 2020 жылдың 29 маусымындағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген).*

#### **45-1 бап. Клирингілік сессияларды өткізу тәртібі**

1. Регламентте белгіленген мерзімде Биржа деривативтер нарығында аралық және соңғы клирингілік сессияларды өткізеді. Әрбір клирингілік сессия үшін клирингілік пул қалыптастырылады, оған осындай клирингілік сессия барысында орындалуға (тоқтатылуға) жататын міндеттемелер енгізіледі. Әрбір клирингілік сессияның клирингілік пулына енгізілген міндеттемелер осы клирингілік сессияның клирингілік пулында тоқтатылады.
2. Биржаның аралық клирингілік сессиясы шеңберінде:
  - 1) клирингілік қатысушының әрбір есеп айырысу коды/агрегацияланған сауда-клирингілік шот/сегрегацияланған сауда-клирингілік шот бойынша жасалған мәмілелер бойынша нетто-талаптарын/нетто-міндеттемелерін анықтайды;
  - 2) кепілді қамтамасыз етуді есептейді;
  - 3) сауда-саттық шектелімін есептейді.
3. Биржаның соңғы клирингілік сессиясы шеңберінде:
  - 1) Әдістемеге сәйкес тәуекел-параметрлердің жаңа мәндерін анықтайды;
  - 2) осындай қаржы құралдарының ерекшеліктеріне сәйкес ағымдағы орындау күнімен туынды қаржы құралдарының орындалуын жүргізеді;
  - 3) клирингілік қатысушының әрбір есеп айырысу коды/агрегацияланған сауда-клирингілік шот/сегрегацияланған сауда-клирингілік шот бойынша жасалған мәмілелер бойынша нетто-талаптарын/нетто-міндеттемелерін анықтайды;



- 4) клирингілік қатысушылардың есеп айырысу кодтары бойынша ақша бойынша қорытынды нетто-міндеттемелерді/қорытынды нетто-талаптарды орындауды жүргізеді;
  - 5) клирингілік қатысушылардың комиссиялық және клирингілік алымдарды төлеу бойынша міндеттемелерін орындауды жүргізеді;
  - 6) Кепілді қамтамасыз етуді есептейді;
  - 7) Сауда-саттық шектелімін есептейді;
  - 8) margin-call тиянақтайды;
  - 9) Биржаның "Деривативтер нарығындағы клирингілік есептердің форматтары" атты ішкі құжатына сәйкес клирингілік қатысушыларға есептерді қалыптастырады және жібереді;
  - 10) клирингілік қатысушылар үшін сауда-клирингілік шоттарды ашуды және жабуды жүзеге асырады.
4. Деривативтер нарығындағы есепке алу жүйесіндегі нетто-міндеттемелерді және нетто-талаптарды көрсету мақсатында Биржа Регламентке сәйкес күн сайын көрсетілген шоттарда ескерілетін мынадай ақпаратты басшылыққа ала отырып, тиісті туынды қаржы құралының маманданымында анықталған тәртіппен әрбір сауда-клирингілік шот/агрегацияланған сауда-клирингілік шот/есеп айырысу коды бойынша мәмілелер жиынтығы бойынша нетто-талаптарды/нетто-міндеттемелерді анықтайды:
- әрбір есеп айырысу-клирингілік сессияға сауда-клирингілік шотта/агрегацияланған сауда-клирингілік шотта/есеп айырысу кодында ескерілетін түрлендірілмелі маржаны беру жөніндегі міндеттемелер және алу жөніндегі талаптар туралы;
  - "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы ереже" биржасының ішкі құжатына сәйкес анықталған комиссиялық және клирингілік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелер туралы.
5. Түрлендірілмелі маржа туынды қаржы құралымен әрбір мәміле бойынша осындай қаржы құралының маманданымында анықталған тәртіппен анықталады.
6. Маманданымда және Әдістемеде белгіленген түрлендірілмелі маржаны анықтау үшін қажетті деректер болмаған жағдайда, соңғы клирингілік сессия басталатын уақытқа қарай Биржа Басқармасы туынды қаржы құралдары бойынша түрлендірілмелі маржаны анықтауды және орындауды жүзеге асырмау туралы шешім қабылдауға құқылы.
7. Mark-to-market соңғы клирингілік сессиясының қорытындысы бойынша клирингілік қатысушыда туындаған margin-call клирингілік қатысушымен келесі клирингілік күннің 13.00 ALT дейін жойылуы тиіс:
- 1) тиісті есеп айырысу кодына ақша енгізу арқылы;
  - 2) қамтамасыз етудің жеткіліксіздігін жоятын мәмілелер жасасу арқылы.
8. Margin-call соңғы клирингілік сессияның қорытындысы бойынша қалыптасқан есеп айырысу коды бойынша берешегі бар клирингілік қатысушыда туындайды. Margin-call сомасы көрсетілген берешектің абсолютті мәніне тең.
9. Соңғы клирингілік сессияның қорытындылары бойынша есеп айырысу коды бойынша клирингілік қатысушыда туындаған margin-call осындай шот бойынша қалдық теріс емес болған кезде тоқтатылған болып есептеледі.
10. Клирингілік қатысушы margin-call-ті осы баптың 2 тармағында белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, мұндай клирингілік қатысушы осы Ережелердің 52 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес дәрменсіз деп танылады

(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)

**45-2 бап. Деривативтер нарығында кепілді қамтамасыз ету. Кепілді қамтамасыз етуді есептеу қағидаттары**

1. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысын кепілдікпен қамтамасыз ету мына мақсаттарда пайдаланылады:

осындай мәмілелерді жасасуға өтінімдер беру кезінде туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелерді қамтамасыз етудің жеткіліктілігін алдын ала бақылау;

туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша қамтамасыз етудің жеткіліктілігінің қажетті деңгейін оларды орындау сәтіне дейін қолдау.

2. Кепілді қамтамасыз етуді есептеу кезінде Биржа шоттарды агрегациялаудың келесі ережелерін қолданады:

1) шоттарды агрегациялау ережесін қолдану кезінде - "Нетто" әрбір құрал бойынша жайғасым сауда-клирингілік шотта ескерілетін жайғасымдардың көлемін қосу жолымен есептеледі;

2) "Полунетто" – шоттарды агрегациялау ережесін қолдану кезінде сауда-клирингілік шоттарда ескерілетін жайғасымдардың тәуекелдері есептеледі және барлық соңғы сауда-клирингілік шоттар бойынша сатып алуға және сатуға арналған жайғасымдардың екі сомасынан модуль бойынша үлкен жайғасым анықталады.

3. Биржа сауда-клирингілік шоттар бойынша кепілді қамтамасыз етудің есебін шоттарды агрегациялаудың мынадай ережелеріне сәйкес жүзеге асырады:

1) сегрегацияланған сауда-клирингілік шоттар бойынша - "полунетто";

2) агрегацияланған сауда-клирингілік шоттар бойынша – "нетто" немесе "полунетто", клирингілік қатысушы таңдаған шоттарды агрегациялау ережелеріне байланысты, осы Клирингілік ережелердің 5 қосымшасында белгіленген агрегацияланған сауда-клирингілік шоттың параметрлерін анықтау туралы өтінішке сәйкес.

Клирингілік қатысушы агрегацияланған сауда-клирингілік шоттың параметрлерін анықтау туралы өтінішті бермеген жағдайда, кепілдік қамтамасыз етуді есептеу мынадай ережелерге сәйкес жүзеге асырылады: шоттарды агрегациялау ережесі – "полунетто".

Кепілді қамтамасыз етуді есептеу кезінде пайдаланылатын шоттарды агрегациялау ережелерін өзгерту клирингілік қатысушыдан параметрлерді таңдау туралы өтінішті алғаннан кейін жақын арадағы клирингілік сессияға жүзеге асырылады;

3) есеп айырысу кодтары бойынша - "нетто".

4. Кепілді қамтамасыз етуді есептеу алгоритмінің негізі сценарийлік тәсіл болып табылады.

Туынды қаржы құралдарының әрбір тобы үшін сценарийлік тәсіл шеңберінде топқа кіретін туынды қаржы құралдарының бағаларын анықтайтын параметрлерді өзгерту бойынша сценарийлер жиынтығы қаралады:

- фьючерстік келісімшарттың бағасы;
- пайыздық мөлшерлеменің қисығы;
- фьючерстік келісімшарттың болжамды құбылмалылығы.

Әрбір сценарий жоғарыда көрсетілген параметрлердің өзгерістерінің белгілі бір жиынтығын білдіреді.

5. Әрбір сценарий үшін осы сценарий негізінде анықталған бағалар бойынша топты құрайтын туынды қаржы құралдары бойынша барлық жайғасымдарды жабудың қаржылық нәтижесі есептеледі.
6. Бір туынды қаржы құралы үшін есептелген кепілді қамтамасыз ету мөлшері кепілдікті қамтамасыз етудің негізгі мөлшері деп аталады.
7. Кепілді қамтамасыз етудің базалық өлшемдері сатып алынған және сатылған бір туынды қаржы құралы үшін есептеледі.
8. Туынды қаржы құралы бағасының өзгеруі бойынша сценарийлер әдістемеге сәйкес анықталатын деривативтер нарығының қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерімен анықталады және әрқайсысы туынды қаржы құралының бағасын білдіретін, бір-бірінен тең қашықтатылған нүктелер (сценарийлер) жиынтығы болып табылады.
9. Қамтамасыз етуге қабылданатын шетел валютасы Комитет белгілеген қамтамасыз етуде ескерілетін шетел валютасының үлесін анықтайтын шектеу коэффициентін ескере отырып, тәуекел-параметрлерді анықтау әдістемесіне сәйкес анықталатын орталық бағам бойынша қайта есептеледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

**46 бап.** *(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

**47 бап.** *(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

**48 бап.** *(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

**49 бап.** *(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

**50 бап.** **Клирингілік қатысушыны деривативтер нарығында жосықсыз деп мойындау**

1. Жартылай қамтамасыз етілген деривативтер нарығының осындай клирингілік қатысушысы осы Ережелердің 28 бабының 3 тармағында белгіленген мерзімде кепілдік жарнаны қалпына келтіру жөніндегі талапты орындамаған жағдайда, Биржа деривативтер нарығының клирингілік қатысушысын жосықсыз деп таниды (кепілдік жарна бойынша дефолт).
2. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысын жосықсыз деп тану кезінде Биржа осы Ережелердің 19 бабында анықталған жалпы әрекеттерді, сондай-ақ осы бапта белгіленген әрекеттерді жүзеге асырады.
3. Жосықсыз клирингілік қатысушы осы Ережелердің 28 бабының 3 тармағына сәйкес кепілдік жарнаны толықтыру туралы талап бойынша міндеттемені орындамаған жағдайда, клирингілік бөлімше кепілдік жарна бойынша дефолт күнінен кейінгі күннің ALT 10.00-ге дейінгі мерзімде Биржа Басқармасының қарауына клирингілік қатысушыны шеттету туралы мәселені шығарады – Биржа мүшесінің Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжатына және/немесе клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру туралы мәселеге және/немесе жосықсыз клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп

тану туралы мәселеге сәйкес барлық немесе жекелеген қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысудан бас тартуы.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы, 2020 жылдың 29 маусымындағы, 2020 жылдың 11 қарашасындағы, 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*

**51 бап.** *(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімдерімен өзгертіліп, Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен алып тасталған).*

**52 бап.** **Клирингтік қатысушыны деривативтер нарығында дәрменсіз деп мойындау**

1. Клирингтік бөлімше деривативтер нарығының клирингтік қатысушысын/жосықсыз клирингтік қатысушысын дәрменсіз деп тану туралы мәселені Биржа Басқармасының қарауына осы Ережелердің 20 бабы 1 тармағының 1) тармақшасы негізінде мынадай жағдайларда шығарады:

- 1) егер margin-call осы Ережелердің 45-1 бабының 7 тармағында белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда (маржа бойынша дефолт) ағымдағы клирингтік күннің 14.00 ALT кешіктірмей;
- 2) кепілдік жарнаны толтыру жөніндегі талап орындалмаған/толық орындалмаған жағдайда, олар орындалуы тиіс келесі күннен кейінгі клирингтік күннің 9.30-ына қарай.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

2. Биржа Басқармасы клирингтік қатысушыны дәрменсіз деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда Биржа осы Ережелердің 21 бабына сәйкес дефолтты реттеу жөніндегі процедураларды жүзеге асырады.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*

## 7 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

**53 бап.** **Биржаның жауапкершілігі**

1. Биржа, өзіне орталық контрагент функциясын ала отырып, осы Ережелердің 24 бабында және осы баптың 2-5 тармағында белгіленген, шектеулерді ескерумен, әр адал клирингтік қатысушының алдында жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын, басқа клирингтік қатысушының Биржаның алдында өз міндеттемелерін орындау-орындамауына қарамастан, кепілдейді.

1-1. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілді, Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілді және Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*

2. Биржа орталық контрагенттің функцияларын орындамайтын клирингтік ұйым ретінде, қандай да бір клирингтік қатысушының ОК-сыз жасалған мәмілелердің орындалмағаны үшін, сондай-ақ ОК-сыз жасалған мәмілелер бойынша дефолт нәтижесінде келтірілген шығындар немесе залалдар үшін

жауапты болмайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

3. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталған)*.
4. Биржа, оның бақылау шектерінен тыс жерте туындаған, сондай-ақ келесі жағдайлар мен оқиғалар нәтижесінде болған, шығындар мен залалдар үшін жауапты болмайды:
  - 1) еңсерілмейтін күштер (форс-мажор оқиғасы) салдарынан немесе Биржаның жауапкершілігін бақылау аймағынан тыс тұрған, өзге оқиғалар салдарынан жаңылыстардың болуы;
  - 2) клирингілік қатысушылардың клирингілік қызмет көрсету туралы келісім шартқа және Ережелерге сәйкес өз міндеттемесін тиісті орындамауы;
  - 3) техникалық проблемалар, бағдарламалық-техникалық кешеннің жартылай немесе толық тұрақсыздығы, сауда-саттық, клирингілік және есептесу процедураларын жүзеге асырғанда енгізу-шығару процедураларының қателері, өкім қателерінің, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша ұсынылған қамтуларды басқару қателері салдарынан.

Осы тармақшаның бірінші абзацында белгіленген, нормалар қолданылмайды, егер тыындаған шығындар мен залал Биржаның қасақана әрекеттері немесе рұқсат етілмейтін ағаттығы немесе Биржаның ішкі құжаттарының қағидаларын тікелей бұзушылығы болып табылса;
  - 4) клирингілік қатысушының атынан Биржаның дефолтты реттеу жөніндегі жайғасымдарды ауыстыру жөніндегі процедураларды, оның ішінде мәжбүрлеп жою процедураларды осы Ережелерге сәйкес жүзеге асыруы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 5) Биржаның осы Ережелердің 20 бабына сәйкес, мәмілелерді жарамсыз деп мойындауды жүзеге асыруы.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

5. Клирингілік қатысушылардың, оның ішінде дәрменсіз клирингілік қатысушылардың, осы баптың 4 тармағында аталған шығындары немесе залалы бөлігіндегі кінәрат-талаптарын Биржа қабылдамайды.
6. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (табиғи апаттар, дүлей зілзалалар, соғыстар, соғыс қимылдары, террористік актілер, халық толқулары, заңнаманың өзгеруі, реттеуші органдардың (уәкілетті) әрекеттері мен шешімдері, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері, оның ішінде карантинді жариялау, және басқа да осындай жағдайлар, клирингілік қатысушы алдын ала болжай алмаған және клирингілік қатысушының өз міндеттерін тиісінше орындауына тікелей әсер еткен, яғни форс-мажор жағдайлары) туындаған жағдайда немесе қаржы нарығы ұйымдарының қызметін тоқтата тұруға байланысты, оның ішінде Биржа және/немесе клирингілік қатысушы орналасқан елді мекендерде төтенше жағдайдың енгізілуіне немесе төтенше жағдайдың туындауына байланысты өзге де оқиғаларды Биржа Басқармасы осындай оқиғалар туындағанға дейін жасалған мәмілелердің орындалу мерзімдерін, дүлей күш жағдайлары орын алған уақыт мөлшерінде, ОК-пен және ОК-сыз тәртіптемелерде ауыстыру жөнінде шешім қабылдауға құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.

**54 бап. Клирингілік қатысушыларға және Ұлттық Банкке есеп беру тәртібі**

1. Клирингілік сессияның қорытындысы бойынша Биржа клирингілік қатысушыларға eTransfer.kz электрондық құжаттармен алмасу жүйесі арқылы клирингілік есептерді жолдайды.
2. Клирингілік қатысушыларға ұсынылатын, клирингілік есептер келесі ақпараттарды қамтуы мүмкін:
  - 1) әр клирингілік (сауда-клирингілік) шот бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелер туралы;
  - 2) нетто негізде клирингке кірген, мәмілелер туралы;
  - 3) кепілдік жарнаның жеткіліктілігі туралы;
  - 4) осы Ережелермен және/немесе "Қор нарығындағы клирингілік есептердің форматтары" ішкі құжатымен және/немесе "Валюта нарығындағы клирингілік есептердің форматтары" ішкі құжатымен анықталған биржалық нарықтардың ерекшеліктеріне сәйкес ұсынылатын, өзге де ақпарат.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы, 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі және 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен төзгертілген):*

3. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы және 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген және 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен алып тасталған).*

3-1. Клирингілік сессияның нәтижелері бойынша клирингілік есептерді алғаннан кейін клирингілік қатысушылар есептерде көрсетілген ақпаратты өз бетінше салыстырып тексереді және аталған ақпаратқа ескертулер болған кезде, Биржаға осындай ескертулерді жібереді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген).*

3-2. Клирингілік қатысушылардың ескертулерімен келіскен жағдайда Биржа клирингілік сессияның нәтижелері бойынша клирингілік есептерде анықталған сәйкессіздіктерді тиісті түрде жояды және клирингілік қатысушыларға түзетілген клирингілік есептерді жібереді.

Бұл ретте есепті қалыптастырудың неғұрлым кешірек күні мен уақыты бар клирингілік сессияның нәтижелері бойынша клирингілік есеп дұрыс есеп болып саналады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

4. Биржа Ұлттық Банкке ұсынады:
  - 1) күнделікті – клирингілік қатысушылардың нетто-талаптары мен нетто-міндеттемелері туралы жиынтық есеп;
  - 2) ай сайын:

Биржаның қатысушылары туралы есеп;

клирингілік қызмет көрсетуге Биржамен қабылданған, қаржы құралдары туралы есеп;

мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін тиісті орындамайтын, клирингілік қатысушылар туралы есеп.
5. Осы баптың 1-4 тармақтарында белгіленген, есептерді ұсыну шарттары мен тәртібі, сондай-ақ нысаны осы Ережелермен және басқа да Биржаның ішкі құжаттарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық



актілерімен анықталған *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*

**55 бап. Ақпараттарды жинау, өңдеу және сақтау тәртібі**

1. Күнделікті клирингілік жүйесіне сауда-саттық жүйесінен қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер туралы ақпараттар келіп түседі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*
2. Сауда-саттық жүйесінен алынған, жасалған мәмілелер туралы барлық ақпарат клирингілік жүйесінде сақталып, күнделікті резервтік көшірмесін жасауға жатады.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген, ақпараттардың резервтік көшірмелері заңсыз рұқсаттамадан қорғалып, Биржаның резервтік техникалық орталығында жаңартылған көшірмелермен ауыстырылғанға дейін сақталады.

**56 бап. Клирингілік қызметті жүзеге асырғанда алынған, ақпараттарды пайдалану тәртібі**

1. Биржа қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асырғанда алған, ақпарат инсайдерлік ақпаратқа жатқызылаты.
2. Инсайдерлік ақпаратты пайдалануды бақылау жүргізудің тәртібі "Инсайдерлік ақпаратты ішкі пайдалану ережелері" атты Биржаның ішкі құжатында анықталған.

**57 бап. Клирингілік алымдар**

1. Биржа қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клиринг жүргізгені үшін клирингілік алымдарды алады.
2. Клирингілік алымдардың мөлшерлемелері, сондай-ақ клирингілік қатысушыларды оларды төлеу тәртібі мен мерзімі "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы қағида" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленген.
3. Осы Ережелердің 19 бабының 3-1 тармағында анықталған жағдайларда орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелерді реттеу мақсатында Биржамен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік алымдардың күші жойылуы мүмкін *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 28 наурызындағы шешімімен енгізілген).*

**58 бап. Тұжырымды қағидалар**

1. Осы Ережелерге өзгертулер мен толықтыруларды уақытылы енгізуге клирингілік бөлімше жауапты болады.
2. Осы Ережелер қажетіне қарай, бірақ кемінде үш жылда бір рет, актуалдыланып тұруға жатады.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.

Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері

---

---

Қаржы құралдарымен  
жасалған мәмілелер  
бойынша клирингілік  
қызметті жүзеге асыру  
ережелеріне

**1 қосымша**

*(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен алып тасталған)*

Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелеріне

**2 қосымша**

*(Осы қосымма Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі, 2020 жылдың 29 маусымындағы және 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

[фирмалық бланкіде, өтініштің шығыс нөмірі мен күнін көрсетіп]

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Клирингтік қатысушының клирингтік шотына қатысты сауда-саттыққа уәкілетті қатысушыны тағайындау туралы**

**Ө Т І Н І Ш**

Осы өтінішпен **[клирингтік қатысушының толық атауы]** (бұдан әрі – клирингтік қатысушы) "Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан төменде көрсетілген тізімге сәйкес клирингтік қатысушының клирингтік клиенттік кастодиандық шоттарына (бұдан әрі-клирингтік шоттар) қатысты сауда-саттыққа уәкілетті қатысушылар тағайындауды және клирингтік қатысушы клиенттерінің мүдделерінде мәмілелер жасасу үшін ашылған, 2-ші деңгейдегі СКШ-мен жасалатын мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелерді қамтамасыз ету және орындау үшін тиісті клирингтік шоттарды пайдалана отырып, оларды сауда-саттыққа уәкілетті қатысушының 2-ші деңгейдегі сауда – клиринг шоттарына (бұдан әрі-2-ші деңгейдегі ЖБШ) байланыстыруды сұрайды.

Клирингтік қатысушы

(ұйымның толық атауы)

- Осының алдында берілгенге қосымша
- Алдында берілгеннің орнына

Уәкілетті сауда-саттыққа қатысушы	Клирингтік қатысушының клирингтік шотының нөмірі

Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелері

---

---



[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[Инициалдары, тегі]

Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне

**3 қосымша**

*(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*

**Кепілдік жарнаны қайтару туралы**

**Ө Т І Н І Ш**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

(клирингілік қатысушының атауы)	Өтінішті берген күні
	Өтінішті берген уақыты

Жоғарыда аталған клирингілік қатысушы Биржадан осының алдында клирингілік кепілдік қорға аударылған кепілдік жарнаны келесі деректемелерге қайтаруды өтінеді:

Клирингілік кепілдік қорына аударылған кепілдік жарна (Керегін ✓ белгісімен белгілеу)	Қайтарылатын валютаның сомасы (цифрамен және жазбаша)	Банктік деректемелер
<input type="checkbox"/> деривативтер нарығы		
<input type="checkbox"/> қор нарығы		
<input type="checkbox"/> валюталық нарық		

[Бірінші жетекшінің лауазымы]

[қолы]

[Инициалдары, тегі]

[Бас бухгалтердің лауазымы]

[қолы]

[Инициалдары, тегі]

Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне

**4 қосымша**

*(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

**Қор нарығындағы клиенттік клирингілік шоттарға ерікті провайдер белгісін беру туралы**

**Ө Т І Н І Ш**

Осы өтінішімізбен "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамын (далее – Биржа) [мемлекеттік тіркеу (соңғы мемлекеттік қайта тіркеу) туралы анықтамасына (өзге құжатқа) сәйкес клирингілік қатысушының толық атауы] (бұдан әрі – Клирингілік қатысушы), Биржаның "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесі" атты ішкі құжаттарына сәйкес белгіленген SD дефолтын реттеу мөлшерлемесі бойынша, Биржаның қор нарығында орталық контрагенттің функцияларын атқарғанда, Биржаның "Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" ішкі құжатына сәйкес, Сату / Сатып алу бағытымен репо мәмілелерін орындау кезінде, жайғасымдарды ауыстыру мәмілелерін пайдалана отырып, оларды жасау үшін төменде көрсетілген тізімнен клиенттік сауда-клирингілік шоттарға қатысты ерікті провайдердің белгісін беруін сұраймыз.

Осы өтінішімізбен мәлімдейміз:

- Биржаның "Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері", "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесі" атты ішкі құжаттарына және Биржаның клирингілік қызметіне және орталық контрагенттің функцияларын орындауға қатысты өзге де ішкі құжаттарына сәйкес Биржа жүргізетін қор нарығының жосықсыз клирингілік қатысушыларының дефолттарын реттеу мақсатында ауыстыру мәмілелерін жасасу талаптарымен танысқанымыз туралы;
- клирингілік қызметке және орталық контрагенттің функцияларын орындауға қатысты Биржаның жоғарыда көрсетілген және өзге ішкі құжаттарында белгіленген барлық шарттармен және талаптармен сөзсіз келісетініміз туралы;
- төменде көрсетілген клиенттік сауда-клирингілік шоттарға қатысты алынған клиенттердің құжатпен расталған нұсқауларының болуы туралы.

**Жайғасымды ауыстыру бойынша мәмілелер жасау үшін пайдалану үшін клиенттік сауда-клирингілік шоттардың тізімі [кестені толтыру]**

№	Клирингілік қатысушының клиенттік сауда-клирингілік шотының нөмірі
1.	
2.	
3.	
...	



Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру  
ережелері

---

---

[Бірінші жетекшінің лауазымы]

[қолы]

[Инициалдары, тегі]

Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне

**5 қосымша**

*(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

### **Агрегацияланған сауда-клирингілік шоттың параметрлерін анықтау туралы Ө Т І Н І Ш**

Осы арқылы [клирингілік қатысушының толық атауы] (бұдан әрі –клирингілік қатысушы) "Қазақстан қор биржасы" АҚ мынадай агрегацияланған сауда-клирингілік шоттарға мынадай параметрлерді орнатуды сұрайды:

<b>Агрегацияланған сауда-клирингілік шоттың коды</b>	<b>Кепілді қамтамасыз етуді есептеу кезінде шоттарды агрегациялау ережесінің түрі <sup>2</sup></b>
XXYY000	

---

<sup>2</sup> Устанавливается правило: 1 - Полунеттинг, 2 - Неттинг.